



Республикалық оқу–әдістемелік журнал
Республиканский учебно–методический журнал



Редакцияның мекен жайы:
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40
«7 континент» БО, 15 қабат

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы
№ 9909- Жеке есепке қою туралы куәлік.
Жазылу индексі-75289



Қосымша білім және тәрбие

№1(5) 2025 жылғы наурыз



Педагогтердің кәсіби деңгейін көтеру жолдары Жарменова Г.С.3	Современные подходы к активизации познавательной деятельности учащихся основной школы на уроке географии Кадирова Г.Т.68
«English through Movies and Songs» Фильмдер мен әндер арқылы ағылшын үйрену: тыңдау дағдыларын дамыту Ахметова З.Д.4	«Роль художественного труда в формировании творческих способностей учащихся» Калиев С.С.71
Күнделікті қарым-қатынасқа арналған сөздік қорды кеңейту Байділдаева Қ.Д.9	Дарынды оқушылардың кәсіби бағдарлануы, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы Кошметова А.Т., Шалабаева А.А.74
Контекстік есептер оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту тәсілі Ахмедия А.Ш.10	Математикалық сауаттылықтың өмірдегі маңызы Кудайбергенова Ж.К.78
Логика әлемінде Баязова Д.Ж.13	Химия сабағын оқыту үрдісінде скаффолдинг әдісін қолдану Кудерина Ш.А.81
Тарих пәнінен терминологиялық сөздік Бейсетаева А.Қ.14	Развитие навыков анализа текста на уроках русского языка и литературы на примере произведения Ю. Домбровского «Хранитель древностей» Уразакова Г.Т.86
Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру Бекпанова Б.Т.17	Ғылыми зерттеу жобаларының оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және академиялық әлеуетін арттырудағы потенциалы Қожантаева А.Г.90
«Логика әлемі» Досманова Қ.Т.18	Проектная деятельность как средство развития познавательной активности школьников на уроках музыки Литвин С.А.94
Қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің ерекшеліктері Ешпенхан Б.20	Сергектікке баулитын ойын Нургалиев К.К.97
Развитие речи и грамотности младших школьников в процессе учебной деятельности Марковская Д.С.24	«Алаш зиялыларының саяси қызметін саралауда функционалдық сауаттылық тапсырмаларының маңызы» Орынбасарова Э.О.99
«Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын тиімді қолдану тәсілдері» Махидова Р.Ж.26	Альфа ұрпағы: бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасау жолдары Рахимжанова А.С.103
Python бағдарламалау тілінің практикумы Молладосова А.М.27	Бастауыш сыныпта көркем жазу: баланың шығармашылық дамуына жол ашу Саметова А.А.106
Мәтінмен жұмыс Нургужина К.М.32	Оқушыларға заманауи қауіпсіздік технологияларын қолдануды үйрету Сансызбаева А.Б.109
«Русский язык с увлечением: играя, учимся и развиваемся — начальная школа» Олишевич Г.И.33	Онлайн платформалар арқылы ағылшын тілін оқытудағы стратегиялардың әсері Сапарходжаева А.П., Буйраева Ж.А.111
«Ғасырлар жырлайды» авторлық бағдарламасы: ұлттық мұра және тәрбиелік маңызы Сабырқұлова Ә.А.36	Ағылшын тілі сабағында дебат элементтерін қолдану Ахметбекова Д.Ж., Сапарходжаева А.П.113
Волшебный мир литературы: от сказок к мудрости Сандалюк Е.С.40	Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығын арттырудағы жасанды интеллект рөлі Тулбақан Е.117
Использование литературных произведений И.Алтынсарина в начальной школе Фахрутдинова Р.Ж.42	Білім мен дағдылар: мектепте бағдарламалауды үйренудің пайдасы Түлегенова Ж.Н.120
Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталған Батырғалиева Ш.Х.44	«Құндылықтарға негізделген мысалдар мен тәмсілдер» факультатив бағдарламасының өзектілігі мен әдістемелік негізі Узбен А.123
Ағылшын тілі сабағында оқушылардың грамматикалық дағдысын интернет ресурстары арқылы дамыту Ақпишева А.С.48	Бастауыш сынып оқушыларының жасырын қабілеттерін ашуда математикалық логиканың рөлі Куссева Ф.К.127
«Менің келбетім-тағамымның көрінісі, оқу үлгерімімнің кепілі» Дұрыс тамақтанудың оқушылардың оқу-үлгеріміне әсері Аманкулова Ж.Н.52	«Қызықты қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешен 2-сынып Медеуова Б.С.129
Бастауыш 4-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары Аубакирова А.М.56	Сәндік-қолданбалы өнердің ерекшеліктері Сейдахметова Ж.М.130
Бастауыш сынып оқушыларын көркем жазуға үйрету Дуйсебекова Г.Т.59	Адам және табиғат: үйлесімді даму жолы Нысанбаева С.Ж.132
Практикум «Русский язык во внеурочное время» для 2 класса Жумабаева Д.К.61	Применение цифровых технологий для развития функциональной грамотности Хамитова Д. Ф.133
Қосымша білім берудегі инклюзивті оқыту Ибраева Ж.Ж.64	
Бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәндерін оқытудың маңызы Искакова М.Т., Кутеева К.К.65	



Меншік иесі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

Редакциялық кеңес:

Садвакасова Д.Т., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББОӘО директордың м.а.
Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.
Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.
Ерубайева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.
Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.
Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

Шығарумен жұмыс жасағандар:

Бас редактор – Атажанова Л. А.
Жауапты редактор – Сарсекеева Г. С.
Дизайн – Хұрмет К. Х.

Редакцияның мекен-жайы: Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-75-88, e-mail: kosymsha20@bk.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

Жазылу индексі – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.



ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ

Астана қаласы әкімдігінің
«№83 мектеп-гимназиясы» директоры
Жарменова Гульмира Сергазиевна

Педагог қызметтік жұмыс барысында өзінің кәсіби даму деңгейін үздіксіз көтеріп отыруға мүмкіндігі бар және сол тұрақты қажеттілікке ие болуы тиіс. Кәсіби педагогикалық дамудың әртүрлі кезеңдері кәсіби құзіреттіліктің әртүрлі деңгейлеріне сәйкес келеді. Мұғалімнің қызметтік іс-әрекетінің деңгейі неғұрлым жоғары және тұрақты болса, оның кәсіби даму деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы, оның жүріп өткен жолы туралы айтатын болсам, ол мынадай іс-әрекеттерге негізделуі тиіс:

- 1) Жаңартылған орта білім беру мазмұны бейіні бойынша курстардан өту;
- 2) Жаңа технологияны қолдану және мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ететін желілік қоғамдастықта тәжірибе алмасу, жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- 3) Пәндік құзыреттілікті артыру үшін өткізілетін олимпиадаға, конкурстарға қатысу;
- 4) Жинақталған іс-тәжірибесін тарату;
- 5) Ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа араласу;
- 6) Өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға).

Іс-әрекеттер:

1. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауда біліктілікті арттырып отыру қажет. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7 бабында педагог үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға құқылы екендігі көрсетілген. Жаңартылған орта білім беру маз-мұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Әсіресе, ұстаз өз пәнін жетік біліп тұрса, жаңашылдықты қолдана отырып оқушылармен бірлесіп жұмыс істей білу, бір-бірінің пікірімен санасу, ынтымақтастық ортада жұмыс жасау сияқты қабілеттерді үйреткенде, ондай мұғалімнің кәсіби шеберлігі арта түседі.

2. Мұғалімдер бірінші кезекте көшбасшылық, қоғамдастық, коучинг, мониторинг, Lesson Study, кері байланыс, формативті және суммативті бағалау, іс - әрекеттегі зерттеу т.б. жаңа ұғымдармен танысуы керек. Бұл арқылы топпен бірлесе отырып жұмыс істеуге, өз білгенін практикалық және теориялық тұрғыдан дәлелдеуді үйренеді. Уақытты тиімді пайдаланатын, проблемаларды шешу жолдарын бірге іздестіретін және идеяларын ортаға салатын мұғалімдердің құнды пікірлерін тыңдау маңызды. Педагог өз тәжірибесін заман ағымына сай үнемі жетілдіріп отыруы шарт.

3. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы негізінде педагогтің немесе оқушысының уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес конкурстарда немесе олимпиадаларда немесе жарыстарда деңгейіне сәйкес жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы болуы педагогтің кәсіби деңгейінің айқын көрінісінің бірі.

4. Мектепке дейінгі және орта білім саласының Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы бекітетін сараптамалық кеңес туралы ережеге сәйкес педагог өзінің тәжірибесін жинақтап аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және республикалық деңгейінде таратуға құқылы. Ол үшін педагогтер әр деңгейдегі сараптамалық кеңес ережесімен

толық танысу қажет. Оның ішінде педагог өз тәжірибесі негізіндегі зерттеу нәтижесінде ережеге сай жинақталған іс-тәжірибенің, яғни, жұмысының өзектілігіне, ғылымилығына, жаңашылдығына, жұмыстың әрбір нәтижесінің, түйіндері мен дәйектілігінің деңгейіне аса мән бере отырып жасауы керек.

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіре отырып білім саласындағы әдістемелік жұмысты жаңарту жұмысына белсене араласуы қажет.

6. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 15 бабына сәйкес педагог өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға міндеттілігін ұмытпағаны жөн.

Педагог үшін кәсіби даму – бұл білім саласында жүйелі жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгеру арқылы өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді шеше алуы. Кәсіби маманға айналу, тұлғаның ауқымын арттыру барысында мұғалім өзінің жеке қасиеттеріне сәйкес жағдайларды дамыту, өзгерту, түрлендіру факторы ретінде көбірек әрекет етеді. Яғни, кәсіби маманның өзі саналы түрде кәсіби өмірбаянын өзгерте алады, өзін-өзі дамытумен, қызметінде өзін-өзі жетілдірумен айналысуы тиіс. Педагогтың кәсіби шеберлігі бұл кәсіби өзін-өзі жетілдіру мотивациясынан, жедел, жеке ресурстардан тұратын жүйелі білім беру болып табылатын болса, онда Ұстаздың жүйелі түрде өзін-өзі кәсіби жетілдіруі, өз бойындағы тұлғалық қасиеттерді нығайтуымен маңызды.

«ENGLISH THROUGH MOVIES AND SONGS» ФУЛЬМДЕР МЕН ӘНДЕР АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ҮЙРЕНУ: ТЫҢДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

**Ахметова Забира Джумадильевна
Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп гимназия
Ағылшын тілі мұғалімі**

Ағылшын тілі біздің өмірімізде үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта, қазіргі заманғы байланыс және телекоммуникация құралдарын, әсіресе Интернеттің дүниежүзілік компьютерлік желісін дамыту шапшаң қарқынмен жүріп жатқан кезде, өмірге спутниктік теледидар кеңінен кіреді, шетелде демалу, оқу және жұмыс істеу, сондай-ақ шетелдік фирмалармен ынтымақтастық жасау мүмкіндігі пайда болады, ағылшын тілін білу қазіргі адам үшін жай ғана қажетті болып отыр. Ағылшын тілі - ақпарат ғасырының тілі. Компьютерлер бір-бірімен ағылшын тілінде сөйлеседі. Әлем бойынша 200 млн. астам компьютердегі барлық ақпараттың 80% астамы ағылшын тілінде сақталады. Барлық халықаралық телефон сөйлесулерінің сексен бес пайызы ағылшын тілінде, сондай-ақ әлемдік почтаның, телекстер мен жеделхаттардың төрттен үшті сияқты жасалады. Компьютерлік бағдарламалардың нұсқаулары мен бағдарламалардың өздері жиі тек ағылшын тілінде болады. Бір кездері ғылым тілі латын, неміс болса, бүгінде барлық ғылыми жұмыстардың 85%-ы алдымен ағылшын тілінде жарияланады. Әлемдік техникалық және ғылыми мерзімді басылымдардың жартысынан астамы ағылшын тілінде шығады, ол сондай-ақ медицина, электроника және ғарыш технологиясының тілі болып табылады. Ағылшын тілінсіз интернетті ойлауға болмайды!

Бірнәрсені меңгеру адамның ерік-жігерімен тікелей байланысты. Егер адам әлдекімнің бақылауынсыз бірнәрсені үйренуге талпынысы болса, артық шығынсыз-ақ үйден білім алу арқылы мақсатына қол жеткізе алады. Тілді үйрену де дәл солай. Соңғы уақытта ағылшын тілі курстарының қала көшелерін қаптап кеткені сонша, қай жерде білім беру сапасының жоғары екенін дөп басып айту қиын. Дегенмен, курстарға баруға уақытыңыз бен қаражат жағдайы мүмкіндік бермесе, онда сізді ғаламтор ғана құтқарары анық. Онлайн сабақтардан бөлек, фильмдер мен сериалдардың өзі тілдік қорыңызды байыта түседі. Сонымен, тіл үйренуге аса қызығушылық танытып жүрген жандардан «Ағылшын тілін фильм арқылы үйренуге бола ма?»

Тыңдау дағдыларын дамытудағы фильмдер мен әндердің рөлі

Фильмдер мен әндердің ағылшын тілін үйретудегі әдістемелік артықшылықтары қандай? Ағылшын тіліндегі фильмдер мен әндердің көмегімен сөздік қорын кеңейтіп, грамматиканы жақсартуға, тілдің мәдени аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Әндер, фильмдер және телехикаялар арқылы шет тілдерін үйрену тиімді болуы мүмкін. Бұл әдістің кейбір артықшылықтары:

- Тыңдап түсіну жақсарады. Егер сіз күн сайын мұқият қарауға кемінде 10-15 минут жұмсаңыз, онда бірнеше айдан кейін сіз кейіпкерлердің сөз тіркестерін субтитрсіз де түсіне бастай аласыз.

- Сөздік қоры кеңейеді. Фильмдер мен сериалдарда көптеген сөздер бар, олардың кейбіреулері белгілі, кейбіреулері жаңа болады. Бұл ретте бейтаныс сөздер контексте естіледі - бұл оларды қолданудың ерекшеліктерін жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.

- Дұрыс айтылу қалыптасады. Кинода қандай да бір сөздердің айтылғанын, тілде сөйлеушілердің қандай интонациямен сөйлегенін естуге болады. Сонымен қатар, болашақта тілде сөйлейтіндермен қарым-қатынасты жеңілдететін акценттерді ажырата білуге болады.

Сабақтың заманауи формаларын белсенді оқытудың бір формасы ретінде қарастыруға болады. Бұл оқытудың тиімділігін, оқытудың түрлі құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, оқытудың барлық қағидаттарын біріктіру және практикада жүзеге асыру мүмкіндігін арттыру әрекеті.

1. Фильмдер мен әндерді тыңдау

Тыңдау арқылы сөздік қорын кеңейту, грамматиканы жақсарту, мәдени аспектілерді түсіну.

2. Тыңдалған контентті талдау

Мәтінді түсіну, негізгі ойды анықтау, талдау және қорытынды жасау.

3. Тілді практикалық қолдану

Тыңдаған контентті пайдаланып, әңгіме құру, сұрақтарға жауап беру, қысқаша эссе жазу.

4. Топтық және жеке презентациялар

Фильмдер мен әндер туралы талқылау, тұжырымдар жасау, презентациялар дайындау.

Қорытындылар

Сабақтың стандартты емес формаларын белсенді оқытудың бір формасы ретінде қарастыруға болады. Бұл оқытудың тиімділігін, оқытудың түрлі құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, оқытудың барлық қағидаттарын біріктіру және практикада жүзеге асыру мүмкіндігін арттыру әрекеті.

Ағылшын тілін үйрену тек қана күрделі емес, сонымен қатар, ересектерге де, балаларға да ұнайтын қызықты процесс болуы мүмкін.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

1. Добросклонская, Т. Г. Роль СМИ в динамике языковых процессов // Вестник Московского Университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2005. №3. С.38-54.

2. Аветисян, Н. Г. Язык СМИ как фактор развития языка // Вестник Московского Университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2002. №4. С.80-86.

3. <http://englex.ru/6-websites-for-learning-english-with>

4. <https://onlineschool-1.ru/blog/improving/>

КҮНДЕЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА АРНАЛҒАН СӨЗДІК ҚОРДЫ КЕҢЕЙТУ

Астана қаласы, Ыбырай Алтынсарин атындағы
№83 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Байділдаева Қымбат Дүйсенғазықызы

Аннотация

Бұл мақалада күнделікті қарым-қатынас үшін сөздік қорды кеңейтудің маңыздылығы, тиімді әдістері және тәжірибелік ұсыныстары қарастырылады. Зерттеуде тілдік дағдыларды дамыту үшін қолданылатын ғылыми негіздер мен заманауи әдістер талданған. Сөздік қордың деңгейі адамның қарым-қатынас сапасына және әлеуметтік, кәсіби жетістіктеріне тікелей әсер ететіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Мақалада сөздік қорды кеңейтудің когнитивтік процестерге негізделген әдістері — қайталау, контекст арқылы меңгеру, ассоциация қолдану және технологиялық құралдарды пайдалану әдістері тереңірек қарастырылған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінде күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөздік қордың ерекшеліктері, оның ішінде тұрмыстық лексика, эмоционалды сөздер мен тіркестердің рөлі сипатталған. Бұл жұмыс білім беру және тіл үйрету саласында маңызды тәжірибелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін. Әртүрлі жас топтарындағы тіл үйренушілерге ұсынылатын әдістер олардың тілдік қабілеттерін тиімді дамытуға бағытталған. Жалпы, мақала тіл үйрену процесін жеңілдетуге және күнделікті өмірде сөздік қорды белсенді қолдануға көмек көрсетуге арналған.

Кілт сөздер: сөздік қор, қарым-қатынас, тіл үйрену, когнитивтік процесс, сөздік кеңейту

Кіріспе

Әрбір мемлекеттің дамуы мен өркендеуі әлемде өз орнын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің құрылуына және даму жолына тікелей байланысты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Жас ұрпаққа үлкен жауапкершілік жүктеп отырмыз» деген сөзі осыған дәлел. Бұл тұжырым жас буынның қабілеттерін ашып, олардың іскерлігін арттырудың маңыздылығын көрсетеді. Өйткені, қазіргі әлемде адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен нәтижесіне байланысты анықталады. Заманауи ағымына тек білімді әрі білікті адамдар ілесе алады. Осы себепті біз қазіргі мемлекеттік стандарттарға сәйкес, жан-жақты дамыған, шығармашылық әлеуеті жоғары жеке тұлғаларды тәрбиелеуге ұмтылуымыз керек.

Қазіргі заманда жаңа технологияларды меңгермейінше, жан-жақты әрі білімді маман болу мүмкін емес. Заманауи әдістер мұғалімнің кәсіби, интеллектуалдық, рухани және адами сапаларын жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды игеру педагогтың өзін-өзі дамытуына, оқу процесін тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Мұғалімнің негізгі мақсаты – әр сабақты тартымды, мазмұнды және тиімді өткізу.

XXI ғасырда сауаттылық пен білімділік адамзат дамуының басты қозғаушы күші саналады. Ал оқушының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы, оның дүниетанымының кеңеюі мектеп қабырғасынан бастау алады. Қазіргі мектептерде оқыту процесі заманауи әдістер мен технологияларға негізделген. Сондықтан оқушының білім деңгейі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Қарым-қатынас адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сөздік қордың байлығы мен тілдік дағдылардың дамуы күнделікті өмірдегі тиімді қарым-қатынасқа әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып саналады. Бұл мақалада күнделікті қарым-қатынас үшін сөздік қорды кеңейту маңыздылығы, әдістері және ғылыми тұрғыда тиімді стратегиялары талқыланады.

Қазіргі әлемде ағылшын тілі — халықаралық қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады. Сондықтан мектеп оқушыларының ағылшын тілін еркін меңгеруі — заман талабы. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе теорияға негізделген, ал практикалық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Осыған

байланысты, «Қарым-қатынас үшін сөздік қорды кеңейту» бағдарламасы оқушылардың күнделікті өмірде қажет болатын сөздік қорын байытуға және оны іс жүзінде қолдануға бағытталған.

Бағдарлама қазіргі заманғы білім беру стандарттарына сәйкестендірілген және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған. Оның негізінде оқушылардың белсенді қатысуы мен тілдік дағдыларды шынайы жағдайларда қолдану қабілеттерін дамыту жатыр. Бұл мақалада бағдарламаның құрылымы, әдістемелік негіздері, сонымен қатар оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға әсері қарастырылады. Практикалық бөлімде зерттеудің негізгі нәтижелері көрсетіліп, олардың тиімділігі талданады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында әртүрлі әдістер қолданылды. Алдымен, әдеби шолу жүргізіліп, тіл үйрену мен сөздік қорды кеңейтуге қатысты бұрынғы ғылыми еңбектер мен зерттеулер талданды. Бұл әдіс сөздік қорды дамытуға қатысты теориялық негіздерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тіл үйренушілердің күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы бақылауға алынды. Олардың сөйлеу дағдылары, жаңа сөздерді қолдану деңгейі және қарым-қатынас сапасы зерттелді.

Сауалнама жүргізу зерттеудің маңызды бөлігі болды. Сауалнамаға әртүрлі жас топтарындағы, тіл үйрену деңгейлері әртүрлі адамдар қатысты. Сауалнама арқылы жаңа сөздерді меңгеру қиындықтары мен әдістердің тиімділігі бағаланды. Сонымен бірге, эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында қатысушыларға жаңа сөздерді меңгерудің бірнеше әдісі ұсынылды. Бұл әдістерге қайталау, контексте қолдану, ассоциация құру және технологиялық құралдарды пайдалану кірді. Әр әдістің тиімділігі қатысушылардың сөздік қорын кеңейту жылдамдығы мен есте сақтау деңгейіне қарай бағаланды.

Бағдарлама 34 оқу сағатынан тұрды және төмендегі әдістер қолданылды:

1. Интерактивті әдістер: рөлдік ойындар, сөздік ойындар, топтық талқылаулар. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттырып, шынайы қарым-қатынас жағдайларын модельдеуге мүмкіндік берді.

2. Тақырыптық модульдер:

1. Күнделікті жағдайларға арналған сөздер;

2. Саяхат және демалыс лексикасы;

3. Цифрлық әлем және технологиялар терминдері.

3. Практикалық тапсырмалар: оқушылар диалог құру, әңгіме жазу және нақты өмірдегі жағдайларды модельдеу арқылы жаңа сөздерді қолданды.

Зерттеудің әдістемесі аралас тәсілге негізделді: сандық (тест нәтижелері) және сапалық (сауалнамалар мен бақылау нәтижелері) деректер жинақталды. Бағдарлама басталар алдында және аяқталғаннан кейін оқушылардың білім деңгейі тест арқылы бағаланды. Сонымен қатар, олардың сабақ барысындағы белсенділігі мұғалімнің бақылауы арқылы зерттелді. Сонымен қатар, оқушылардан сауалнамалар арқылы бағдарламаның тиімділігіне қатысты пікірлер алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Қайталау принципінің тиімділігі: Қайталау жаңа сөздерді есте сақтаудың негізгі әдістерінің бірі ретінде анықталды. Зерттеу барысында қатысушылардың 80%-ы бұл әдісті тиімді деп тапты. Олар қайталау арқылы жаңа сөздерді ұзақ мерзімді жадыда сақтай алатынын айтты. Мысалы, күн сайын жаңа үйренген сөздерді бірнеше рет қайталау олардың күнделікті сөйлеуінде автоматты түрде қолданылуына алып келді.

Контекст арқылы меңгеру: Жаңа сөздерді контексте қолдану олардың мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қатысушыларға жаңа сөздермен сөйлем құру тапсырмасы берілді. Бұл әдіс олардың ойлау қабілетін дамытуға көмектесті және сөздерді жаттау процесін жеңілдетті. Қатысушылардың 70%-ы бұл әдісті күнделікті қарым-қатынаста тиімді қолдана алатынын айтты. Мысалы, дүкенде сауда жасау немесе қоғамдық көлікте сұрақ қою барысында жаңа сөздерді қолданып, өзара әрекеттестіктің жақсарғанын байқады.

Ассоциация қолдану: Ассоциация құру жаңа сөздерді есте сақтауда өте тиімді болып шықты. Қатысушыларға жаңа сөздерді белгілі бір бейнелермен, эмоциялармен

немесе өмірлік жағдайлармен байланыстыру ұсынылды. Нәтижесінде, олардың есте сақтау қабілеті 60%-ға артты. Бұл әдісті қолданғандар жаңа сөздерді еске түсіру кезінде оларды байланысты бейнелер арқылы оңай есіне түсірді.

Мобильді қосымшалар: Duolingo, Memrise, Anki сияқты мобильді қосымшалар сөздік қорды кеңейтудің қосымша құралы ретінде кеңінен пайдаланылды. Қатысушылардың 90%-ы бұл қосымшаларды пайдалы деп бағалады. Олар интерактивті жаттығулар мен ойын түріндегі тапсырмалар арқылы жаңа сөздерді жылдам меңгергендерін айтты. Сонымен қатар, аудио және видео материалдарды тыңдау сөздердің дұрыс айтылуын үйренуге көмектесті.

Топтық жұмыстар: Қатысушылардың арасында топтық жұмыс арқылы жаңа сөздерді меңгеру әдісі жоғары нәтиже көрсетті. Олар диалогтар құрып, жаңа сөздерді бір-біріне түсіндіру арқылы өз білімдерін тереңдете түсті. Бұл әдіс әсіресе оқушылар мен студенттер арасында танымал болды.

Зерттеу нәтижелері бағдарлама оқушылардың ағылшын тіліндегі сөздік қорын кеңейтуде жоғары тиімділік көрсеткенін дәлелдеді. Бағдарлама алдында және кейінгі тест нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері төменде ұсынылған:

Бағдарламаның тиімділігі: Сөздік қорды кеңейту



Бағдарлама оқушылардың шынайы өмірде қолдануға қажетті сөздік қорын арттырғанын көрсетеді. Диаграмма нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың сөздік қорын пайдалану және еркін қарым-қатынас жасау қабілеті айтарлықтай жақсарды. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың 90%-ы бағдарламаның қызықты және пайдалы екенін атап өтті. Оқушылардың көпшілігі сабақтарда қолданылған интерактивті әдістердің олардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырғанын мойындады.

Бағдарлама оқушылардың келесі дағдыларын дамытуға ықпал етті:

- Сөздік қорды кеңейту: жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау және қолдану.
- Шынайы қарым-қатынас: нақты өмірдегі жағдайларда диалог құру.
- Тілдік сенімділік: ағылшын тілінде өз ойларын еркін жеткізу.

Қорытынды

Күнделікті қарым-қатынасқа арналған сөздік қорды кеңейту — адам өмірінің әр саласында жетістікке жетудің маңызды элементі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қайталау, контексте қолдану, ассоциация құру, технологиялық құралдарды пайдалану және топтық жұмыстар жаңа сөздерді меңгерудің тиімді әдістері болып табылады. Бұл әдістерді күнделікті өмірде қолдану тілдік дағдыларды дамытуға және қарым-қатынас сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар мен интерактивті

платформаларды пайдалану сөздік қорды кеңейтудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Тіл үйренушілерге ұсынылатын басты кеңес — жаңа сөздерді күнделікті тәжірибеге енгізіп, оларды үздіксіз қолдану. Осылайша, тілдік дағдыларды жетілдіру күнделікті өмірдің маңызды бөлігіне айналады.

Қорытындылай келе, оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен ізденуге ынталануын қамтамасыз ету білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Өз тәжірибем көрсеткендей, сабақтың сапасын жақсарту және оқушыларға терең білім беру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың рөлі зор. Сабақтың тиімділігі мен нәтижелілігі оның алға қойған мақсаты мен қол жеткізген нәтижесінің үйлесімділігінен көрінеді. Мұғалім мен оқушының бірлескен әрекеті нақты мақсатқа бағытталған кезде ғана табысты нәтиже бере алады. Бұл үдерістегі жетістік қолданылатын әдістердің, оқу материалдарының ұйымдастырылуының, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби білімі, тәжірибесі мен шығармашылық ізденісінің деңгейіне тәуелді. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім ізденісте болғанда ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Сондықтан мұғалімнің үздіксіз даму мен кәсіби шеберлігін жетілдіруі оқу процесінің сапасын арттырудың басты шарты болып табылады.

Қолданылған әдебиет тізімдері

1. Әбішев, Б. Қазақ лексикологиясы. Алматы: Ана тілі баспасы.
2. Әлімбаев, М. Қазақ тілі сөздігі. Алматы: Рауан баспасы.
3. Қорғанбаев, М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Білім баспасы.
4. Oxford, R. L. (1990). *Language Learning Strategies: What Every Teacher Should Know*. Boston: Heinle & Heinle.
5. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. (2001). *Approaches and Methods in Language Teaching*. Cambridge: Cambridge University Press.
6. Krashen, S. D. (1982). *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. Oxford: Pergamon.
7. Baker, M. – «In Other Words: A Coursebook on Translation»
8. Cambridge University Press – «English Vocabulary in Use» (Various Levels)
9. Collins, P. – «Collins Easy Learning English Vocabulary»
10. Crystal, D. – «English as a Global Language»
11. Harmer, J. – «The Practice of English Language Teaching»

КОНТЕКСТІК ЕСЕПТЕР ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ТӘСІЛІ

Ахмедия А.Ш.

Аңдатпа. Мақалада математикалық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудың тиімді жолдарының бірі ретінде контекстік тапсырмаларды пайдалану қарастырылады. Мақалада сонымен қатар математикалық сауаттылық пен функционалдық сауаттылық арасындағы байланыс қадағаланады. Математикада контекстік есептерді қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары, олардың функциялары мен ерекшеліктері көрсетілген.

Тірек сөздер. Мәтінмәндік тапсырмалар, математикалық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, тәжірибеге бағытталған тәсіл.

Аннотация. В статье рассматривается использование контекстных задач как один из эффективных способов формирования и развития математической грамотности. Также в статье отслеживается связь между математической грамотностью и функциональной грамотностью. Указаны преимущества и сложности в использовании контекстных задач в математике, их функции и особенности

Ключевые слова. Контекстные задачи, математическая грамотность, функциональная грамотность, практико-ориентированный подход.

Annotation. The article discusses the use of contextual problems as one of the effective ways to form and develop mathematical literacy. The article also traces the connection between mathematical literacy and functional literacy. The advantages and difficulties in using contextual problems in mathematics, their functions and features are indicated.


Keywords. Contextual problems, mathematical literacy, functional literacy, practice-oriented approach.

Күн сайын біз математикалық білімді қолдануды қажет ететін әртүрлі есептерді шешуге тап боламыз. Қазіргі білім беру жағдайында математиканы өмірлік жағдаяттарда қолдану пайдалы дағды ғана емес, табысты оқу мен еңбек етудің міндетті дағдысына айналады.

Математикалық сауаттылық оқушыларға берілген есептерді шығарып қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауға, талдау жасауға мүмкіндік береді.

«Математикалық сауаттылық» ұғымына көшпес бұрын, «функционалдық сауаттылық» ұғымын түсіну қажет. Функционалдық сауаттылық, 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген ұғым, кең мағынада кез келген саладағы білімді нақты өмірде пайдалануды білдіреді [1].

PISA зерттеулеріндегі математикалық сауаттылық «тұлғаның әртүрлі нақты контексттердегі есептерді шешу үшін математиканы математикалық негіздеу, тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті» ретінде тұжырымдалған [2]. 1-суретте математикалық сауаттылық диаграммасы көрсетілген, онда мыналар көрсетілген: контекст, іс-әрекет түрлері, мазмұндық аймақтар



1-сурет – Математикалық сауаттылық және оның құрамдас бөліктері

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың бір жолы – контекстік тапсырмалар. Мәтінмәндік тапсырмалар – нақты жағдайға негізделген тапсырмалар.

М.Ц.Цыденованың мақаласын талдай отырып, автор балаларды математикаға оқытудағы үлкен мәселе сөзді іспен салыстыра алмау, яғни теориялық бөлім мен есептің шешімі арасында байланыс орната алмау екенін атап көрсетеді. Автор сонымен қатар контекстік есептерді құрастыру кезінде контекстік тапсырмалардың негізгі критерийі болып табылатын тәжірибеге бағытталған жағдай ғана емес, сонымен қатар тапсырманы тереңірек түсіну және дамыту үшін жетіспейтін немесе артық ақпараттың болуы маңызды деп санайды. зерттеу дағдылары [3] .

Е.М. Тасқаракованың мақаласында, автор контекстік тапсырмалардың бірқатар айрықша белгілерін анықтайды: маңыздылығы; шартты сюжет, ситуация жағдаят ретінде құрастыру; диаграммалар, кестелер, диаграммалар түрінде ақпаратты жиі көрсету; нәтиженің ауқымы; стандартты емес тапсырма құрылымы; артық, жетіспейтін және сәйкес келмейтін деректер; шешудің бірнеше жолы.

Автор сонымен қатар контекстік тапсырмалардың келесі классификациясын ұсынады; пәндік контекстік тапсырмалар, пәнаралық контекстік тапсырмалар, практикалық контекстік тапсырмалар. Тасқаракова Е.М. пәндік контекстік есептерді математиканың әртүрлі салаларының есептері, пәнаралық есептерді басқа пәндік салаға қатысты есептер, практикалық есептерді нақты жағдайды сипаттайтын есеп ретінде анықтайды [4].

Н.Н. Кулагиннің мақаласын талдай отырып, автор контекстік тапсырмалардың оқу, тәрбиелеу, дамыту, бақылау сияқты бірқатар функциялары бар екенін атап өтеді. [5].

1-кестеде функциялар мен олардың сипаттамасы берілген.

1-кесте

Контекстік тапсырмалардың функциялары

Функция	Сипаттама
<u>оқу</u>	<u>жаңа білім мен дағдыларды меңгеру</u>
<u>тәрбиелеу</u>	<u>дүниетанымын,</u> <u>танымдық</u> <u>қызығушылығын қалыптастыру</u>
<u>дамыту</u>	<u>ойлау</u> <u>кабілетін дамыту</u> (<u>талдау,</u> <u>бағалау,</u> <u>себеп-салдар</u> <u>байланысын</u> <u>орнату</u>)
<u>бақылау</u>	<u>пәндік білім мен дағдының даму</u> <u>деңгейін анықтау</u>

Контекстік тапсырманың мысалын қарастырайық.

Субұрқақтар Қайта өрлеу дәуірінде (XIV–XVI ғасырлар) үлкен танымалдыққа ие болды . Олар сәндік безендіру үшін де, ауаны салқындату және ылғалдандыру үшін де қолданылған. Субұрқақты орналастыру эстетика мен симметрия себептері бойынша бақтың немесе сарайдың орталық бөлігінде орын алды.

Әлібек Ниязұлы ортасынан көгалдандырылған бақша мен сәндік субұрқақ салуды ұйғарды. Жоба бойынша бау-бақша алаңы тікбұрышты пішінді, яғни көгал, ал ауданның

ортасында дөңгелек субұрқақ болуы керек. Сюжеттің ұзындығы енінен 3 метр артық болуы керек. Бақша 180 шаршы метр аумақты қамтуы керек. Әлібек Ниязұлы сізден газонның көлемін және субұрқақтың параметрлерін есептеуге көмектесуіңізді сұрады.

Сұрақтар:

1. Көгалдың көлемін сипаттайтын квадрат теңдеуді жазыңыз.
2. Осы теңдеуді шешіңіз және көгалдың ұзындығы мен енін анықтаңыз (жауабын м, дм, см түрінде жазыңыз)
3. Субұрқақтың диаметрін табыңыз.
4. Көгалдардың ұзындығын өзгерту (мысалы, ұзындығы 2 метрге артса) субұрқақтың диаметріне қалай әсер ететінін анықтаңыз.

5. Көгал үшін қанша орын қалады?

Қосымша математикалық тапсырма:

1. Субұрқақты қоршау үшін қанша метр шекара қажет екенін анықтаңыз, егер бір метр шекараның құны 4500 теңге болса, бұл қоршау материалының жалпы құнына қалай әсер етеді.

2. Бақшаны көгалдардың шекаралары бойындағы бақша жолдарымен қосымша безендіру туралы шешім қабылданды (көгалдың ені 1 метр). Жолдардың ауданын және көгалдарға арналған қалған аумақты есептеңіз.

Бұл тапсырманы «Квадрат теңдеулер» тақырыбын өткеннен кейін, яғни 8-сыныптан бастап пайдалануға болады. Мұндай есептерді PISA, TIMMS, MODO және ҰБТ-ға дайындалу кезінде қолдану пайдалы.

Бұл тапсырма келесі функцияларды қамтиды: тәрбиелеу, өйткені оқушылар квадрат теңдеулерді құрастыруды және шешуді, фигуралардың өлшемдерін және аудандарын табуды үйренеді; даму, өйткені аналитикалық қабілеттері дамиды; бағалау, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін және дағдысын бағалауға мүмкіндік береді; тәрбиелеу, өйткені жауапкершілік пен жоспарлау дағдыларын дамытады.

Зерттелген мақалаларға сүйене отырып, контекстік тапсырмалар математикалық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудың маңызды құралы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Мұндай тапсырмалар оқуға деген ынтасын арттырады, талдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді және пәнаралық байланысты нығайтады. Дегенмен, оларды пайдалану және дайындау үшін көп уақытты қажет етеді, сонымен қатар бағалауда қиындықтар бар. Кішігірім қиындықтарға қарамастан, ол математиканы оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. ЮНЕСКО. Бас конференцияның баяндамалары. 20-сессия. Париж, 1978; Т. 1. Шешім. Қосымша 1. Париж, 1979 ж.
2. PISA 2012 бағалау және аналитикалық негіздеме: математика, оқу, жаратылыстану, есептерді шешу және қаржылық сауаттылық. OECD Publishing, 2013 ж.
3. Цыденова, М.Ц. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың шарты ретіндегі практикалық тапсырмалар / М.Цыденова // Якутияның халықтық білімі. – 2022. – No 1(122). – 43-46 б. – EDN EDASXJ.
4. Тасқарақова, Е.М. (2022). Оқытуда контекстік тапсырмалар жүйесін қолдану әдістемесі. Мұғалімнің альманахы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://almanahpedagoga.ru/servisy/publik/publ?id=36524> (қол жеткізу күні: 10/09/2024).
5. Кулагина, Н.Н. Орта мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын дамытудағы контекстік математикалық есептердің функциялары / Н.Н.Кулагина // Мектепте және университетте математиканы оқытудың инновациялық тәсілдері: IV Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция материалдары, Омбы, 15 наурыз, 2024. – Омбы: Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті, 2024. – 45-49 б. – EDN UVWNKR.

ЛОГИКА ӘЛЕМІНДЕ

Баязова Динара Жумабаевна
Астана қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде логикалық ойлау қабілеттерін дамыту ерекше маңызды болып отыр. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығын арттыру, олардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мәселені шешуде шығармашылықпен ойлауға үйрету – ұстаздардың басты міндеті. «Логика әлемінде» атты авторлық бағдарлама осы мақсатты жүзеге асыру үшін жасалған, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

«Логика әлемінде» авторлық бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, математикалық тапсырмалар арқылы олардың білім мен дағдыларын тереңдету. Бағдарлама оқушыларды пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға, математикалық ойлаудың стилін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, бұл бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Авторлық бағдарламаның басты міндеттері:

1. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.
2. Математика пәніне деген ынта мен қызығушылықты арттыру.
3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, зияткерлік деңгейін арттыру.
4. Шығармашылық тапсырмалар мен логикалық ойындар арқылы білім алушылардың қабілеттерін дамыту.
5. Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның ерекшеліктері

Бағдарламада оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың даму деңгейі ескеріле отырып, логикалық ойлауды дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылған. Оқу материалдары тек теориялық тұрғыдан емес, практикалық тұрғыда да беріледі. Әрбір сабақ оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға және олардың логикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. Есеп-жаттығуларды мазмұнды талдай білу. Оқушыларға әр есепті талдай білу іскерліктері ұсынылады. Бұл оларға шешімдер қабылдауды жетілдіріп, мәселені жан-жақты қарастыруға көмектеседі.

2. Сызбалар мен графиктік модельдер арқылы ойлау. Оқушылар есептің объектілерінің арасындағы байланысты көрнекі түрде бейнелеп, оны түсініп қабылдау қабілетін дамытады.

Бұл жаңашылдықтар оқушылардың логикалық ойлау деңгейін арттырып, математикаға деген қызығушылығын тереңдетеді. Сонымен қатар, бұл бағдарлама оқушылардың оқу барысында алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді, өйткені логикалық ойлау дағдылары кез келген жағдайда қажет болады.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту әдістері

Бағдарламаның жүзеге асырылуы барысында оқушылар түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, логикалық есептерді шешеді, өз шешімдерін дәлелдейді және дәлелдеудің әртүрлі тәсілдерін қарастырады. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беріледі, мысалы:

- Логикалық ойындар мен басқатырғыштар шешу.
- Математикалық есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу.
- Өз бетінше логикалық тапсырмаларды құрастыру.

Бұл әдістер оқушылардың ойлау қабілетін дамытумен қатар, олардың математикалық

сауаттылығын арттыруға да мүмкіндік береді.

«Логика әлемінде» авторлық бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл бағдарлама оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыруға, логикалық тапсырмалар мен ойындар арқылы олардың шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға ерекше мүмкіндік береді. Оқушыларға берілген есептер мен жаттығулар олардың танымдық қабілеттерін дамытып, өз ойларын жүйелі әрі дәлелді түрде жеткізуге үйретеді.

Бағдарламада қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, олардың логикалық ойлауын кеңейтеді. Есептер мен сызбалар, диаграммалар арқылы балалар тек сандық нәтижелерге ғана назар аудармай, талдау мен логикалық байланыстарды түсінуге, қателіктерді анықтап, түзетуге дағдыланады. Бұл қасиеттер баланың тұлғалық дамуына үлкен әсер етіп, олардың өмірде кездесетін қиындықтарға тиімді шешімдер қабылдауына көмектеседі.

Математика пәні арқылы логикалық ойлауды дамыту балаларды тек сабақтағы тапсырмаларды орындауға ғана емес, сонымен бірге өз бетінше ғылыми жұмыстарға, зерттеулер жүргізуге ынталандырады. Осылайша, «Логика әлемінде» авторлық бағдарламасы оқушыларды шығармашылық қабілеттерін ашуға, олардың интеллектуалдық деңгейін арттыруға, және болашақта еліміздің білікті мамандары болуға бағыттайды. Қорыта келгенде, бастауыш сыныптар үшін логикалық ойлауды дамыту, әсіресе математикалық пән арқылы, оқушылардың жалпы тұлғалық және интеллектуалдық дамуына зор ықпал етеді.

Бұл бағдарлама оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, оларды өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерді шешуге дайындайды. Сондықтан да логикалық ойлауды дамыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесінде аса маңызды болып қалуда.

ТАРИХ ПӘНІНЕН ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Астана қаласы Ы.Алтынсарин атындағы
№ 83 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі: Бейсетаева А.Қ

Оқушылардың білімге деген түрлі сұраныстарына байланысты мұғалімдер оқу бағдарламаларын құрастыруға немесе типтік оқу бағдарламаларын өзгертуге ниет білдіреді. Оқу бағдарламасы нормативтік құжат, сондықтан автордың жоғары білікті маман болуын талап етеді.

Авторлық оқу бағдарламасы - педагогикалық құндылық пен жаңалықтардан хабардар ететін авторлық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі. Ол оқу пәнінің білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жасалады. Авторлық бағдарламаның мазмұндық құрылымы мен тұжырымдамасы жалпы білім беру стандартына сай келуі тиіс.

Авторлық әдістемелік жүйені құрастыру процесі ұзақ уақытты қамтиды және нәтижесі тұлғаны дамытуға бағытталған. Авторлық бағдарлама мазмұнының негізінде әдістемелік жүйені құрудағы мұғалімнің өзіндік тұлғалық тәжірибесі мен оның қызметінің даралық стилі жатыр. Авторлық бағдарламаны құрастыру технологиясын ұстаздың педагогикалық қызметінің белгілі алгоритмі, автордың өз теориялық әдіснамалық ұстанымын негіздеуі мен таңдауынан тұратын технологиялық тізбек деп түсінуге болады:

Кез-келген бағдарламаның құрастырылуына қойылатын талаптар бар және кейбір міндетті атрибуттар болуы тиіс. Мектеп пәнінің кез-келгені бойынша авторлық бағдарлама жасауға болады. Менің қолымдағы бұл құрал тарих пәніне арналған терминологиялық сөздіктер, оқушыларға арналған көмекші құрал.

Терминология - өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің қоғамдық өмірдің т.б. саласына тән терминдердің жиынтығы. Ол өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің қоғамдық өмірдің өсіп- өркендеуіне сәйкес дамып, жетіліп отырады.

Терминологиялық сөздік әртүрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрі.

«Терминологиялық сөздіктер - құрамына қарай әр салаға қатысты терминдерді жинақтап, жүйелеп беруге ұмтылатын құрал. Сондықтан онда терминдер туралы мәліметтер нақты әрі сол ғылым саласындағы дефинициясына сәйкес берілуі тиісті. Былайша, терминологиялық сөздіктер арнайы бір ғылым саласына қатысты терминдерді барынша жинақтап, қамтып беруге тырысатын анықтағыш қызметін атқарады»

Қазіргі уақытта тарих терминдерін шашыраңқы дереккөздерден (энциклопедиялар, оқулықтар, анықтамалық кітаптар және басқа көздер) табуға болады, бұл көп уақытты және кітапханаға баруды қажет етеді, көбінесе бұл термин зерттелмеген болып қалады. Кейбір білім алушылардың қосымша материалдармен жұмыс істеу дағдылары жоқ және үлкен баспа басылымдарымен жұмыс істеу қиынға соғады. Кешкі мектеп жағдайында терминологиялық сөздікті құру негізделген және оқушыларға пәнді оқуға көмектеседі, оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Бұл терминологиялық сөздік мектеп бағдарламасының материалының терминдеріне жеткілікті түрде егжей-тегжейлі түсінік бере алады және оқушылардың көкжиегін кеңейтеді.

Версаль бейбітшілік келісімінің жетекшісі және 26 баптан тұратын өз жарғысы болды.

Лизинг-кымбат жабдықты одан әрі сатып алу мүмкіндігімен жалға алу. Мавераннахр-арабша атау (VII ғасырдан ба- стап) Амудария мен Сырдария өзендері арасында Самарканд, Бұхара және басқа да қалалармен.

Мамлюктер-құл болған жауынгерлер. Мысырдағы Аюбидтер әулетінің гвардиясы 1250жылы түркі және Кавказ халықтарының әскери тұтқындарынан құрылды. Қыпшақ тектес Аюбидтер әулетін құлатып, 1517 жылға дейін Египет пен Сирия- құрды. Манихейизм-III ғасырда пайда болған дін. Негізін қалаушы-уағыздаушы Мани (216-277). Манихейизм зороастризм мен христиандықтың синтезі болды.

Мардикар XVI-XVII ғасырларда шаруалар да, қала тұрғындары да тартылған суару каналдарын қазу, оларды тазарту, бекініс қабырғаларын, көпірлерді, жолдарды және т. б. салу және жөндеу бойынша мәжбүрлі жұмыстар. маңы тайпалары.

Медреселер-мұсылмандардың орта және жоғары оқу орындары. Массagetтер-сақтардың Сырдария және Арал катысты мегаполис. Ұсақ буржуазия өз еңбегімен өмір сүретін қалалық және ауылдық ұсақ меншік иелері (шаруалар, бұталар, қолөнершілер, ұсақ саудагерлер, ұсақ кәсіпкерлер). Оның қос жағдайына байланысты халықтың ең тұрақты бөлігі: иелері мен жұмысшылары.

Метрополия-колониясы бар мемлекет, оларға

Мешіт-мұсылмандық діни ғимарат; мұсылман ғибадатханасы.

Көші - қон-бұл елдер, аудандар, ауылдар арасындағы адамдар жасаған қозғалыстардың жиынтығы болып табылатын демографиялық процесс. Қоныс аудару. Халықтың көші - қоны-әдетте тұрғылықты жерін ауыстырумен байланысты адамдардың қозғалысы. Ол қайтарымыз (соңғы ауысыммен) болып бөлінеді тұрақты тұратын жері), уақытша (жеткілікті ұзақ, бірақ шектеулі мерзімге қоныс аудару), маусымдық (белгілі бір жыл кезеңдері). Сыртқы (елден тыс) және ішкі көші-қонды ажыратыңыз; сыртқы эмиграция, им- миграция; ішкі - ауылдан қалаға көшу, ауданаралық қоныс аудару және т. б. кейде көші-қонға маятниктік көші-қон жатады (жұмыс орнына тұрақты сапарлар немесе оқу орнынан тыс жерде).

Милитаризация-соғыс мақсаттарына бағыну (эко- номика, өнеркәсіп). Милитаризм-әскери күшті күшейту, қару-жарақты ұлғайту және әскери дайындықты жандандыру саяса- ты.

Мұнара - мешіттің жанындағы биік мұнара, онымен муаззин - мешіт қызметкері

- мұсылмандарды намазға шақырады.

Дүниежүзілік соғыс-капиталистік елдердің ықпал ету салалары, шикізат көздері және әлемдік үстемдік үшін қайшылықтарының күшеюінің нәтижесі.

Миришкар - хан аңшылығын ұйымдастыратын адамның лауазымы. Миссионер-дінді басқа дінмен халық арасында таратумен айналысатын адам.

Миссионерлік-белгілі бір дінді басқа діндердің жақтаушылары арасында тарату. Мистика-бұл Құдаймен «тікелей бірліктің» экстазында, сондай-ақ теологиялық жиынтықта тізбекті тәжірибе бар діни тәжірибе. Бұл тәжірибені негіздейтін және түсінетін философиялық ілімдер.

Мулла - арнайы рухани білімі бар мұсылман дінбасыларының қызметшісі. Кейде өзін-өзі үйрететін молдалар болды.

Мустье-орта палеолит мәдениеті. Бұл атау Францияның оңтүстігіндегі Ле Мустье үңгірімен байланысты, онда осы дәуірге қатысты материалдар табылды. Мустье-Соан-төменгі палеолит дәуірінің ұқсас мәдениеттерінің атаулары. Соан-Үндістан мен Пәкістан арқылы ағатын өзеннің атауы. Мыңбасы-қолбасшылығында мың болған моңғол-түркі әскери қолбасшысы атағы.

Найза-өткір темір ұшы бар найза, қазақ жауынгерлері қару-жарағының бес негізгі атрибуттарының бірі. Бунчук найзаға байланған- щетка жылқы шашы.

Наймандар - Орта жүздің қазақ руы.

Нар-бір өркешті түйе.

Ғылыми-техникалық революция (ФТР) - ғылымды жетекші факторға айналдыру негізінде өндіргіш күштерді сапалы қайта құру әлеуметтік өндірісті дамыту, тікелей өндірістік күш.

Ғылыми-техникалық прогресс-ғылым мен техниканың бірыңғай, өзара шартты, үдемелі дамуы. Ғылыми орталық (ФО) - әртүрлі ғылыми және басқа да ұжымдардың кооперациясын пайдаланатын ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру нысаны.

Жерді мемлекет меншігіне алу - жерді жеке меншіктен мемлекет меншігіне өтеусіз экспроприациялау арқылы немесе оның негізінде беру толық немесе ішінара сатып алу. Мемлекет меншігіне алу - жеке кәсіпорындар мен экономика салаларының өтеусіз экспроприация арқылы да, жеке меншіктен мәжбүрлеп айыру арқылы да, сатып алу (толық немесе ішінара) негізінде де мемлекет меншігіне өтуі, сондай-ақ кооперация кезінде ұсақ меншікті әлеуметтендіру. Ұлтшылдық-ұлттық мәселедегі идеология мен саясат, оның негізі ұлтты қоғамдастықтың жоғары құндылығы мен формасы ретінде түсіндіру болып табылады.

Неандерталь-мустье кезеңінің адамы. Ол өз атауын Германиядағы Неандерталь алқабындағы алғашқы табылыстардың біріне сәйкес алды. Несторианизм-христиандықта Византияда пайда болған ағым. Негізін қалаушы-Мәсіхті мойындаған Константинополь Патриархы Нестор адамның әлсіздігін жеңіп, Мәсіхке айналған адам. Қудаланған несториандықтар шығысқа қарай қоныстана бастады.

Терминологиялық сөздік пәнаралық байланысты үйлесімді ету, толықтыра түсуде көмекші құрал бола алады, білім алушылардың материалды толыққанды игеруіне септігін тигізеді, академиялық сөйлеу дағдысын қалыптастырады, тақырыптың өзектілігін түсінеді, тіл байлығы жетіледі, өз ойын қысқа мазмұнды, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игереді. Сөздік білім алушыларды өз бетінше жұмыс жасауға бейімдейді.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



**Астана қаласы әкімдігінің «Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Бекпанова Бағила Тұрсынбекқызы**

Бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі-оқушылардың бойында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Сөз мәдениетін меңгеруде басты міндеттердің бірі – оқушының бойында ұлттық ділді қалыптастыру болып саналады. Өйткені сөз сөйлеуді өнер тұтқан халқымыздың барлық ой-түйіндері оның шынайы халықтық болмысымен тікелей байланысты. Оқу сауаттылығы – оқушының жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Қазіргі уақытта оқушының бойындағы функционалдық сауаттылығы пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамытуға басты назар аударылады. Сөз мәдениеті оқушының өзіндік көзқарасының қалыптасуына, сол көзқарасы мен ой тұжырымдарын барлық уақытта мәдениетті жеткізе алуына, өмір жағдаяттарында өзіндік пайымдауларын шеберлікпен айта алуына негізделеді. Жеке тұлғаның қоғамда өз орнын алуында сөйлеу мәдениеті басты орында. «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы» [7, 256], – деп ғалым М. Балақаев мәдениет туралы түсінік береді. Соның ішінде сөйлеу мәдениеті мазмұны жағынан көркем, ғылыми, бай тіл. Сөз мәдениетіне қойылатын талаптар оқушының терең мазмұнды, жүйелі, дәйекті, мәнді сөйлей алу қабілетін ашу міндеттерімен ұштасады. Оқушыларды еркін әрі мәдениетті сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойды дәл жеткізуге баулу, қазақ тілінің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, әдемі әрі әуенді, үйлесімді әрі ұйқасымды сөйлеудің, жазудың үлкен өнер екенін көңіліне ұялату қазіргі кезде әлі де өзекті.

Сөз өнері мен мәдениеті, тілдік қарым-қатынас жасауды жоспарлауда сабақ мақсаттарының иерархиясы Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделіп сараланып құрылады. Сабақ мақсатынан күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін бағалау критерийлері құрастырылып, әрбір сабақ тақырыбы, ұсынылатын дидактикалық материалдар, мәтіндер мазмұны бойынша пәнаралық байланыстың негізі ашып көрсетілгені маңызды. Топтық, жұптық, жеке жұмыс түрінде берілген тапсырмалар арқылы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы құндылықтарға баулу мақсат етіліп, белсенді әдістер арқылы нәтижеге бағытталған тапсырмалар сабақ мақсатына сай реттілікпен ұсынылғаны жөн. Әр тапсырмадан соң оқушылардың оқудың қай сатысында тұрғандығын, жетістіктері мен оқудағы қиындықтарын анықтау үшін қалыптастырушы бағалаудың мадақ сөздері, бас бармақ, смайликте, жұлдызшалар арқылы бағалау, «Блум токсаномиясы», «ЖИГСО», «Синквейн», «Ойлан тап», «Сен маған- мен саған», «Түртіп алу», «жағасын тап», «Стикердегі диалог» әдістері топтық, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, мұғалімнің бағалауы жүргізіліп, тапсырмалар бойынша оқу нәтижелерін тексеруде критериалды бағалау қолданылу, жұмыстар оқушылардың оқуын өздері қадағалауға, бағалауға, сыныптасымен бірге жұмыс істеу дағдыларын және оқудағы қиындықтарды анықтап, оларды жеңу жолын іздестіруге ықпал етеді.

Оқушылардың зейінін шоғырландыру, логикалық байланыста, дәлелді сөйлеу шеберлігін шыңдау, шығармашылық ізденіске тарту үшін жеке жұмыс түріне деңгейлік, шығармашылық тапсырмалар ұсынылды. Тапсырмаларды оқу қажеттілігіне қарай саралауда әрбір оқушының ішкі уәжі ескерілді. Тапсырманы орындауда таңдауға мүмкіндік беру, өзін-өзі басқару, реттеуге орта жасау, алған білімін сыныпта және сыныптан тыс жерлерде қолдану, тапсырмалар танымдық және қызықты болуы ескеріліп, сабақ бойынша жасалған рефлексия негізінде келер сабаққа жоспарлау жүзеге асырылды.

Нәтижесінде оқушылар тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өз жұмыстарында сауатты қолданып, грамматикалық ережелер негізінде мәтінмен жұмыс істеп, сауатты талдау қолданып, бірігіп жұмыс жасайды.

Би – шешендердің сөздерін талдап, оқу арқылы жаңа ұғымдармен танысып, мақал-мәтелдерді орынды қолдана отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренуде оқушылардың шығармашылық қабілеті мен танымдық ой-өрісі шыңдалып, дамиды, өзіндік ой қорытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге дағдыланады.

Мәдениетті сөйлеуге төселген адам ғана бүгінгі бәсекелі заманда қоғамда өз орнын таба білетін, жұртпен бірлесіп жұмыс істей алатынын, жеке тұлға ретінде көпшілікті игі істерге жұмылдыра алатынына көз жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ұлттық энциклопедия, Алматы, 1999, №1. 2. Н.А.Оразахынова «Практикалық қазақ тілі» Алматы-2009. 3. Г.Рысбаева «Қазақ тіл: грамматикалық анықтағыш». 4. Н. Оралбаева, Т.Әбдіғалиева, Б.Шалабаев «Практикалық қазақ тілі» А. «Ана тілі» 1993. 5. С. Исаев, Қ.Назарғалиева «Қазақ тілі» А. «Рауан» 1996. 6. «Сауатты оқу-бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамға қатысу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалану, көрсету және жұмыс жасау». (PISA, 2009). 7. М.Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту»-Алматы, «Мектеп» 1989



«ЛОГИКА ӘЛЕМІ»

**Астана қаласы Ы.Алтынсарин атындағы №83
мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Досманова Қаншайым Тұрмантайқызы**

*«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі,
ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс»
К.Д.Ушинский.*

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан, математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қазақстан дамуының қазіргі кезеңі әлемдік тенденцияларға сәйкес мектептегі білім берудің жаңа басымдықтары белгіленді.

Мектептегі білім беру үрдісінде инновациялық бағытта жұмыс жасау арқылы оқушыға заман ағымына сай жаңартылған мазмұнда білім беру талап етілуде. Ендеше математика ғылымына қызығушылығы бар оқушының математикалық іс-әрекет сипатына сай логикалық ойлауын қалыптастыруда төмендегі мақсаттар жүзеге асырылуы тиіс: математикалық білімді тәжірибеде қолдану, өмірлік тәжірибеде математикалық ойлауды жүзеге асыруға баулу; математикалық мазмұнда ойлап, сөйлей алуы қажеттілігін іске асыру; сұраққа немесе есеп жауабына дәл (жылдам, сенімді және дұрыс) жауап беруге дағдыландыру.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету – математика сабағының басты міндеті. Пән мұғалімі оқу материалын оқушылардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырса оқушының ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Олай болса, оқушының ойлау дағдысын дамыта отырып оқуға бағытталған қолжетімді әдіс-тәсілдерді шығармашылықпен таңдауы тиіс. Бүгінгі математика пәні мұғаліміне қойылып отырған талаптардың бірі оқушыларға пәндік бағдарламадан тыс логикалық

тапсырмаларды үнемі орындату.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін алдымен, есеп-жаттығуларды мазмұнды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру керек. Екіншіден, сызба, графиктік модель, тірек сызбалар бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсініп қабылдауына бағыт беруіміз тиіс. Сонда ғана математика ғылымына ерекше қызығушылығы бар оқушының логикалық ойлау деңгейі кеңейеді. Оқу үрдісінде осындай іс-әрекеттер жүзеге асып, нәтижесінде шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де, ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын жеке тұлға қалыптасады.

Математика сабағында логикалық тапсырмалар көбіне сөз есептермен беріледі. Әр есепті шешу барысында логикалық ойлауды дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар. Математикалық есептердің өзі – логикалық ойлауды дамытудың керемет құралы болуы әбден мүмкін. Немесе, математикалық есепті логикалық тапсырмалар беру арқылы логикалық ойлаудың дамытуына бағыттауға болады.

Осы бағытта есептермен жұмыс жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануға болады:

1. Шығарылған есеппен жұмыс жасау керек. Көп оқушы қайталап талдағаннан кейін ғана есептің шешу жолын саналы түрде қабылдай бастайды. Қосымша уақытты талап еткенімен нәтижесі ауқымды.

2. Есепті әртүрлі тәсілмен шығару. Уақыт шектелмеу керек. Түрлі тәсілмен шығара білу – математикалық дамуының жоғары көрсеткіші. Сонымен қатар, басқа шешу жолдарын таба білу оқушының келешегінде де маңызды. Барлығына болмаса да қабілеті бар оқушыға жүктеген дұрыс.

3. Есептер талдау әдісінің дұрыс ұйымдастырылуы – сұрақтан немесе берілгеннен сұраққа.

4. Есепте айтылған жағдайларды суреттеп беру. Оқушылардың назарын есептің маңызды бөлшектеріне аудару. Ойша сол есепте айтылған жағдайға қатысу. Есепті мағынасына қарай бөлу, сызба, сурет арқылы мағынасын жеткізу, пішіндеу.

5. Оқушылардың өз бетінше берілген сөздерді, амалдарды қолданып есептер құрастыру.

6. Есептің сұрағын өзгерту

7. Есептің шешу жолын түсіндіру

8. Есептерді және олардың шешу жолдарын салыстыру.

9. Есептің дұрыс-дұрыс емес шешулерін талдап салыстыру

10. Қате шығарылған шешу бойынша есептің шартын өзгерту

11. Есептің шешуін аяқтау

12. Есептің қай сұрағы немесе қай амал артық екенін анықтау. Немесе сұрақпен, шешу амалымен толықтыру

13. Есептің шешуін тексеру амалдарын орындау

14. Ұқсас есептер құрастыру

Математика сабағында, сабақтан тыс жұмыстарда осы көрсетілген әдіс-тәсілдер бойынша ұйымдастырылып берілген логикалық тапсырмаларды, есептерді жүйелі түрде қолдану бастауыш сынып оқушыларының математикалық өрісін кеңейтеді және күнделікті өмірде математикалық білімдерін қолдана алатын болады.

Сөзімді түйіндей келе айтарым, математикалық сауаттылық – ойды қалыптастырудың негізі. Ол пән мұғалімінің жаңашыл педагогикалық ойлауына, жеке адамды дамыту құралы болып табылатын оқыту үрдісін қалыптастыруға және шығармашылық дамуына, кәсіби шыңдалуына негіз болады. Өйткені, пән негіздерін сындарлы оқыту пәндік құзыреттілікті арттырудың бірден бір жолы. Ал, оқушы құзіреттілігін дамыту педагогтың ең басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Тұрғынбаев «Логика» Алматы «Білім» 2022 жыл;
2. Е.Шаханов «Логикалық жаттығулар жинағы» Астана 2021 жыл;
3. Ж.Елшібаев «Зерек» Алматы «Өнер» 2022 жыл;
4. Е.Шаймерденұлы «Ақыл ой антологиясы» Алматы «Ана тілі»

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Астана қаласы «Ы.Алтынсарин атындағы
№83 мектеп-гимназиясы» тарих пәні мұғалімі: Ешенхан Б

Бұл мақаланы жазуға түрткі болған «Көшпенділердің рухани және материалдық мәдениетінің ерекшеліктері» атты элективті курс бағдарламам. Ғасырлар бойы ата бабаларымыздың өмірлік тәжірибесінен сұрыпталы бұл дүниеде ұлт болып қалыптасуымызға негіз болған, адами қасиеттерді өне бойымызға жыйнақтаған ұлттық код салт дәстүр, әдет ғұрпымыз. Көшпенділердің тікелей ұрпаға қазақ халқының өмірлік ұстанымы, табиғат анамен үйлесімдігі көрегендігі жайлы сөз болмақ. Соның ішінде «Көшпенділердің отбасы құрылымы және рухани тәрбиесі» тақырыбына тоқталатын болсақ, алдымен бүгінгі таңдағы «халық педагогикасының» немесе «ұлттық тәрбиенің» жай-күйі қалай еді дейтін заңды сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауап беру үшін, бүкіл Кеңес педагогикасы бағдар етіп ұстаған Г.Н.Волковтың “Этнопедагогика” атты ғылыми еңбегіндегі тұжырымға еріксіз тоқталуға тура келеді. Оның пікірі бойынша: “...Халық педагогикасы - ғылым емес, тек ғылыми педагогикаға шикізат, материал, өмірлік фактілер ғана бере алады. Оның біртұтас жүйесінің жоқтығын былай қойғанда, алымды идеяларды жетілдіріп отыратын қорытынды теорияларының болуы да мүмкін емес...” - деп тұжырымдайды.

Міне, бұдан халық педагогикасының ғылыми жүйеленбегендігін былай қойғанда, тіпті оның мазмұны мен мәніне, болысы мен негізіне ешуақытта да көңіл бөлінбегендігі анық байқалып тұр. Ендеше халық педагогикасының осыншама өгейлікке ұшырауының себебі не? Оның басты себебі, халық педагогикасы ғылыми пән ретінде танылмады. Ал, ол империялық саясаттың тікелей әсері еді. Мәселен, көне грек мәдениетінің соңғы екі ғасыры мен біздің эрамыздың сегіз ғасырын қамтитын Рим империясының әсерімен Еуропа елдерінің халық педагогикасы ғылыми жүйеленбей, оның орнына “классикалық педагогика” дейтін жасандылық дүниеге келді. Екінші, өзімізге тікелей қатысы бар орыс империясының әсерінен оның қоластында бодандықта болған жүздеген халықтың Ұлттық тәлім-тәрбиелері ғылыми дамудан мақұрым қалды. Сондықтан да ғылыми педагогика делінетін жасандылық қолдан жасалып, Адам баласы ең әуелі биологиялық индивид, сонан кейін ғана қоғамдық тұлғаға ауысатындығын даралауға рұқсат етілмеді. Себебі, генетика ғылымдарының заңдылықтары империялық саясатқа қайшы келетін еді. Жалпы, Империя атаулы бағынышты елдерінің ұлттық тарихын да, халықтық педагогикасын да... табанының астына салып, оның бой көтеруін ешуақытта қаламады. Өйткені, бұл екеуінен де, қай халықтың болмасын ұлттық санасы оянады. Ал Империя атаулыны күйрететін күш тек ұлттық сана екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық заңдылық...

Ендеше, уақыт талабы мен жаппай қаулап өмірге ене бастаған халық педагогикасын ғылыми түрде дамыту, оның қадау-қадау негіздерін айқындау қажет. Сол арқылы оның теориясын жасау, ғылыми байыптау, жинау, ғылыми жүйелеу де кезек күтіп тұрған жұмыс екені белгілі. Ең бастысы мәселенің негіздерін айқындау арқылы методологиясын да өзгерту қажет. Осылайша, ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің: “Халық педагогикасы жоқ жерде, педагогика ғылымы да жоқ, педагог та жоқ”, - деген тұжырымын есте ұстаған жөн. Көшпенділердің отбасы құрылымы және рухани тәрбиесі осыған негізделген.

Халық педагогикасының бастауы

Шын мәнінде адам ғұмыры бір-бірінің міндеттері екіншісіне жүктелмейтін физиологиялық кезеңдердің тізбегінен тұратындығы анық. Ол кезеңдерді шартты түрде:

1. Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы;
2. Ана құрсағындағы тоғыз ай...
3. Нәресте кезеңі;
4. Балбөбек кезеңі;

5. Сәбилік кезең;

6. Балағат кезеңі;

7. Кәмелеттік кезең, - деп міндетті түрде бөле-жара қарастырмаса болмайды.

Өйткені, әр кезеңнің өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтар ешқашан басқа кезеңдерге ауыспайды да және екінші бір кезеңге жарамайды да?! Міне, адам тәрбиесінің биологиялық индивид ретіндегі құдіреті күшті тылсым жұмбағы да оның өзіне тән сипатында жатыр.

Отбасын құруға дайындық немесе халық педагогикасының І-ші негізі

Отбасын құруға дайындық кезеңінде екі жастың өздері, сондай-ақ, олардың туыс-туғандары мен ата-аналары үш түрлі мәселеге ерекше көңіл бөлулері қажет.

1. Ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофонын көздің қарашығындай сақтау. Қандай да ағаттықтармен бұзып алмаудың қамы.

2. Отбасын құруға саналы түрде дайындалу арқылы ұрық тазалығын сақтау. Өйткені, ұрығында уланып туған ұрпақты түзеп алудың мүмкіншілігі жоқ. Оны адам түгіл, құдайдың өзі де жөңдей алмайды.

3. Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық.

Міне, осы үш мәселені қазіргі уақыт жағдайларымен салыстыра отырып талдау жасап көрейік. Бірінші мәселені яғни, ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофонын сақтаудың жай-күйі “қызыл империяның” саясатымен шын мәнінде құрдымға құлдырап бара жатқан еді. Дәстүр атаулының ішіндегі ең ұлттық ерекшелігі бар құндысы болып табылатын “...Жеті атаға дейін қыз алыспау...” өз мәнінен айырыла бастаған болатын. Қазір халық бұл дәстүрді сонау әл-Фараби мен Қорқыт замандарынан, яғни, IX-X ғасырлардан қалыптастырғандығы белгілі. Халқымыздың бұл дәстүрді ұстанғанына мінеки, он екі ғасырдай уақыт өткен екен. Сонда, бұл дәстүрдің құндылығы неде? Бұл сауалға жауап бергенде, ең әуелі салыстырмалы түрде XIX ғасырдың бастапқы кезінде ашылған бүкіл адамзат қауымының үлкен жаңалығы деп есептелінетін “Дарвинизм” ілімін еске алуға тура келеді. Оның ашқан “... табиғи сұрыптау...” атты жаңалығы, осынау халқымыздың “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрі мен тікелей сабақтасып жатқандығын ашып айтқан жөн. Оның үстіне басқа жер бетінде тұратын халықтарда мұндай дәстүрдің аса сирек кездесетіндігін айтпағанның өзінде, тіпті бір туыстас Түркі халықтары да “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрлерін қолданбайды. Қазақ халқына ең жақын деген қарақалпақ пен қырғыздар да ең ұзағанда, үш-төрт атадан аса алмайтындығы белгілі...

Міне, халқымыздың көптеген қасиеттерінің ішіндегі ең ұлағаттысының бірі осы. Оның мәнін ұқпағандықтан өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан айырыла бастаған жұртымыз, бірте-бірте мәңгірттену жолына ауысқандығын қадап айтқан жөн. Ана тілін білмейтін жұртымыздың 40 пайызы, сөз жоқ, “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрін олар не қажетіне жаратпақ. Тек ерекше атап айтуға тұрарлық жағдай, кең байтақ өлкеміздің шығысы мен батысы, түстігі мен терістігінің жіті араласуынан біздің халқымыз аса бір қолайлы жағдайда отыр. Егер осыны саналы түрде дамытып, “қыз алып, қыз берісуді” осындай кең өріске шығарсақ, онда жұртымыз бұрын- соңды көрмеген жаңғырудың құдіретін сезінеді. Халқымыздың генофоны мүлдем жаңғырудың жаңа биіктігіне көтерілер еді...

Екінші үлкен мәселе, яғни, отбасын құруға дайындық немесе ұрық тазалығын сақтау - аса қиын күйге душар болып отыр. Бұл халқымыздың дәл осы мәселені тереңдей түсініп мән бермеуінің салдарынан у ішкендей болып отырғанын батыл түрде айтуымыз қажет. Олар бүгінгі таңда отбасын құруға дайындық дегенде, тек материалдық жақтарын ескереді. Той жасарда арақ- шарап, ішімдіктің мол болуын қарастырады. Отбасын құру қуанышына жиналған жұрт есінен танғанша арақ-шарап ішуді қызық көреді. Бұл сәтте үй болғалы тұрған екі жас та құр алақан қалмайды. Олар да ішеді.

Той тарқағаннан кейін арақ ішкен екі жасты күтіп тұрған ақ төсектен уланған ұрпақ туады. Өйткені, күллі наркотикалық заттардың, соның ішіндегі арақ-шараптың адам ағзасындағы бірден барып уландыратын мүшелері ми қабаттары мен ұрық бездері екендігі

ғылыми түрде дәлелденген нәрсе. Адам ағзасына түскен арақтың 100 грамы ағзадан 7 күнде еркектің бойынан, 28 күнде әйелдің ағзасынан әрең шығып тазарады екен. Ал ЗАГС-ке тіркелгеннен кейінгі ай бойы ішілетін ішімдіктің зияндылығын немен салыстыруға болар екен? Ендеше ертеңгі өмірге келетін ибасыз қыздар, қатыгез ұлдардың көбеюіне кім кінәлі болады?!

Біздің ойымызша, келер ұрпақ алдында қауым болып қателесіп жүргендігімізді дер кезінде, уақыт өткізбей мойындағанмыз жөн. Өйткені, тіршілік заңы өте қатал. Оны нәпсісіне еріп бұзғандар, түбінде бір жапа шекпей қалуы мүмкін емес. Сондықтан да табиғат қойнауларында тіршілік ететін күллі жан иелері ұрпақ қамына кірісерде, тек судың тұнығын ішіп, шөптің асылын жеуге тырысады. Тіпті, олар өз бойларындағы арам тер мен артық майынан да арылуға арнайы уақыттарын жібереді. Ал, пендешілікпен шырмалған адам баласы, керісінше, ақылы мен парасатын әдейі уландыратындығын қалай түсінеміз? Біздің ойымызша, бұл масқара халден ел-жұрт болып тез арада тыйылуымыз керек.

Қазіргі дүниеге келіп жатқан нәрестелердің кейбірі ұрығынан бұзылып туатындықтан, көпшілігі жарық дүниені көрмей-ақ, өлі туып жатса, бірсыпырасының жаны шықпағанымен жарымжан күйінде тіршілігін бастаған болады. Ал қалған дұрыс туды дегендердің өздері де зейіндері мен зерделері таяз болып туатындықтан, олардың да жай-жапсарларын оқу-ағарту жүйелерінде істейтіндер жақсы біледі. Ендеше, бұл індеттен құтылудың жолын халық педагогикасының негіздерін де ел болып еркін шешіп алудың жолдарын қарастырған жөн.

Үшінші мәселе, яғни, Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластықтың қазіргі кездегі жай-күйі қалай екенін айтсақ, бұл мәселе де қатты дағдарыста екендігін аңғару қиын емес. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен жолы бойынша Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластық үлкен этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан өзара үндесіп жататынды. Ал, қазір ол үндестіктердің бұзылуының салдарынан, ата-ана баланы, бала ата-анасын түсіне алмайтын күйге ұшырап отыр. Соның кеселінен үлкен трагедияларға жиі ұшырап отырғанымызды жасыра алмаймыз. Жастардың бойындағы өзім білемдік ешбір сын көтермейтін жағдайларға жетіп отыр. Ендеше, ел басына түсіп, еңсесін езген осы кінәраттың түп-төркінін анықтауға тырысып көрелік.

Халқымыздың өзі өмір сүрген ұзақ тарихында небір кезеңдерді бастарынан өткізіп, заман дауылдарының аяздай қарыған үскіріктеріне ұшыраған сәттері көп. Әсіресе, соңғы үш ғасырға жуық уақыттың ішінде аса күрделі аласапыран кездерді бастарынан өткізді. Өз билігінен ажырап қалған халықтың азып-тозып кетуіне көптеген себептер ықпал етті. Енді сол себептерді іріктеп, жұптап қарасақ:

1. Өз еркіндігі жоқ, басқа жұрттың боданы болып келген елдерде ғана қалыптасатын, топастана бастайтын тоғышар орта;

2. Тағдыр тауқыметінің салдарынан ата-баба дәстүрлерінен адасып, оның үстіне арақкештікке салынғандықтан адамдық парасаттарынан айырыла бастаған ата-аналардың бой көрсете бастауы;

3. Ата дәстүрінің құндағында өспей, ана тілінде тәрбиеленбеген жаңа буын жас ұрпақтың есер қылықтары... - деп шартты түрде топтастыруға болатын тәрізді. Оның үстіне халқымыздың ежелден келе жатқан дархан мінездерін дарақылыққа, жомарт пейілдерін ысырапшылыққа айырбастай салатын пендешілігіміз де жетіп жатыр.

Міне, 1990 жылы 25 қазан айында, халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, өзінің дербес мемлекет ретіндегі декларациясын дүние жүзіне паш етті. Енді өзін-өзі билейтін ел болмақ?! Олай болса, жоғарыдағы айтылған топастана бастаған тоғышар орта да жөніне келіп, ата-баба дәстүрінен ажырап қалған қауым да, ана тіліміздің қасиеттері де қайтып оралғалы отыр. Бірақ, бұл қасиеттер аспаннан өзі келе салмайтындығын ел болып ұғынуымыз керек. Сондықтан, егеменді елдігімізді толық меңгеруіміз үшін “еңбектеген жастан, еңкейген қарияға дейін”

намыстарын қайрап, жігерлерін жанитындай белсенділікке ауысуымыз ауадай қажет.

Сөйтіп, тіршілік-тұрмысымыздағы белең алып отырған ата-ана мен бала арасындағы

қайшылықтар да жойылып, адамшылықтың ақ босағасын аттаймыз деген үмітіміз мол. Ол үшін үзіліссіз ұрпақ тәрбиесін халық педагогикасының құндағында, ерекше жігермен ел болып қолға алатын мезгілді өткізіп алмауымыз керек.

Ана құрсағындағы тәрбие, немесе халық педагогикасының II-ші негізі

Ана құрсағындағы тоғыз ай - Адам ғұмырының ең ұзақ, ең күрделі кезеңі. Оның ұзақтығын түйсіну мен сезінуге ақыл күшін қосу арқылы байқасақ, Жер бетіндегі тіршіліктің сатыларын қамтуға кеткен 500 миллион жылмен пара-пар. Міне, мұны түсіну үшін тіршілік құпияларына тереңдей толғап үңілмей болмайды.

Қазіргі ғылыми дәлелдерге сүйенсек, Ана құрсағындағы өсіп жатқан Жан иесі өзіне берілген тоғыз айдың ішінде табиғатта кездесетін барлық тіршіліктің әр деңгейдегі сатыларын басып өтеді де, "...он сегіз мың ғаламның..." сипаттарын түгелдей қайталап шығатындығы белгілі. Былайша айтқанда, бір клеткалы "қарапайым" тіршілік көзінен бастап, хайуанат әлеміндегі омыртқалыларға дейін, тіпті оның ең шырқау биігі болып саналатын Адам бейнесіне де біртіндеп ауысып жетіледі. Сөйтіп, табиғаттағы әр тіршіліктің өз аты-жөндерімен атасақ, бір клеткалы амебадан күрт-құмырсқа, бақа- шаян, жан-жануарлардың саты-сатыға бөлінетін баспалдақтарын басып өтеді екен.

Бұл күллі табиғат жаратылыстарының ішіндегі аса күрделі, әлі де тылсымы ашылып бітпеген, құдіретті құбылыс екендігінде сөз жоқ. Қысқа ғана ескерте кетсек, Жанның ОН ЕКІ АРНАСЫ - түйсік, сүю, ұят, мінез, жігер, зерде, табиғи қабілет және ішкі бес сезім де осы Ана құрсағында ғана ашылатынын ұғынған жөн. Әрине, мұндай құдірет табиғат шебердің ғана қолынан келмек.

Міне, осынау айтуға ғана жеңіл, ал өсу жолындағы әрбір сәті күрделі сан алуан құбылыстарға жіктеле отырып, тек биология мен физиология заңдылықтарына ғана бағынып дамытын тоғыз торқаның ішіндегі жан иесі - жүрек тәрбиесі атты жүйенің әліппесін парақтап та кетеді екен. Егер әл- Фараби тұжырымына жүгінсек: "...Адам мүшелерінің ішінде ең алдымен жүрек пайда болады, сонан кейін ми, одан кейін бауыр, бұдан кейін көк бауыр... сосын басқалары пайда болады. Бәрінен соң ғана қимылға келетіні "жыныс мүшелері" дей келіп, жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол ағзадағы барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді", - деп таңғажайып тамаша тұжырым жасайды.

Әл-Фараби өзінің осы тұжырымдарын ары қарай ғылыми жетілдіре келіп, түркі халықтарының тәлім-тәрбиесінен (халық педагогикасынан) негіздерін алатын үш түрлі ілімнің - хауас, хауас салым, хауаси хамса заһириди (түйсік, ішкі бес сезім және сыртқы бес сезім), екінші - Имани гүл (үш сүю), үшінші - Жәуанмәртлік (ақыл, әділет, рақым) мәнін түсіндіреді. Бұл ілімдер - өз топырағына түспеген дән сияқты - араб елдерінде өзінің өркендей даму жолдарына түсе алмайды. Бірақ түркі халықтарынан шыққан ғұламалар ғұламахи Дауани, Жүсіп Қарабағи, Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науаи бұл жайында көп еңбектер жасайды. Жүсіп Баласағұн осының негізінде дүние жүзін тамсандырған "Құтты білігін" поэзия тілімен өмірге әкеледі. Бұл айтылған үш ілімді ары қарай жетілдіріп ерекше биіктікке көтерген ұлы Абайдың орыны жеке-дара бір бөлек.

Мінеки, қазақ жұртының ұлттық педагогикасының тамыры тым тереңде жатқанын осыдан-ақ анық аңғаруға болады. Бұны ғылыми негіздерде дамыту болашақтың ісі. Біз көтеріп отырған адам тәрбиесінің алғашқы екі кезеңі ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тәрбие бүгінге дейін ғылыми педагогикадағы тәрбие жүйелерінен мүлдем тыс қалған. Сондықтан да адам тәрбиесіндегі орны толмас кемшіліктер қатпар-қатпар күйінде жалғасып жатыр. Педагогика – ұлттық ерекшеліктерге негізделіп оқытылуы тиіс.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ И ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Марковская Динара Сериковна.
Учитель начальных классов Школа –гимназия
№ 83 имени Ы. Алтынсарина

Введение

Грамотность является фундаментальной компетенцией, определяющей успешность человека в современном мире. Важность формирования грамотности младших школьников обусловлена их активным когнитивным развитием и формированием базовых навыков чтения, письма и речи. Современные требования образовательных стандартов акцентируют внимание на необходимость развития функциональной грамотности, что подразумевает умение использовать знания в реальных жизненных ситуациях. Цель данной статьи — рассмотреть пути формирования грамотности младших школьников с акцентом на конкретные методы и формы работы в процессе учебной деятельности.

Пути формирования грамотности младших школьников: подходы, методы и формы работы

Формирование грамотности у младших школьников — одна из ключевых задач начального образования. Именно в этом возрасте закладываются основы, которые помогут детям стать успешными в учебе и жизни. Грамотность — это не только умение читать и писать, но и способность понимать, анализировать и применять информацию в различных ситуациях. Как же эффективно развивать эти навыки? Рассмотрим ключевые подходы, методы и формы работы, которые помогут сделать процесс обучения увлекательным и результативным.

Комплексный подход к обучению грамотности

Одним из наиболее эффективных путей формирования грамотности является комплексный подход, объединяющий чтение, письмо, устную и письменную речь. Это помогает детям видеть связь между этими аспектами и использовать их на практике.

Например, уроки русского языка можно сочетать с литературным чтением. После прочтения рассказа ученики обсуждают сюжет, делятся своими впечатлениями, а затем пишут небольшой пересказ. Это учит их анализировать текст, четко формулировать свои мысли и применять грамматические правила.

Комплексный подход помогает не только усвоить базовые навыки, но и закрепить их в памяти. Такой метод системно развивает когнитивные способности детей, что особенно важно на этапе начальной школы.

Игровая деятельность: обучение с интересом

Игра — это естественная форма деятельности младших школьников. Она помогает снять напряжение, повысить мотивацию и заинтересовать даже тех детей, которые с трудом включаются в учебный процесс. Игровые методы позволяют изучать сложные темы в легкой и доступной форме.

Например, популярностью пользуется игра «Орфографическое домино». Каждая карточка содержит слово с пропущенными буквами. Ученик должен вставить нужные буквы и найти пару к своему слову. Это развивает внимательность, помогает запомнить правила правописания и тренирует память.

Ещё один эффективный прием — лингвистический квест. Учитель прячет в классе карточки с заданиями, которые дети ищут, а затем выполняют в команде. Такая активная форма работы увлекает школьников и делает процесс обучения незабываемым.

Проектный метод: учимся на практике

Проектный метод предполагает выполнение детьми исследовательской или творческой работы. Это позволяет не только закрепить учебный материал, но и развивать самостоятельность, ответственность и умение работать с информацией.

Например, ученикам можно предложить создать проект «Моя семья». В рамках этого

задания дети пишут рассказ о своей семье, готовят иллюстрации и представляют свой проект перед классом. Такая работа интегрирует чтение, письмо и устное изложение, что способствует формированию грамотности в широком смысле.

Методы формирования грамотности Каждый урок может стать шагом к развитию грамотности, если использовать разнообразные методы.

1. Чтение с обсуждением текста.

Совместное чтение текста, сопровождаемое обсуждением и анализом, помогает ученикам лучше понимать содержание. Учитель задает вопросы: «Почему герой поступил так? Что бы ты сделал на его месте?» Это развивает критическое мышление и умение аргументировать свою точку зрения.

2. Написание коротких текстов.

Задания на написание небольших рассказов, писем или сказок способствуют развитию письменной речи. Например, ученикам можно предложить написать письмо другу о своем любимом животном. Такой метод тренирует орфографические навыки и помогает детям учиться выражать свои мысли.

3. Ролевые игры.

Этот метод позволяет детям применять знания в реальных ситуациях. Например, разыгрывая сцену «В магазине», ученики учатся вести диалог, корректно формулировать просьбы и соблюдать правила общения.

4. Использование наглядных пособий и цифровых технологий.

Современные образовательные приложения, такие как интерактивные игры и тренажеры, делают процесс обучения увлекательным. Визуальные материалы, например карточки с изображениями и словами, помогают запоминать сложные понятия.

Формы работы с младшими школьниками

Чтобы каждый ребенок был вовлечен в процесс обучения, важно чередовать формы работы: индивидуальную, групповую, фронтальную и творческую.

1. Групповая работа.

В процессе совместного выполнения задания ученики учатся сотрудничать, слушать друг друга и работать на общий результат. Например, в группах дети могут составить рассказ по картинкам, а затем представить его классу.

2. Индивидуальная работа.

Для учеников с разным уровнем подготовки важны индивидуальные задания, позволяющие развивать их слабые стороны. Например, учащемуся, у которого есть трудности с чтением, можно предложить больше упражнений на закрепление навыков.

3. Фронтальная форма обучения.

Весь класс работает над одной темой, выполняя одинаковые задания. Например, проведение диктантов с последующим разбором ошибок помогает каждому ребенку лучше понять материал.

4. Домашние задания с элементами творчества.

Задания, требующие творческого подхода, например создание иллюстраций или написание сказок, помогают закрепить изученное в классе и развивают воображение.

Заключение

Формирование грамотности младших школьников — это многоуровневый процесс, требующий творческого подхода и систематической работы. Комплексный подход, использование игровых методов, проектной деятельности и разнообразных форм работы помогает детям не только освоить базовые навыки чтения и письма, но и научиться применять их в реальной жизни. Современные педагоги, используя описанные методы, могут создать условия для успешного развития каждого ученика, повысив их мотивацию к обучению и подготовив к будущим вызовам.

Таким образом, грамотность — это не только знание правил, но и ключ к успешной интеграции в общество, и начинать этот путь важно с младшего школьного возраста.

Список литературы

Касымова, Г.М. «Особенности формирования коммуникативной компетенции у младших школьников в образовательной системе Казахстана.» — Алматы, 2019
Смагулова, Ж.К. «Развитие функциональной грамотности младших школьников в

условиях обновленного содержания образования.» — Астана, 2020.

Министерство образования и науки Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. — Астана, 2022.

Ашимова, А.Б. «Методические рекомендации по внедрению современных подходов в обучении младших школьников.» — Алматы, 2021

«ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДА ОҚЫЛЫМ, ТЫҢДАЛЫМ, АЙТЫЛЫМ, ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ»

**Махидова Рахима Жумахановна,
Астана қаласы әкімдігінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы
№83 мектеп-гимназиясының» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші**

Еліміздің білім саласының алдында тұрған басты міндет – сыныпта алған білімдерін болашақта пайдалана алатын жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатты шешу – мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімнің міндеті деп білемін. Осы орайда жаңартылған білім беру бағдарламасының орны ерекше. Өйткені жаңартылған бағдарлама оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыруға зор мүмкіндік жасап отыр.

Ол тілдік дағдылар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым..Қазіргі уақытта қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерудің маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Мемлекеттік тілді білу – заман талабы. Білім беру жүйесінде оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеп, өз ойын анық жеткізе білуіне мүмкіндік беру басты мақсаттардың бірі.

Осы бағытта оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдістерді қолдану маңызды.

Оқылым – тілдік дағдыларды қалыптастырудың негізі. Мәтіндермен жұмыс жасау арқылы оқушылар сөздік қорын байытып, грамматикалық құрылымдарды меңгереді. Сонымен қатар, мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі идеясын анықтауға дағдыланады.

- Тиімді әдістер:

- Мәтінді талдау және сұрақтарға жауап беру;
- Негізгі ойды анықтап, мазмұнын қайталау;
- Оқу барысында жаңа сөздермен жұмыс жүргізу.

Тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың ауызша тілдік ақпаратты түсінуіне ықпал етеді. Тыңдалым материалдарын қолдану оқушылардың тыңдау қабілетін арттырып, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі.

Тиімді тәсілдер:

- Аудиоматериалдар тыңдау және талдау;
- Тыңдалым мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап беру;
- Тыңдаған ақпарат негізінде пікірталастар ұйымдастыру. Айтылым дағдылары

оқушылардың қазақ тілінде өз ойын анық жеткізуіне және қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Тиімді әдістер:

- Рольдік ойындар арқылы түрлі жағдайларда сөйлеу;
- Презентациялар дайындау және қорғау;
- Әңгімелесу мен пікір алмасу.

Жазылым дағдыларын жетілдіру оқушыларды қазақ тілінде нақты әрі түсінікті жазуға баулиды.

Тиімді әдістер:

- Эссе, әңгіме және мақалалар жазу;
- Жазба жұмыстарындағы қателерді түзету;
- Шығармашылық тапсырмалар беру

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың оқылым, жазылым дағдыларын меңгерудің тиімді жолдарын қалыптастыратын әртүрлі тәсілдер бар: біріншіден, бұл мәтіннің қарапайым бірліктеріне: сөзге, ұсынысқа, абзацқа назар аудару; екіншіден, мәтін құрылымын және оның логикалық байланыстарын талдаусыз мәтінді түсіну.

Оқушылар оларды бекіте отырып, жоспар, тезистер, конспектілер, сызбалар мен кестелерді құрастыруды үйренеді; үшіншіден, мәтінді түсіну – бұл көптеген мәселені шешу жолы деуге болады. Балаларға сұрақтар қоя отырып, мәтінмен (автормен) диалог жүргізуді үйретуіміз керек.

Қазақ тілін меңгеру үшін оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамыту оқушылардың тілдік коммуникациясын жетілдіріп, қазақ тілінде еркін сөйлеп, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тіл үйрену барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу мотивациясын арттыруға назар аудару маңызды. Осы бағыттағы жұмыстарды сапалы түрде ұйымдастыру арқылы оқушыларды қазақ тілінде еркін сөйлейтін, жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелей аламыз

PYTHON БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІНІҢ ПРАКТИКУМЫ

Молдадосова Айгерим Муратовна

Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Аңдатпа

Бұл зерттеу Python программалау тілін практикаға бағыттап оқытуға бағытталған. Мектеп оқушыларының бойында бағдарламалау дағдыларын қалыптастыру үшін теориялық білімді практикамен ұштастыру маңызды, себебі оқу процесін толықтай меңгеруге мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған адам өмірін жеңілдететін техника мен технологиялар программамен жұмыс жасайды. Программалауды терең түсініп оқу қажеттілігі-қазіргі заман талабына сай туындап отыр. Мақаланың мақсаты - Python программалау тілінде оқушылардың бағдарлама жазу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Бұл оқыту тәсілінің артықшылығы оқушыларды Python бағдарламалау тілін ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, шығармашылық, проблемаларды шешу және алгоритмдер саласында терең біліммен қамтамасыз етеді. Тәсілдің ерекшелігі оның оқу процесіне заманауи технологияларды, жекелей оқыту әдісін және интерактивті құралдарды енгізуінде жатыр. Бұл оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады және олардың бағдарламалау дағдыларын тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің нәтижесінде оқушылар Python тілінде бағдарламалаудың негіздерін жақсы меңгереді, сонымен қатар қиын әрі күрделі тапсырмаларды шешуге дағдыланады. Түйін сөздер: практикалық дағдылар, интерактивті әдіс, Python, визуализатор.

Негізгі ережелер

Зерттеудің негізгі идеясы – Python программалау тілін практикаға бағыттап оқыту тәсілде оқытуды жетілдіру. Зерттеу жұмысында «Python бағдарламалау тілінің практикумы» курсы әзірленді. Зерттеу жұмысы Астана қаласы №83 мектеп-гимназия өткізіліп, курстың тиімділігі мен мүмкіндіктері жүргізілген зерттеу жұмысы барысында тексерілді.

Кіріспе

Информатика пәнін оқып білім алушылар компьютерлік сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар программалау тілін үйренеді. Қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған адам өмірін жеңілдететін техника мен технологиялар программамен жұмыс жасайды. Сол үшін мектеп жасынан бастап оқушыларға программалау тілдері оқытылады. Информатиканы, соның ішіндегі бағдарламалау бөлімін терең түсініп оқу қажеттілігі қазіргі заман талабына сай туындап отыр. Сонымен қатар бұл курс IT мамандығын таңдаған

оқушыларға да таптырмас құрал болып табылады.

Python тілі – қарапайым әрі түсінікті синтаксисімен және көп функционалдығымен ерекшеленеді, бұл оны оқыту үшін өте тиімді етеді. Оқушылар мен болашақ IT мамандары үшін Python тілін оқытудың практикаға бағытталған тәсілін қолдану маңызды:

- Python программалау тілін оқытудың практикаға бағытталған тәсілі оқушыларға нақты проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Практикаға бағытталған оқыту барысында оқушылар берілген тапсырманы шешу үшін алгоритм құрып, логикалық есептерді шешеді. Бұл қабілеттер Python программалау тілінен басқа программалау тілдерін оңай меңгеруге әсер етеді.

- Python программалау тілін практикаға бағытталған тәсілде оқытудың нәтижесінде оқушылар практикалық дағдыларды ерте меңгеріп, нарықта бәсекеге қабілетті маман болуына септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты: Python программалау тілінде оқушылардың бағдарлама жазу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту

Зерттеу міндеттері: Python тілін тереңдетіп оқуды қалыптастыру, программа құруға үйрету, функционалдық ойлауын дамытып, бағдарламадан тыс есептерді өзіндік талдауға баулу.

Зерттеудің әдіснамасы

Зерттеу жұмысы Астана қаласы №83 мектеп-гимназияда өткізілді. Зерттеу тақырыбына сай кешенді тәжірибелік әдістер қолданылды. Олар: интерактивті оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ойын технологиясы арқылы оқыту, деңгейлеп оқыту технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, білім беру процесін мониторингтеу. Python программалау тілін практикаға бағытталған тәсілде оқыту – бұл білім беру процесінің ең тиімді әдістерінің бірі, өйткені ол оқушылардың алған теориялық білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсілде оқу негізінен жоба жасау мен практикалық тапсырмаларға негізделеді, яғни оқушылар Python тілінде программалау дағдыларын практикамен ұштастырады. Python тілінде программалау – қазіргі таңда ең танымал және кең қолданылатын бағдарламалау тілдерінің бірі. Python тілі қарапайым синтаксисімен және жоғары деңгейдегі мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Бұл тіл көптеген салада қолданылады. Python 1980-жылдарда Гвидо ван Россум (Guido van Rossum) тарапынан әзірленіп, 1991 жылы алғаш рет шыққан. Python тілі жоғары деңгейлі, интерпретациялық және объектіге бағытталған (ОБП) тіл болып саналады. Python программалау тілінің көптеген салада қолданылады. Веб-әзірлеуде, жасанды интеллект және машиналық оқытуда, автоматтандыру, ойындар жасауда, системалық бағдарламалауда қолданылады. Python тілінің артықшылықтары:

- Жеңіл синтаксис: Python тілінің синтаксисі жеңіл және оқуға оңай, сондықтан оны мектеп бағдарламасында үйрену тиімді

- Кросс-платформалық: Python әртүрлі операциялық жүйелерде (Windows, macOS, Linux) жұмыс істей алады.

- Үлкен стандартты библиотика: Python тілінде көптеген библиотека мен модульдерге ие. Стандартты библиотека көптеген тапсырмаларды орындау үшін дайын құралдар мен функцияларды ұсынады.

- Интерпретациялық: Python бағдарламаларының орындалуы тез, өйткені код бірден орындалады және компиляция қажет етпейді.

- Объектіге бағытталған: Python объектіге бағытталған бағдарламалау тілін қолдайды, бұл кодтың құрылымын түсінікті және тиімді етеді.

Python тілінде бағдарламалауды оқыту әдістемесін зерттеумен David J. Malan, Ю. А. Дьяконов, А. П. Барышников, А. Ю. Беляев, Е. Н. Соловьева, Michael Forrester және т. б. ғалымдар айналысқан.

Python тілінде бағдарламалауды оқыту әдістемесін зерттеумен Қазақстанда Беркимбаев К. М., Бөрібаев Б., Ниязова Г. Ж., Байтерекова Н. И. айналысты. Осы аталған ғалымдардың еңбектерін талдау барысында Python тілін практикаға бағытталған тәсілде оқытудың бірқатар тиімді әдіс – тәсілдер анықталды. Соның ішіндегі ең танымалы - интербелсенді әдіс.

Интербелсенді әдіс – бұл оқыту процесінде оқушылардың белсенді қатысуын

қамтамасыз ететін педагогикалық тәсіл. Бұл әдіс білім алушы мен оқытушы арасындағы диалог, пікір алмасу, топтық немесе жұптық жұмыс, тапсырмалар мен практикалық әрекеттер арқылы білім алу процесін ұйымдастыруға зор ықпал етеді. Интербелсенді әдіс білім беру барысында оқушылардың тек тыңдап қана қоймай, оқу материалына белсенді түрде араласуын және өз білімдерін сабақ барысында қолдануды көздейді.

Интербелсенді әдістің негізгі ерекшеліктері:

- Білім алушының сабаққа белсенді қатысуы: Оқушылар сабақ барысында тек тыңдаушы рөлінде қалып қоймай, өздерінің білімдері мен тәжірибелерін бөлісіп, оқу процесіне белсенді қатысады.

- Білім алушы мен мұғалім арасындағы байланыс: Мұғалім тек ақпаратты беруші ғана емес, білім алушыларға бағыт-бағдар беруші, кеңесші болып әрекет етеді. Білім алушы мен мұғалім арасында үздіксіз кері байланыс орын алады.

- Проблемалық жағдайларды шешу: Білім алушыларға нақты өмірлік немесе оқу материалынан алынған мәселелер мен тапсырмалар беріледі. Білім алушылар оларды шешу үшін шығармашылықпен және функционалды сауаттылыққа бағыттайтын әдіс болып табылады.

- Топтық және жұптық жұмыс: Білім алушылар топтарда немесе жұптарда жұмыс істей отырып, бір-бірімен пікір алмасып, идеяларымен бөліседі, тапсырмаларды бірігіп орындайды.

- Әртүрлі оқу құралдарын пайдалану: Интербелсенді әдісте мұғалім тек дәстүрлі оқыту құралдарын емес, мультимедиялық және интернет-ресурстарды, білім беру платформаларын да қолданады.

Зерттеу нәтижелері

Ұсынылып отырған курс теориялық білімді меңгеріп, Python тілін практикаға бағытталған тәсілде оқытуға негізделген. Курс тақырыбын оқушылардың информатика пәнінен қиындық деңгейі жоғары болған бөлімнен алынды. Бағдарлама мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру 2007 жылғы 27 мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді.

Python бағдарламалау тілінің практикумы курсының мазмұны 1-кестеде көрсетілгендей 4 бөлімнен тұрады. Курс мазмұнына қысқаша шолу.


Кесте 1. «Python бағдарламалау тілінің практикумы» курсының мазмұны

Бөлім	Тақырыптар	Мақсаты	Білім өнімі
Бағдарламалауға кіріспе және алгоритм	«Бағдарламалауға кіріспе», «Алгоритм және оның түрлері», «Алгоритмдерді жазу формалары»	Бағдарламалаудың негізін түсіну. Алгоритмдер түрлерін (сызықтық, тармақталған, циклдік) түсіну. Алгоритмдерді мәтін, блок-схема, кесте түрінде жазуды үйрену.	Бағдарлама ұғымымен танысады. Алгоритмнің үш түрімен (сызықтық, тармақталған, циклдік) танысады. Алгоритмді сызба, сөз, бағдарлама тілінде жазуды үйренеді

Python бағдарламалау тілі	«Python бағдарламалау тіліне кіріспе», «Тіл алфавиті мен синтаксисі», «Python тілінде деректер типтері», «Python тілінде айнымалылар мен арифметикалық операциялар»	Python-да алғашқы бағдарлама жазу дағдыларын алу. Python программалау тілінде деректер типтері ажырата алады. Python тілінде арифметикалық операциялар орындауды үйрену (қосу, алу, көбейту, бөлу). Математикалық есептер шығару.	Python тілінде код жазу кезінде синтаксистік қателерден аулақ болу үшін индентация мен айнымалы атауларын дұрыс жазады. Python тілінде деректер типтері жайлы ұғым қалыптастырады. -Арифметикалық операциялар мен айнымалыларды меңгереді
Бағдарламалау негіздері	Сызықты алгоритмді программалау», «Файлдармен жұмыс», «Файлдық функциялармен жұмыс», «Тармақталған алгоритмдерді программалау», «Шартты операторлар (if, else)», «Кірістірілген және күрделі шарттармен жұмыс», «Циклдармен жұмыс», «For циклі» «While циклі»	Сызықты алгоритмге код жазуды үйрену. Ақпаратты оқу және жазу үшін файлдарды пайдалануды үйрену. Тармақталған алгоритмдерді программалаумен танысу. Шартты оператор көмегімен тармақталған алгоритм құру. For, while операторының қолдануын түсінеді. Циклдермен есептер шығару. While циклі ұғымымен танысу -Таңдау және қайталау операторларын программаны өңдеудің кіріктірілген ортасында қолдану	Сызықтық алгоритмді жазу тәсілін үйренеді. Файлдарды ашу, жабу, оқу, сақтауды үйренеді. If, else операторын қалай қолданатынын үйренеді. If, elif, else құрылымымен танысып, тармақталған алгоритмге есептер шығарады. Цикл құрылымдары жайлы ұғымдары артады. Бір циклдің ішінде басқа цикл орналасатын құрылым екенін түсінеді. Python программалау тілінің көмегімен қиындығы жоғары деңгейдегі есептерді шығаруды үйренеді

Жобалық жұмыс	Python программалау тілінің көмегімен қиындығы жоғары деңгейдегі есептерді шығару	Python программалау тілінің көмегімен қиындығы жоғары деңгейдегі есептерді шығаруды үйрету	Python программалау тілінің көмегімен қиындығы жоғары деңгейдегі есептерді шығаруды үйренеді
---------------	---	--	--

Зерттеу жұмысының нәтижесінде жазылған «Python бағдарламалау тілінің практикумы» атты курсының инновациялық педагогикалық тәжірбие нәтижелерін оқу процесіне енгізіліп, №83 мектеп-гимназияда апробациядан өткізілді. Апробация нәтижесін талдап, мониторинг жасалды.



Қорытынды

Бұл мақалада Python тілін бағдарламалауды практикаға бағытталған тәсілде оқытудың тиімді әдіс – тәсілдері анықталды. Сол әдіс-тәсілдерге сүйене отырып «Python бағдарламалау тілінің практикумы» - атты курс әзірленді. Осы курстың инновациялық педагогикалық тәжірбие нәтижелерін оқу процесіне енгізіліп, апробациядан өтті. Апробация нәтижесі мониторинг түрінде көрсетілді. Курс оқу барысында білім алушылар: Python тілін тереңдетіп оқуды қалыптастырады, программа құруға үйренеді, функционалдық ойлауын дамытады, қиындық деңгейі күрделі есептерге программа құрып үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөрібаев Б. Программалау тілдеріне кіріспе: Оқулық / – Алматы: АЭСА, 2008-376 бет
2. Құралбаев З.Қ. Алгоритмдеу және программалау тілдері. – Алматы: «TST-companу» баспасы, 2008 / – 354 бет
3. Безручко В.Т. Информатика курс лекций: Учебное пособие. – М.: ИД. «Форум»: ИНФРА – М. 2013/ – 432 бет
4. Python бағдарламалау тілі: Оқу құралы / Беркимбаев К. М., Ниязова Г. Ж., Мауленов С. С., Байтерекова Н. И., Искендірова Г. С. – Алматы: 2022 – 136 б.
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
6. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/516/538>
7. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/615/544>
8. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1583/818>
9. <https://kvestodel.ru/generator-rebusov>

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Нургужина Кымбат Мансуровна
Астана қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі таңда жеке тұлғаның дамуы, функционалдық сауаттылығы, сыни көзқараспен жан-жағына зерделей қарап, өзіндік ой-пікір білдіруі мәселесіне баса назар аударылып отыр. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс дағдыларын жетілдіру маңызды. Мәтінмен жұмыс жасау арқылы жеке тұлғаны дамыту барысында білім алушының астарлы ойды табу, негізгі идеяны ашу, көтерілген мәселені анықтай білу, сауатты жазу дағдылары қалыптаса бастайды.

«Мәтінмен жұмыс» бағдарламасының басты мақсаты: мәтінмен жұмыс жасату арқылы ой-өрісі кең, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін «толық тұлға» қалыптастыру.

«Мәтінмен жұмыс» бағдарламасының міндеті:

- Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға баулу;
- оқушының әдеби сауаттылығы мен теориялық білімді ұштастыра білуіне қол жеткізу;

- көркем сөзді оқу барысында орфоэпиялық заңдылықтарды үйрету;
- оқу сапасын (дауыстап, іштей, түсініп, мәнерлеп, болжап, көз жүгіртіп) жетілдіру;
- коммуникативтік (айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым) дағдыларын қалыптастыру;

- сыни ойлау қабілетін жетілдіру;
- оқылған шығарманың сюжетінің ізімен ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін жасауға машықтандыру.

- мәтіннің мағынасы арқылы еліне, қоршаған ортаға және тілге деген құрметтің арттыру;

Ерекшелігі: жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, болашақта өмірден өз орнын таба алатын, көзқарасы түзу, ойы озық, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу;

Бағдарламаның жаңашылдығы: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Білім беруде аудио, бейне жазбаларды және ғаламтор ресурстарын, QR кодты пайдалану арқылы, жеке тұлғаны АКТ-ның мүмкіндіктерімен дамытуға сәтті қадам жасайды.

Жеке тұлғаны заман талабына сай етіп қалыптастыру – мұғалімнің қажырлы еңбегі, шеберлігі мен білім алушының уәжіне байланысты іске асатын жұмыс. Мұғалім ол үшін білім беру мазмұнын сапалы түрде жүзеге асыруға қызмет жасайды. Жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамыта отырып, баламен бірлесе жұмыс атқарады және өз бетінше дамуға бағыттауды ұйымдастырады.

Бағдарламада қамтылған тақырыптар білім алушылардың қызығушылықтарын оятады. Сабақ барысында белсенділік көрсетіп, қосымша тапсырмаларды ұқыпты, сауатты, талапқа сай орындатуға қол жеткізеді. Ұлы педагог, жазушы Ы.Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек», «Әке мен бала» әңгімелерінде отбасылық құндылықтары туралы өз ойларын, пікірлерін айтуға көп көмек береді. Басқа да әңгімелерінде білім алушылар баланың еріншек, жалқау, ерсі қылықтарын суреттеп, жерде жатқан тағаны бір иіліп алуға ерінген баланың сатып алынған шиені теріп жеу үшін он рет еңкейгенін мысал етіп алып, «аз жұмысты қиынсыңсаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанаған ете білмесең, көптен құр қаларсың» – деген баталы сөздермен байланыстырады.

Білім беруде жеке тұлғаны қалыптастыру сияқты өзекті мәселе тұрғанда, алдымен, адамгершілікті, ұлттық құндылықтарды балаларымыздың бойына сіңіруге бар

күш- жігерімізді салуымыз өте қажет. Әсіресе, жас кезінде мектеп қабырғасында рухани жан дүниесін адамгершілік пен ізгілікке толтырып, халқымыздың жақсы қасиеттерімен сусындатсақ, ары қарай уайымдамауға болады. Біздің парызымыз алдымызда отырған қара көздерімізді ұлтжанды, елімізге қызмет ететін тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі заман талаптарына сәйкес құзыреттіліктер өте көп. Бұл құзыреттіліктер білім алушының жан-жақты болуына, табысты болуына мүмкіндік береді. Тіл табысу, АКТ-ның тілін білу, 3 тілді меңгеру, ұлттық құндылықтарды бағалап, құрметтеу баланың болашағының жарқын болуына жол ашады. Сондықтан да осы міндетімізді абыроймен атқарсақ деп ойлаймын.

Балаға кішкентай кезінен бастап берген дұрыс тәрбие мен білім алдағы өміріне азық болады. Қазақ халқының даналығы, тәрбие, тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл мұра. Асыл мұраны қабылдап, өз өміріне азық ете білген өскелең ұрпақтан жаманшылық күтуге болмайды. Ата-бабаларымыздың аманатына қиянат жасамай, елін, жерін сүйеге, тектілігін көрсетіп, салт-дәстүрін сақтайтын ұрпақты қалыптастыруға бар күшімізді салу парызымыз деп сөзімді аяқтаймын.

«РУССКИЙ ЯЗЫК С УВЛЕЧЕНИЕМ: ИГРАЯ, УЧИМСЯ И РАЗВИВАЕМСЯ — НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА»

Олишевич Галина Ивановна
Учитель начальных классов

Школа –гимназия № 83 имени Ы. Алтынсарина

Изучение русского языка в начальной школе — это не просто важная часть учебного процесса, но и уникальная возможность для детей развивать своё мышление, внимание, память и креативность. Однако, чтобы процесс обучения был не только полезным, но и увлекательным, важно подходить к нему с особым настроем — через игру и творчество. В этой статье мы расскажем, как игры могут стать незаменимым инструментом в изучении русского языка для младших школьников.

В начальной школе дети только начинают осваивать правила языка, знакомятся с грамматикой, расширяют словарный запас. Поэтому важно, чтобы обучение не становилось рутинной или скучным процессом. Когда дети увлечены тем, что они делают, они учат язык с интересом, а не из-за необходимости.

Игровые формы обучения создают атмосферу радости и лёгкости, где ошибка воспринимается как часть процесса, а не как неудача. В игре дети могут свободно выражать свои мысли, не боясь ошибиться, а также развивать свою креативность, воображение и коммуникативные навыки.

Существует множество игр, которые помогают детям изучать русский язык с интересом. Рассмотрим несколько популярных видов:

Логические игры для развития мышления и грамотности

Простые кроссворды, ребусы, анаграммы и шифровки — отличные инструменты для тренировки внимания и памяти. Эти игры помогают детям запомнить новые слова, тренируют навыки орфографии и грамматики. Например, задание, где нужно составить слово из букв, поможет ребёнку запомнить написание и структуру слова, а также научит логически мыслить.

Рольевые игры для развития речи

Рольевые игры — это отличная возможность для детей развивать устную речь и учить правила построения предложений. Например, дети могут разыгрывать сценки из жизни: поход в магазин, визит в врачу или обсуждение любимой книги. Это помогает им активно использовать язык, а также учить новые фразы и выражения.

Игры на запоминание орфографии

Для детей важно запомнить правила написания слов. Простые игры, такие как «Слова на букву...», «Найди ошибку» или «Перепиши правильно», помогут развивать грамотность,

улучшать внимание и учить детей анализировать, где и почему возникает ошибка в написании слова.

Интерактивные игры и онлайн-ресурсы

В эпоху цифровых технологий игровые приложения и платформы с элементами геймификации стали важным помощником в обучении. Мобильные приложения и онлайн-игры помогают детям изучать русский язык через увлекательные задания, викторины и конкурсы, где можно зарабатывать очки и переходить на новые уровни. Это создаёт атмосферу конкуренции и успеха, что мотивирует детей на обучение.

Творческие игры для развития воображения

Детям также полезно развивать свою креативность, и для этого существует множество интересных творческих заданий. Например, можно предложить ребёнку создать рассказ на заданную тему, придумать диалог между персонажами, сочинить стишок или пословицу. Это помогает детям учить новые слова, строить грамматически правильные предложения и развивать фантазию.

Преимущества игрового подхода в обучении

Игровой подход имеет множество преимуществ:

Мотивация и интерес. Дети с удовольствием учат язык, когда процесс обучения становится увлекательным. Игры создают атмосферу веселья, где обучение происходит естественно и без принуждения.

Развитие ключевых навыков. Игра помогает развивать внимание, память, креативность, коммуникативные и речевые навыки, что критически важно для детей начальной школы.

Понимание языка через практику. В играх дети учат не только слова и правила, но и учат, как использовать язык в реальных ситуациях. Это помогает укрепить полученные знания и делает обучение более осознанным.

Социальное взаимодействие. Игры часто проводятся в группах, что развивает коммуникативные навыки и учит работать в команде.

Чтобы каждый ребенок был вовлечен в процесс обучения, важно использовать разнообразные формы работы, которые отвечают потребностям и интересам учеников. Чередование индивидуальной, групповой, фронтальной и творческой работы помогает удержать внимание, развивает разные навыки и способствует активному обучению. Давайте подробнее рассмотрим каждую из этих форм:

1. Индивидуальная работа:

- **Цель:** Формирование самостоятельности, развитие ответственности за свой результат.

- **Методы:** Индивидуальные задания (например, письменные упражнения, решения задач, чтение текстов), творческие работы, контрольные и самостоятельные работы. Это позволяет учителю наблюдать за прогрессом каждого ученика и индивидуально подходить к обучению.

- **Пример:** Индивидуальное составление рассказа по картинке, решение математической задачи, выполнение творческого задания по теме урока.

2. Групповая работа:

- **Цель:** Развитие навыков сотрудничества, коллективного мышления, умение слушать и договариваться.

- **Методы:** Разделение класса на небольшие группы для выполнения совместных заданий. Это могут быть проекты, исследовательские задания, обсуждения.

- **Пример:** Совместная подготовка проекта, например, «Наши друзья животные» или «Экологическая проблема». Группы могут представлять свои идеи и результаты в классе.

3. Фронтальная работа:

- **Цель:** Обсуждение материала с целым классом, общая практика и контроль за усвоением знаний.

- **Методы:** Объяснение нового материала, выполнение заданий с классом, обсуждения, ответы на вопросы, работа с доской. Это помогает обеспечить единый уровень

знаний для всей группы.

- Пример: Ответы на вопросы по теме, обсуждение произведения литературы, выполнение заданий на доске, решение задач совместно с учениками.

4. Творческая работа:

- Цель: Развитие воображения, креативности, умения выражать свои мысли через разные виды деятельности.

- Методы: Рисование, лепка, изготовление поделок, создание презентаций, создание литературных произведений, драматизация сказок, ролевые игры.

- Пример: Написание собственной сказки, создание картины или коллажа на тему «Мой любимый праздник», инсценировка какого-либо события.

Чередование этих форм работы помогает создать разнообразную и насыщенную учебную среду, где каждый ребенок может проявить себя. Также важно помнить, что, используя разные формы работы, учитель учитывает возрастные особенности детей и помогает им развивать все необходимые навыки для успешного обучения и социализации.

Заключение

Изучение русского языка в начальной школе должно быть не только полезным, но и увлекательным. Игра — это мощный инструмент для достижения этой цели. Игры помогают детям не только осваивать грамматику и лексику, но и развивать творческое мышление, креативность и уверенность в себе. Использование игровых форм в обучении делает процесс более живым, интересным и эффективным, а главное — дарит детям радость от самого процесса обучения.

Русский язык с увлечением — это залог успешного и комфортного обучения, которое откроет перед детьми мир знаний и возможностей!

Список литературы

Министерство образования и науки Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. — Астана, 2022.

Сарсенбаева, М. Р. «Русский язык через игру». — Алматы: Дарын, 2014.

Пособие для учителей и воспитателей, предлагающее методы и стратегии для обучения русскому языку через игру, что помогает детям развивать лексический запас и грамматические навыки.

Нурпеисова, А. Ж. «Логопедические игры для начальной школы». — Алматы: Білім, 2017.

Пособие для педагогов, которое включает в себя игры, направленные на развитие грамотности и речи у детей младшего школьного возраста.

Алиева, Ш. Р. «Творческое развитие детей через русский язык». — Алматы: Мектеп, 2018.

Книга, в которой рассмотрены методы творческого подхода в обучении русскому языку, включая использование игр и творческих заданий.

Рахимбаева, Л. М. «Развиваем грамотность через игру: методические рекомендации». — Алматы: Шыңға, 2016.

«ҒАСЫРЛАР ЖЫРЛАЙДЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҰЛТТЫҚ МҰРА ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Сабырқұлова Әлия Абдрасулқызы
Астана қаласы Алматы ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы
№83 мектеп- гимназия, Тарих пәні мұғалімі

Бағдарламаның жалпы мақсаты мен өзектілігі: Қазақстан тарихын тереңірек меңгерту арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы оқушыларды ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерімен, тұлғаларымен, және құнды оқиғаларымен таныстырады. Қазақстан тарихы халқымыздың ұлттық болмысын, мәдениетін, саяси және рухани құндылықтарын көрсететін бірегей мұралардан құралғандықтан, оны мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты әрі тереңірек меңгерту өте өзекті болып табылады. Білім беру жүйесінде ұлттық сана мен тарихи жадыны қалыптастыру оқушылардың болашағын анықтайтын маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан, бұл бағдарлама ұлт тарихын түсіндіріп қана қоймай, ұрпақ бойында елжандылық сезімін, өз халқына деген мақтаныш пен құрметті нығайтуға бағытталған. Бағдарламаның басты ерекшелігі – тарихи тұлғалардың өмірлік жолдарын, халықтың ерлікке толы тарихын, қиын-қыстау кезеңдерді кеңінен қамту арқылы оқушылардың туған еліне деген қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Бағдарлама әрбір тарихи кезеңнің негізгі сипаты мен құндылықтарын ашып көрсетеді.

Ұлт тарихының өзегін құрайтын тұлғалар, олардың халыққа сіңірген еңбегі, батырлық пен ерліктің үлгісі жас ұрпаққа рухани тәлім береді. Оқушылар тарихи тұлғалардың ерліктері арқылы өз елінің өткені мен бүгінін байланыстырады, сол арқылы халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, және күрделі тарихи кезеңдерін түсінуге қадам жасайды.

Бағдарламаның білім мазмұнын тереңдету арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, оларға тарихи деректерді саралап, талдауды, себеп-салдарын түсінуді үйретеді. Бұл бағдарлама тарихи құндылықтарды сақтауға, қоғамдағы өзгерістердің мәнін түсінуге үйретеді. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін арттыруға да бағытталған. Осылайша, «Ғасырлар жырлайды» оқыту бағдарламасы ұлттық құндылықтарды насихаттаумен қатар, оқушыларды болашақта ел игілігіне қызмет ететін азаматтық көзқарасы қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқыту тақырыптарының реті мен мазмұны: Ежелгі заманнан бастап қазіргі кезеңге дейінгі маңызды тарихи кезеңдер мен тұлғалар

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы Қазақстан тарихының барлық негізгі кезеңдерін қамтитын жүйелі құрылымнан тұрады. Бұл бағдарлама Қазақстанның ежелгі дәуірінен бастап, қазіргі тәуелсіздік кезеңіне дейінгі маңызды оқиғалар мен тұлғаларды біртіндеп оқытуды көздейді. Оқыту процесі оқушылардың тарихи оқиғаларды рет-ретімен түсінуіне, тарихи сабақтастықты ұғынуына бағытталған. Әрбір тақырып оқушыларға терең мазмұнды білім беруге және олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға арналып әзірленген.

Бағдарламаның мазмұны ежелгі дәуірден басталып, Геродот пен Томирис, Мөде және сақ, ғұн сияқты тарихи тұлғалар мен халықтардың тарихын оқытудан тұрады. Осы кезеңде Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың өмірі, мәдениеті, саяси дамуы, және көрші халықтармен байланысы қарастырылады. Бұл арқылы оқушылар ежелгі замандағы ел тарихының негізін құрайтын оқиғаларды түсініп, тарихи тұлғалардың қайраткерлік қасиеттерін, батырлығын біледі.

Ортағасырлық кезеңде бағдарлама қазақ хандығының құрылу, нығаю кезеңдерін және оның негізгі тұлғаларының өмірі мен қызметін қамтиды. Шыңғыс хан, Керей мен

Жәнібек, Қасым хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан сияқты тарихи тұлғалардың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесі талданады. Бұл кезеңде қазақ хандығының ішкі саясаты, дипломатиялық байланыстары және қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресі сияқты мәселелер де назардан тыс қалмайды.

Қазіргі заманға жақындаған сайын бағдарлама Алаш қайраткерлерінің ұлт тәуелсіздігі жолындағы еңбектеріне, XX ғасырдағы соғыс жылдарындағы Қазақстанның рөліне және кейінгі ғарышты игеру, тәуелсіздік кезеңіне де үлкен мән береді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай сынды зиялы қауым өкілдерінің еңбектері мен олардың мемлекет құрудағы, ағартушылық қызметіндегі орны туралы оқытылады. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі, елдің дамуына қосқан үлесі және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдері қамтылады.

Әр тақырыптың мазмұны және оқыту тәсілдері: Ұлы тұлғалардың өмірбаяндары, тарихи оқиғалар мен олардың маңызы

Бағдарлама әрбір тарихи тұлғаның өмірбаяны, оның мемлекет және қоғам алдындағы қызметі мен тарихи оқиғалардағы рөліне ерекше назар аударады. Оқушылар тарихи тұлғалардың жеке қасиеттерін, ұлтқа деген адалдығын, шешуші кезеңдерде қабылдаған батыл шешімдерін білу арқылы олардың ел тарихындағы орнын ұғынады. Мысалы, Томирис ханшайымның сақ елін қорғаудағы батырлығы, әл-Фарабидің ғылымдағы зор еңбегі және Абай Құнанбайұлының қазақ жазба әдебиетін қалыптастырудағы рөлі – жас ұрпаққа рухани және тарихи үлгі боларлық маңызы зор деректер болып табылады.

Оқытудың әр тақырыбына оқушылардың тарихи санасын дамытуға арналған әдістер енгізілген. Мысалы, оқушылар тарихи тұлғалардың өмірлік жағдайларына байланысты сценарий құрып, олардың шешімдерін талқылап, сол арқылы олардың жеке қасиеттері мен халыққа қосқан үлесін ашады. Сабақтарда оқулық материалдарын талдауға, тарихи деректермен жұмыс істеуге және фактілер мен оқиғаларды салыстыруға басымдық беріледі. Бұл тәсіл оқушыларды тереңірек ойлауға, ақпаратты талдауға және қорытынды жасауға үйретеді.

Тарихи тұлғаларды оқытудың маңызы

Қазақстан тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғалар – елдің дамуына, оның рухани және мәдени мұрасының қалыптасуына зор ықпал еткен ұлы хандар, билер, батырлар және ағартушылар. «Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы арқылы оқушылардың тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін тереңірек түсінуі, олардың саяси және әлеуметтік рөлін сараптауы басты назарға алынған.

Қазақ хандары, билері және батырлары – ел тәуелсіздігі мен ұлттық тұтастықты сақтауда ерекше рөл атқарған тұлғалар. Мысалы, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек ханның халық бірлігін нығайтудағы еңбегі, Қасым хан мен Тәуке ханның заңдық реформалары мен басқару жүйесі ұлттық мемлекеттілікті нығайтты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқының құқықтық мәдениетінің негізін қалады. Бұл тұлғалар өздерінің саяси шешімдері арқылы халықтың қауіпсіздігін сақтауға, мемлекеттіліктің дамуына үлес қосты. Абылай хан мен Кенесары ханның ұлт-азаттық күрестегі батылдығы мен қажырлылығы – ұлттық сана мен ерлік мұрасының көрнекті үлгісі. Бұл тұлғаларды оқыту оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, ел тәуелсіздігі мен ұлттық құндылықтарды қорғауға тәрбиелейді.

Ағартушылар мен ғалымдардың орны – қазақ халқының мәдениеті мен білімін дамытуда маңызды болды. Әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин сияқты ағартушылар ұлттық сананың қалыптасуына, білім мен ғылымның дамуына айрықша үлес қосты. Әл-Фараби әлемдік философия мен ғылымның дамуына ерекше ықпал еткен тұлға, оның еңбектері адамзаттың мәдениетіне қосқан үлкен мұра болып табылады. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері қазақ әдебиетінің, философиясы мен рухани өмірінің шыңы болып табылады, ал Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын сауаттандыруға арналған мектептердің алғашқы іргетасын қалады. Олардың еңбектерін оқыту арқылы оқушылардың білімге, өнерге және ғылымға деген құрметі артады.

Тарихи тұлғаларды оқыту олардың ұлт тарихындағы маңызын түсіндірумен қатар, оқушыларды өз еліне қызмет етуге, ұлттық құндылықтарды қорғауға, отансүйгіштікке

тәрбиелейді.

Оқу процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасында оқушылардың білімін арттыруға және олардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Әдіс-тәсілдерді таңдау барысында оқушылардың дербес жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіру мен тарихи материалдарды жан-жақты меңгеруін қамтамасыз ету басты мақсат ретінде алынады.

Оқушылардың дербес жұмысын дамытуға арналған тапсырмалар олардың өз бетімен ойлау, деректерді талдау, және өзіндік қорытынды жасау дағдыларын арттыруға бағытталған. Мысалы, сөзжұмбақтар – тарихи терминдер мен тұлғалар атауларын еске түсіруге көмектесіп, есте сақтау қабілетін дамытады. Тестілер оқушылардың білім деңгейін бағалауға мүмкіндік беріп, оларға нақты мәліметтерді меңгеруге және есте сақтауға жағдай жасайды. Реферат жазу сияқты тапсырмалар оқушылардың тақырыпты зерттеп, оны тереңірек түсінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар, мысалы тарихи эсселер мен презентациялар дайындау, оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға және шығармашылық тұрғыдан ойлауға ықпал етеді. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар ақпаратпен жұмыс істеуді, оның мәнін түсінуді және оны өздігінен баяндауды үйренеді.

Оқытудың интерактивті тәсілдері сабақтың қызықты әрі белсенді өтуіне жағдай жасап, оқушылардың оқу процесіне барынша қатысуын қамтамасыз етеді. Тарихи фактілерді талқылау әдісі арқылы оқушылар түрлі көзқарастарды тыңдап, пікірталас жүргізуді үйренеді, бұл өз кезегінде олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, дереккөздермен жұмыс істеу арқылы оқушылар тек оқулықпен шектелмей, қосымша материалдарды пайдалана отырып тарихи оқиғаларды жан-жақты қарастырады. Бұл әдіс тарихи ақпараттарды саралау, оларды салыстыру және дереккөздердің сенімділігін бағалау қабілетін қалыптастырады.

Осындай әдіс-тәсілдер арқылы «Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оларды тарихи деректермен жұмыс істеуге, өз ойларын нақты әрі жүйелі жеткізуге үйретеді. Дербес жұмысқа арналған және интерактивті әдістердің үйлесімі оқыту процесін тереңдетіп, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады.

Пәнаралық байланыстар мен білімді жетілдіру

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы оқушылардың тарихи білімін тек бір пән аясында ғана емес, басқа пәндермен байланыстыра отырып, кешенді түрде дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл тарихи кезеңдерді терең түсінуге және түрлі пәндер бойынша білімдерін жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиет, география және басқа пәндермен байланыс оқушыларға тарихи оқиғалар мен тұлғалардың сол уақыттағы мәдени және географиялық жағдайлармен байланысын түсіндіреді. Мысалы, қазақ әдебиеті пәнімен байланыс арқылы оқушылар тарихтағы ірі тұлғалардың әдебиетте бейнеленуін, олардың өмірі мен қызметіне арнап жазылған шығармаларды оқиды. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдай отырып, оқушылар оның замандастарын, қоғамдағы әлеуметтік жағдайды және сол уақыттағы мәдени ерекшеліктерді терең түсіне алады. География пәнімен байланыста, мысалы, көшпелі тайпалардың Қазақстан аумағындағы көші-қон бағыттарын зерттей отырып, оқушылар ежелгі замандардағы географиялық факторлардың әлеуметтік және экономикалық дамуындағы рөлін түсінеді. Сонымен қатар, Қазақстанның әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық байланыстары, сауда жолдары мен оның маңызы да географиямен байланысты тереңдетеді. Бұл пәнаралық байланыс тарихи құбылыстарды біртұтас жүйе ретінде түсінуге мүмкіндік беріп, оқушылардың білім көкжиегін кеңейтеді.

Білімнің тереңдігін арттырудағы әдістер оқушыларға тарихи тақырыптарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Оқыту барысында қосымша материалдарды пайдалану, мұрағаттық деректер мен ғылыми мақалаларды қарастыру оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытады. Мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаға қатысты қосымша

дереккөздерді пайдалана отырып, оқушылар түрлі көзқарастарды салыстырады, сол арқылы өз түсініктерін қалыптастырады. Тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттеу, мысалы, дереккөздердегі ақпаратты тексеру және оны сыни тұрғыдан бағалау қабілетін арттырады. Пәнаралық байланыстарды қолдану және білімді тереңдетуге арналған әдістер «Ғасырлар жырлайды» бағдарламасын ерекше етеді. Олар оқушыларға тарихи материалдарды жан-жақты қарастыруға, өткенге көпқырлы көзқараспен қарауға және өз білімін әртүрлі пәндерде қолдануға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасының басты мақсаты — оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, тарихи санасы дамыған, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін тұлғаларды тәрбиелеу. Тарихи білім мен ұлттық құндылықтарды ұштастыру арқылы бағдарлама жас ұрпақтың өз халқының мәдени мұрасын, салт-дәстүрін түсініп, ұлт тарихына деген құрметін арттыруға ықпал етеді. Оқушылар тарихи деректер мен ұлы тұлғалардың қызметі арқылы қазақ халқының елдікті сақтау жолындағы күресін, батырлық пен ерліктің мәнін түсінеді. Бұл таным олардың туған жерге, халқына деген сүйіспеншілігін қалыптастырып, ұлттық болмысын сақтауға бағыттайды.

Бағдарламаның ерекшелігі – оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру арқылы өткен тарихқа талдау жасап, оның сабақтарын қазіргі өмірмен байланыстыруға үйрету. Мысалы, ұлт-азаттық қозғалыстар, хандар мен батырлардың ерліктері, ағартушылардың қызметі сынды тақырыптарды оқу барысында оқушылардың бойында ел тағдырына жауапкершілік сезімі, отансүйгіштік қасиеттер қалыптасады. Осылайша, бағдарлама тарихи сананы жетілдірумен бірге, оқушыларды ұлттық және рухани құндылықтарды құрметтеуге баулиды.

Бағдарлама арқылы жететін нәтижелер ұлттық және рухани құндылықтарға негізделген білімнің оқушылардың болашағына тигізер ықпалын айқындайды. Оқушылар тарихи тұлғалардың тағылымын түсіну арқылы елге, қоғамға пайдалы іс атқарудың маңызын ұғынады. Бағдарлама олардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың болашақта саналы, жауапты азамат болып өсуіне жағдай жасайды. Сондай-ақ, оқушылардың жалпы білім деңгейі мен зерттеушілік дағдылары артады, бұл оларға жоғары оқу орындарында немесе қоғамда өз әлеуетін іске асыруға көмектеседі.

Қорытынды

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы Қазақстан тарихын оқытуда бірегей әдістемелік жаңалық болып табылады. Ол оқушыларға ұлттық құндылықтарды сіңіру, тарихи тұлғалардың рөлін түсіндіру және оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында жасалған. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны тарихи білімді заманауи әдістермен беруді көздейді, сондықтан оны тек тарих сабағы ретінде ғана емес, ұрпақ тәрбиелеудегі кешенді құрал ретінде қарастыруға болады.

Бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі – оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі маңызды оқиғалар мен тұлғалар жөніндегі терең мазмұн, интерактивті әдістер мен дербес зерттеу тапсырмалары оқушыларды тек тыңдаушы емес, тарихты зерттеуші ретінде қалыптастырады. Бұл әдіс олардың сыни ойлау қабілеттерін, тарихи деректерге талдау жасау және оларды әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарау дағдыларын дамытады. Тарихи тұлғалардың өмірін оқыту арқылы оқушылар елдің өткені мен бүгінгісін байланыстырып, қоғамдағы өз орнын түсінуге мүмкіндік алады.

«Ғасырлар жырлайды» бағдарламасының тағы бір артықшылығы – оның пәнаралық байланыстарды қамтамасыз етуі. Бағдарлама әдебиет, география, өнер сынды пәндермен ұштасып, оқушыларға тарихты кең тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Бұл кешенді тәсіл оқушыларға өз білімдерін жан-жақты дамытудың, мәдени және рухани құндылықтарды игерудің маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың ел тарихын білу арқылы патриотизм сезімін қалыптастыруға, елжандылық пен ұлттық сана-сезімін нығайтуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, «Ғасырлар жырлайды» бағдарламасы – Қазақстан тарихын оқытуда заманауи көзқарас пен дәстүрлі құндылықтарды біріктіретін құнды құрал. Ол білім беру жүйесіне ұлттық құндылықтарды, тарихи сананы тереңдетіп енгізеді, сол арқылы жаңа ұрпақтың бойында өз тарихына деген құрмет пен мақтаныш сезімін оятады. Бұл бағдарлама тарихты оқытудағы жаңа тәсіл ретінде білім берудің маңызды қажеттіліктерін қамтиды және оқушылардың жан-жақты дамуына зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыркулова, Ә. “Ғасырлар жырлайды”: Қазақстан тарихын оқыту бағдарламасы, 2024.
2. Жұмағұлов, Қ. “Қазақстан тарихы және оның заманауи оқыту әдістемесі”. Алматы: Мектеп, 2019.
3. Оразбекова, С. “Қазақстанның тарихи тұлғалары” – ұлттық тарих және тәрбие мәселелері. Астана: Тарихшылар қауымдастығы, 2020.
4. Тұрсын, Б. “Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы қазақ тарихы пәнінің рөлі”. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің еңбектері, 2021.
5. Айдарова, Л., Мұратов, С. “Қазақ хандығы және ұлт тарихының сабақтары”. Түркістан: Қазақ хандығы мұрасы, 2018.
6. Қожахметова, Қ. “Пәнаралық байланыстар және тарихты оқыту әдістері”. Оқу-әдістемелік журнал, №4, 2019.

ВОЛШЕБНЫЙ МИР ЛИТЕРАТУРЫ: ОТ СКАЗОК К МУДРОСТИ

Сандалюк Екатерина Сергеевна
Учитель начальных классов
Школа – гимназия №83 имени Ы. Алтынсарина

Литературное чтение является важной составляющей образовательного процесса, направленной на формирование у детей читательской культуры, развитие их творческого мышления, эмоционального интеллекта и нравственных ценностей. Программа «Волшебный мир литературы: от сказок к мудрости» разработана с учетом возраста учащихся 3 класса, их интересов и способностей.

Основная цель программы – привить любовь к чтению через знакомство с разнообразием жанров и тем литературных произведений, от сказок и поэзии до басен и рассказов о дружбе, семье, природе. Программа способствует расширению кругозора детей, обогащению их словарного запаса, а также учит анализировать поступки героев, формируя нравственные ориентиры.

Курс включает в себя изучение произведений мировой и казахской литературы, что помогает учащимся глубже понять богатство и многообразие культурного наследия, развить уважение к национальным традициям и мировым ценностям. Каждый урок строится на вовлечении детей в активное обсуждение, творческую деятельность и взаимодействие.

Программа предназначена для использования в школах Казахстана и разработана в соответствии с государственными образовательными стандартами.

Программа предназначена для использования в школах Казахстана и разработана в соответствии с государственными образовательными стандартами.

«Волшебный мир литературы: от сказок к мудрости».

Ввести в общеобразовательных школах курс по данной программе

ЦЕЛЬ:

Привить любовь к чтению через знакомство с разнообразием жанров и тем литературных произведений, от сказок и поэзии до басен и рассказов о дружбе, семье, природе. Программа способствует расширению кругозора детей, обогащению их словарного запаса, а также учит анализировать поступки героев, формируя нравственные ориентиры.

Направление:

Литературное чтение является важной составляющей образовательного процесса, направленной на формирование у детей читательской культуры, развитие их творческого мышления, эмоционального интеллекта и нравственных ценностей. Программа «Волшебный мир литературы: от сказок к мудрости» разработана с учётом возраста учащихся 3 класса, их интересов и способностей.

Направления работы:

Сказки народов мира и литературные сказки.

Направлены на изучение поэзии устного народного творчества и литературного писателя. В сказках заложен глубокий смысл жизни народа, занимательный сюжет, удивительные герои, закладывается настоящая поэзия, которая открывает мир человеческих чувств, взаимоотношений, утверждает доброту и справедливость, а также приобщает к культуре народов мира, и к родному языку.

Поучительные рассказы

Могут научить детей жизненным урокам, помогая развивать моральные ценности и эффективное правильное поведение. Показывают на примере героев, как можно быть честным, добрым, уважать старших и уважительно относиться к окружающему миру. Басни, пословицы и поговорки.

Изучая басни, пословицы и поговорки мы помогаем детям изучать и исследовать народную мудрость, которая отражает культуру, мировоззрение и повседневную жизнь людей. Исследование того какие идеи о добре и зле, правильном и неправильном доминируют в народной традиции, помогает понять, как менялись эти нормы в разные эпохи человечества.

Легенды народов мира.

Легенды часто наполняются магическими существами, фантастическими событиями и мифическими героями. Это даёт детям возможность развивать воображение и творчество, участвуя в дискуссиях, придумывая собственные версии историй или рисуя сцены из легенд.

Ожидаемый результат:

Умение работать с текстами различных жанров

Учащиеся будут разбираться в разных жанрах текста: описаниях, рассказах, письмах, смогут анализировать их особенности и использовать полученные знания для создания собственных текстов.

Творческое письмо и сочинение текстов

Учащиеся смогут писать творческие сочинения и рассказы, выражая свои мысли ясно и последовательно. Они научатся создавать тексты на различные темы, используя разнообразные стилистические средства и развивая индивидуальный стиль.

Улучшение речевых навыков через рифмы и поэзию

Дети научатся воспринимать и создавать стихотворения, развивая чувство ритма и рифмы, а также осваивать такие стилистические средства, как метафоры и эпитеты, для более яркой и выразительной речи.

Чтение и пересказ

Дети будут уверенно читать тексты, правильно интерпретировать их содержание, пересказывать прочитанное, выделяя главное, и использовать элементы анализа текста, вопросы к тексту, определение главной идеи.

Развитие словарного запаса

Ученики смогут активно использовать новые слова в своей речи и письме, знать их значения, уметь различать синонимы, антонимы и омонимы, а также правильно применять их в контексте.

Развитие критического мышления и креативности

Ученики будут развивать умение логически мыслить, анализировать и делать выводы, обучаться нестандартным подходам к решению языковых задач, что поможет им стать более креативными и уверенными в своём использовании языка.

В результате выполнения программы ученики смогут уверенно пользоваться

русским языком в письменной и устной форме, развить свои творческие способности, повысить уровень грамотности и уверенности в выражении своих мыслей.

Заключение

Этот урок помогает подвести итоги года, вспомнить важные произведения и показать детям, как литература влияет на их развитие и мировоззрение.

Программа «Волшебный мир литературы: от сказок к мудрости» помогает детям научиться ценить литературу как источник не только знаний, но и морали. Завершив программу, учащиеся смогут глубже понимать произведения, отличать персонажей с положительными и отрицательными чертами, осознавать важность каждого поступка героя и его моральный выбор.

В результате программы дети не только укрепят свои навыки чтения и анализа текста, но и приобретут важнейшие жизненные ценности: уважение к другим, любовь к родной культуре и патриотизм, а также способность применять полученные знания в своей повседневной жизни.

Программа помогает воспитать не только грамотных читателей, но и людей с ярко выраженной внутренней моралью, способных анализировать свои поступки, проявлять терпимость и уважение к окружающим, а также понимать, что волшебство существует не только в сказках, но и в реальной жизни через добрые поступки и мысли.

Список литературы

Министерство образования и науки Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. — Астана, 2022.

Кушнир А.М. Как приобщить детей к чтению – Начальная школа- 2017 - №5

Касымова, Г.М. «Особенности формирования коммуникативной компетенции у младших школьников в образовательной системе Казахстана.» — Алматы, 2019

Алексеевская А.Т. Формирование читательских интересов младших школьников. - М., 2018

Ашимова, А.Б. «Методические рекомендации по внедрению современных подходов в обучении младших школьников.» — Алматы, 2021

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.АЛТЫНСАРИНА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Фахрутдинова Раушан Жанибековна
Учитель начальных классов г.Астана

Ибрай Алтынсарин – это уникальная и многогранная историческая личность, писатель и поэт, педагог-просветитель, этнограф, публицист и общественный деятель. Алтынсарин видел счастливое будущее своей страны в грамотности подрастающего поколения. И.Алтынсарин всеми силами способствовал строительству школ, обеспечению их учебниками и призывал народ к просвещению.

Каждое его произведение наполнено глубоким смыслом, моралью и воспитательно-образовательным компонентом. Он является автором стихов, призывающих детей к получению знаний, расширению кругозора; рассказов, направленных на воспитание у подрастающего поколения таких нравственных качеств, как доброта, честность, скромность, ответственность, отзывчивость, трудолюбие, уважение к старшим и т. д. Поэтому его произведения широко используются в учебно-воспитательном процессе.

Широко известны его произведения: «Чувство жалости сильнее боли», «Умный мальчик», «Отец и сын», «Кипчак Сейткул», «Вред лжи», «Юрта и деревянный дом», «От чего бывает плохо», «Чистый родник», «Невежество», «Золотой орех», сказки «Золотой чуб», «Сын бая и сын бедняка», притча «Щедрый человек» и другие. Кроме того, он писал стихи, притчи, басни, сказки и рассказы.

Из опыта работы в начальной школе хочу поделиться методами и приёмами, которые использую на уроках литературного чтения, во время классных часов при

работе с произведениями Ы.Алтынсарина.

-Прогнозирование содержания текста по заголовку. - О чем может идти речь в рассказе под названием «Щедрый человек», «Умный мальчик» или «Чистый родник»? Учитель подводит итог, что основная мысль может быть заключена в заголовке текста.

-Словарная работа. Очень важно убедиться, что, знакомясь с содержанием текста, дети поймут смысл отдельных слов, особенно если они выражают чувства и черты характера: «невежество», «щедрость», «скупость», «жалость», «боль», «уважение» и др. Словарную работу можно провести как до изучения текста, так непосредственно и во время чтения.

-Оценочные суждения. Очень важно научить детей не только понимать и запоминать содержание текста, но и научить рассуждать о ценности идей в полученной информации, побуждать к оценочным действиям.

- Какая информация в рассказе «Чистый родник» оказалась самой ценной для тебя?

Виды работы:

- Выбери из текста и напиши 15 ключевых слов. Далее предлагаю из выбранных слов выбрать 1-5 самых главных слов.

- Подбери антоним к слову «чистый» и дай объяснение словам с переносным значением. Объясни значение выражений «чистые мысли», «грязные мысли», «грязные поступки», «чистый человек», «руки в грязи», «душевная чистота», «чистая речь» и другие.

- Напиши эссе.

- Подбери (из предложенных пословиц) пословицу по содержанию. Например. Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі. (Знает не тот, кто долго живет, а тот, кто много видел). Сусын көзі – бұлақта, білім көзі – кітапта. (Источник жизни в роднике, источник жизни в книге).

- Задания с проявлением творчества.

- Стратегия «Авторский стул» (учащиеся самостоятельно придумывают текст, а затем садятся перед классом и зачитывают свою работу вслух).

Дидактическая игра «Узнай произведение по отрывку из текста».

- Составь групповой постер по содержанию, используя различные средства для художественного выражения.

-Защита научных проектов. Особый интерес у детей вызывает подготовка и защита научных проектов. Учитель конечно должен оказать поддержку и направить воздействие на деятельность ученика, способствуя развитию его аналитического мышления, любви к литературным произведениям и интерес к их авторам.

В заключении хочется сказать : изучайте наследие И.Алтынсарина , используйте произведения в своей работе с детьми и воспитывайте настоящих патриотов своей Родины!

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ОНЫҢ ЖЕКЕ ҚАБІЛЕТІН АШУҒА ЖӘНЕ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН



Батыргалиева Шыныр Халелқызы - Астана қаласы әкімдігінің «№83 мектеп-гимназиясы» директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Тәуелсіз мемлекетімізге терең білімді, ізденімпаз өз бетімен шешім қабылдай алатын, барлық іс - әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын жеке тұлға қажет. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуы қажет. Сол себептен біздің негізгі мақсатымыз инновациялық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының өздігінен білім алу қабілеттерін дамыту.

«Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталғанын» атап көрсетті. Тек алған біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану.

Өздігінен білім алу қабілеттерін дамыту үшін сабақтарда проблемалық сұрақтар қойып, өздік жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет. Өздік жұмыс арқылы оқушыларда мынадай қасиеттер қалыптасады.

1. Өз бетінше ойлану біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Басқа оқушылардың жауабына сын көзбен қарау.
4. Өз ойының дербестігі.

Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі – педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Байтұрсыновтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибие арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі- оның білімінің шеберлігі ұзақ жолды қысқарту және ол жолдан балалар қиналмай өту үшін керек.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мынадай.

- мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі.
- жұмысты орындаудың уақытын белгілеуі
- жұмысты өз еркімен істеуге үйрету

1. Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап отыратындай жұмыстары жатады.

2. Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдерді қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, уақыт талабына сай шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқытудың жаңа ақпараттық техникасын пайдаланған жөн.

Оқу – тәрбие үрдісінде даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетіне қалыптастыруға бағыттау.

Білім беруде – жеке өз бетінше оқытуды дамыту көзделіп отыр.

Осы бағытта оқушыға берілетін жекелей тапсырмалардың үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлер екенін ескере отырып, соңғы шығармашылық деңгеймен оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық

тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен бірдей. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс – пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан – жақты тануды ойлап, оқушылардың деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті. Виготский «Әр баланың өзінің даму зонасында жетілдіру керек» - деген екен.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге сегіз қырлы, бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерің дамыту күрделі құрылым екені даусыз.

Білім, икемділік, дағды тек өзіндік жұмыстың нәтежиесінде қалыптасады. Өздігінен жұмыс істегенде оқушы өз қабілетін, мүмкіндігін біліп еңбегіне қанағаттанады. Еңбектену барысында ой - өрісі, сезімдері тереңдейді, шыдамды, еңбексүйгіш болуға үйренеді. Ойындар, ертегілер, сөзжұмбақтар, жұмбақтар, мақал – мәтел, тест тапсырмаларын қолданғанда оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады. “Оқу мен жазу арқылы” сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін пайдаланғанда сабақтардың қызықты, жеңіл өтетіндігіне, ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге үйренетініне, білімінің терең, тиянақты болатындығына көзім жетті.

Бұл технологияның стратегиялары баланың белсенділіктеін арттырып, өз бетінше білім алуға дағдыландырады. Өздігінен жұмыс істеуге дағдыланған оқушы кездескен қиындықтарды жеңе алады, өз ісіне тыңғылықты болады, алға қойған мақсатына жетеді. Топпен, жұппен жұмыс істегенде олар өзара пікірлесіп, топқа берілген сұрақтарға тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеуге үйренеді, тапсырылған іске жауапкершілік, табандылық, бір- біріне деген жолдастық көмек қалыптасады. Өзіндік жұмыстың тиімділігі - оның сапалы орындалуында. Ол үшін мұғалім жұмысты дұрыс ұйымдастырып, оқушыларға жұмыстың мақсатын түсіндіру керек. Білім негізі бастауышта қаланады. Ендеше, бастауыш сыныптардан бастап, өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландыру қажет. Өз бетінше жұмыстың негізгі ерекшелігі - оқушының көмегінсіз орындауы. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздеріне жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының іс - әрекетін дұрыс жолға бағыттағаны жөн.

Балалардың жалпы психикалық дамуы оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты. Психология ғылымында өздігінен білім алу, оқушылардың ақыл - ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады. Өзіндік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Оқушыларды дербестікке үйрету.
2. Оқушылардың алған білімі саналы әрі берік болады.
3. Оқуға қажет біліктер мен дағдылар қалыптасады.
4. Оқушылардың таным, ақыл ой қабілеттері дамиды
5. Оқу ынтасын арттырады.

Өз бетімен жұмыс істеу қабілеті, тәсілдері адамның санасында ертерек оянып қалыптасса, соғұрлым оның жүйелі шығармашылық еңбек етуіне мол жағдай туады.

Өзіндік жұмыстың мынадай түрлерін жүргізуге болады:

Сөзжұмбақ құрау, шешу.

Бір тақырыпқа пікірталас тудыру. Қыс тақырыбын өткенде сынып оқушыларын екі топқа бөліп, бір топқа қыс мезгілінің жақсы жақтарын, екінші топқа жаман жақтарын айтқызып пікірталас тудырамын.

- Шағын әңгіме, мәтін құрау.
- Әңгімелерді бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
- Ұнатқан кейіпкерге мінездеме беру.
- Саяхаттан алған әсерлері бойынша шығарма жаздыру.

- Газет журналдары оқу үрдісінде үнемі пайдалану.
- Ауыз әдебиеті түрлерін кеңінен пайдалану.
- Ертегі құрастыру.
- Тірек сызбалар сыздыру.

Жас жеткіншектерге бүгінгі күн талабына сай білім мен тәрбие беру ісі педагог мамандарға үлкен жүк артады. Білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оны оқушылардың технологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технологияны жетік меңгеру сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданып жүргені мәлім. Олар, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту» технологиясы, Ж.Қ. Қараевтың «Деңгейлеп саралап оқыту» технологиясы, П.М. Эрдниевтің «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» технологиясы, В.Ф. Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясы, «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» технологиясының негізгі мақсаты, нақты жолдары

1) өзара байланысты амал, операция т.б. біріктіре және бір мезгілде қарастыру; 2) есеп құрастыру және шығару үрдісінің бірлігін қамтамасыз ету; 3) Тура есепті кері есепке және керісінше айналдыру. «Деңгейлік саралап оқыту» технологиясы тұжырымының ерекшелігі: мықтылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер өзін-өзі сынап қарауға мүмкіндік алып, өзіне сенімсіздіктен арылады, күшті топтарда оқуға деген ынтасы артады, білім дәрежесі деңгейлес оқу топтарында оқу жеңілдейді. «Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясының негізгі мақсаты: -Білім, білік мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушылардың дағды қалыптастыру; жеке мәліметтеріне қарамастан, барлық баланы оқыту. «Ойын арқылы оқыту» технологиясының негізгі мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендіру. Ойындық іс әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап талғамдарына сүйенеді. «Дамыта оқыту» технологиясының негізгі мақсаты: -Бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, өз бетімен жұмыс істеу т.б. қасиеттер дамыту.

Қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда тигізер пайдасы зор. Оқушылардың өзіндік жұмысы- мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушылардың оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау, әр түрлі танымдық тапсырмаларды орындау талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларда тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады. Дидактикалық мақсатына қарай өз бетінше жұмыстарды жаңа материалдарды оқып үйренуге дайындық, жаңа материалды оқып үйрену, бекіту, қайталап пысықтау және бақылау деп бөлуге болады.

Білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Ендеше, осы бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Атап айтсақ жаңа ұғымды, заңдылықты, ережені түсініп, тұжырымдау, есепті талдап шығара білу, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, өзінің іс-әрекетіне бақылау жасай білу т.б.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден-бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әр түрлі әдіс тәсілдері. Мысалы, математикадан «4-тің көбейту кестесі» тақырыбын өткенде оқушылардың алған білімдерін ары қарай дамытатын, және бекітуде оқушылармен мынандай жұмыстар жүргіземін. Олар ойын түрінде ұйымдастырылса оқушылардың есінде тез қалады. Және де оқушылар қызығып орындайды. «Сиқырын тап» ойынының мазмұны берілген өрнектердің сәйкес мәнін тауып бір-бірімен бағыт арқылы қосу. Осы тақырыптар бойынша берілген есептерді шешіп, оларға кері есептерді оқушылар өздері құрайды және шешеді. «Дамыта

оқыту» технологиясын пайдаланы отырып, бір таңбалы сандарды тек бір сандарға ғана көбейтіп қоймай, оларды екі, үш таңбалы сандарға да көбейтуді өздері орындайды. Қазақ тілі пәнінен «Сөз таптары» тақырыбын өткенде тірек сызбалар арқылы жұмысты ұйымдастырамын. Сөз таптарын әрқасысына жеке мысалдар келтіреді. «Сөйлем. Мәтін» тақырыптарын өткенде суреттерден сөйлемдер, және шағын мәтін, әңгіме құрайды. «Сиқырлы тізбекті» көптеген тақырыптарға пайдалануға болады. Мысалы: сөздерге дыбыстық талдау жасауда, сөз, сөйлем, мәтін, сөз таптары, сөйлем мүшелері т.б. «Ұйқасын тап» ойынын жүргізудің мақсаты оқушыларды өз бетінше өлең шығара білуге үйретеді.

Көктем келіп

Қуанады.

Құстар бақта.....

Гүлде далада.....

Оқушылардың өз бетінше білім алуы олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне әкеледі.

Бастауыш мектеп - баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Бұл – оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезең. Олай болса қызықты сабақтар- мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік –ізденіс көтерілген белесі, абырой атағы, мақсат- міндеті.

Жаңа технологияларды пайдаланып өткізілген сабақтардың нәтижесі жоғары болатынына тәжірибие арқылы көз жеткізіп отырмыз. Бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, білім қажетін ескермеітін, енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе үлгерімі орташа деңгейдегі балаларда өзгерістер көп. Мұның бәрі өз бетінше жұмыс істеп, табысқа жиі жетіп, өз күшіне сенуінің арқасында, өзіне жоғары талап қойып, сәтсіздік себебін өзінен іздейтіндер саны артты.

Мысалы :

1. Диктант жұмысын жүргізгеннен кейін «Өз өзінді тексер» жадынамасын пайдалану барысында, оқушы сауатты, әдемі жазуға тырысады.

2. Өз бетінше кітап оқуын ұйымдастырсақ, оқушылардың оқу жылдамдығы, сауаттылығы арта түседі.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр.

Оқушының сабақта алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу, оқушының өзін – өзі тануына, өзіндік МЕНІН оятуға бағдар баеу.

«Мен өмірде неге қол жеткізуім керек» деген сұраққа жауап бере алатындай болу керек.

Қорыта айтқанда : Оқушы мектепте алған білімін өмірде еркін пайдаланып, ержеткенде өмірде өз орнын табатын білімді, тәрбиелі, мамандығын жетік білетін ізгілікті жеке тұлға болуына жас кезінен көңіл бөліп өз бетінше еркін жұмыс істей білуге үйренген дағдыларын іске асыру қажет.

Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесі тең ететін күш –білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ –егеменді елдің берік тірегі.



АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ

**Акпишева Аяжан Серикбайқызы.,
ағылшын тілі пәні мұғалімі Астана қаласы,
Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы**

Аңдатпа. Қазіргі қоғамның даму кезеңі ақпараттық процестермен сипатталады. Ақпараттандыру процесінің негізгі бағыттарының бірі білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық-технологиялық құралдарды енгізу болып табылады.

Тақырып өзектілігі бір жағынан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың ағылшын тілін үйренудің әдістемелік тәсілдерін жетілдірудегі орта мектептердің қажеттіліктерімен және екінші жағынан ағылшын грамматикасын жақсы меңгеру қажеттілігімен анықталады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың грамматикалық дағдысын интернет ресурстары арқылы дамытуды қарастыру. Жұмыста келесі міндеттер шешіледі:

1. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымын және ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы оқытушының құзыретін қарастыру;

2. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың грамматикалық дағдысын интернет ресурстары арқылы дамытуды тәжірибе жүзінде айқындау.

Түйінді сөздер: зерттеу жұмысы, интернет-ресурстар, АКТ, эксперимент.

Жұмыстың әдіснамалық негізі психология мен педагогиканың іргелі ғылыми ережелері болды: дидактика және ақпараттандыру және білім беруді басқару теориясының принциптері (Б.С. Гершунский, Г.М. Клейман), оқытудың жетекші психологиялық-педагогикалық теориялары (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, И.Я. Зимняя, А.А. Леонтьев), шет тілдерін оқыту әдістемелері (И.Л. Бим, Н.И. Гез, М.Л. Вайсбурд, А.А. Миролубов, И.В. Рахманов, А.Н. Шукин), оқытуды технологияландыру принциптері (С.И. Архангельск, В.П. Беспалько, К. Маклин). Ақпараттық технологиялар негізінде шетел тілінде ауызша қатынас жасау барысында әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті қалыптастыру жолдары. Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану.


Ағылшын тілі сабағында Britishcouncil, Perfect English Grammar, LearnEnglishFeelGood интернет ресурстарын қолдана отырып оқушылардың грамматикалық дағдысын дамыту. 2024-2025 оқу жылында Астана қаласы, Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Эксперименттік зерттеуге екі сынып алынды. Бұл тәжірибеде 8 «В» сыныбындағы (бақылау тобы) ағылшын тілі сабақтарында грамматиканы оқу бағдарламасы материалы бойынша және 9 «Ж» сыныбында (эксперименттік топ) грамматикалық дағдыны дамыту мақсатында келесі берілген интернет ресурстарын жүйелі түрде қолдандық. Зерттеу кезең-кезеңімен жүргізілді. Эксперименттің ұзақтылығы 9 апта. Ағылшын сабағы аптасына үш реттен бекітілген.

14-15 жас аралығындағы, қабілеттері, деңгейлері әр түрлі жастағы оқушылармен жұмыс жүргізілді. Педагогикалық тәжірибе барысында біз грамматикасы тамаша студенттермен де, грамматика нашар оқушылармен де кездестік. Мүмкін, бұл мұғалімдердің әдетте өз оқушыларын тек лексиканы оқуға, жағдаяттық диалогтарды жаттықтыруға бағытталғандығынан туындауы мүмкін. Мұғалімдердің грамматиканы толық үйретуі керек деген қорытындыға келуге болады, өйткені ол оқушылардың грамматика мен басқа айтылу ерекшеліктерін сезінуіне әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар айтылу оқушылардың сөйлескенде түсінуі мен түсініктілігіне оң әсер етеді.

Зерттеу барысында оқушыларға қатты қиындық тудыратын грамматикалық

тақырыптарды оқытуға кірістік. Алайда, біз оқушылармен грамматика дағдыларын күнделікті сабақ жоспарларымен қатарластырып оқыттық. Алдымен, бақылау тобы мен эксперименттік тобынан грамматикалық білімдерін тексеретін тест алдық.

1-Сурет. Эксперименттік тобы мен бақылау тобының деңгейлік нәтижелерінің 10 баллдық жүйедегі салыстырмалы көрсеткіші (бақылауға дейін)




1-Сурет көрсетіп тұрғандай, екі топ оқушыларының қабілеттері аралас және ағылшын тілінің білім деңгейі орташа. Әр топта оқушы саны 11. Тест нәтижесі бойынша 8 «В» сыныбында 1 оқушы 4 балл, 1 оқушы 5 балл, 3 оқушы 6 балл, 3 оқушы 7 балл, 2 оқушы 8 балл, 1 оқушы 9 балл алды. Ал 8 «Ж» сыныбында 1 оқушы 3 балл, 2 оқушы 4 балл, 3 оқушы 5 балл, 3 оқушы 6 балл, 1 оқушы 7 балл, 1 оқушы 8 балл жинады. Екі сыныптың нәтижелерін салыстырсақ 8 «В» бақылау тобының көрсеткіші 8 «Ж» эксперименттік тобына қарағанда жоғарылау.

Грамматиканы оқытуда көмектесетін мүмкіндіктерді сипаттап, осы сайттардың артықшылықтары мен кемшіліктерін есептеп және грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың әртүрлі кезеңдерінде ұсынылатын тапсырмаларды қарастырамыз.

British Council сайты [<http://learnenglishteens.britishcouncil.org/grammar-vocabulary/grammar-videos>].

Бұл сайттың материалдары ағылшын тілін егжей-тегжейлі үйренуге арналған және A2-B2 деңгейі бар студенттерге қолайлы. Белгілі бір тақырып бойынша грамматиканы және оларға арналған жаттығуларды бейнелейтін нұсқаулық бейнелер түрінде ақпарат берудің қызықты түрі. Грамматикалық бөлімдер материалды енгізуге, өңдеуге және бекітуге бағытталған. Бұл ресурс сабақ барысында жаңа грамматикалық материалды енгізу үшін, сондай-ақ оны бекіту және оқушылардың өзіндік жұмысына үйрету үшін пайдаланылуы мүмкін.


2-Сурет. Эксперименттік топтағы оқушылардың осы интернет ресурсы арқылы грамматикалық жаттығу орындау бойынша пайыздық көрсеткіші.




Бұл суретте эксперименттік топтағы әр оқушының жаттығулар көмегімен қол жеткізген бірінші тексеру нәтижелері пайыздық көрсеткішімен ұсынылған.

LearnEnglishFeelGood сайты [<http://www.learnenglishfeelgood.com/esl-english-grammar-exercises.html>]. Бұл сайттың мақсатты аудиториясы әр түрлі жастағы және А1-ден С1-ге дейінгі кез-келген деңгейдегі оқушылар бола алады. Материалдар сыныпта жұмыс істеу үшін, сондай-ақ грамматикалық материалды пысықтау мақсатында үйде өз бетінше жұмыс істеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

3-Сурет. Эксперименттік топтағы оқушылардың екінші интернет ресурсын пайдаланып, орындаған жаттығу бойынша пайыздық көрсеткіші




4-Сурет. Бақылау тобы оқушыларының соңғы жазба бойынша пайыздық көрсеткіші



Келесі суретте зерттеу кезінде алынған екі топты теңестіру барысында әлі де эксперименттік тобының деңгейі бақылау тобының деңгейіне қарағанда жетпей тұрғанын байқаймыз, бірақ эксперименттік тобының бастапқы нәтижесімен салыстыратын болсақ біршама жетістігі көрінеді. Яғни, зерттеу барысында іс-жүзінде қолданылған интернет ресурстары өзінің тиімділігін дәлелдегенін көрсетеді.

5-Сурет. Бақылау тобы мен эксперименттік тобының оқыту нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіші



Қорытындылай келе, оқушылардың берілген интернет сайттары арқылы экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі грамматикалық дағдылардың қалыптасу деңгейі жеткілікті деңгейде дамыған.

Бақылау тапсырмасын эксперименттік топқа жүргізу барысында ағылшын тілі грамматикалық дағдының деңгейі әжептеуір көтерілгені байқалады.

Қорытынды

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ағылшын грамматикасын оқыту мазмұнына әсері үш аспектке ие:

- мазмұнды кеңейтуге, оны сыйымды етуге мүмкіндік береді;
- мазмұнды түзету, оның құрылымы мен компоненттерін қайта қарау;
- жалпы шет тілдерін оқыту әдістемесін жаңа формалармен және мысалдармен байыту, оны компьютердің көмегімен жаңа мәселелерді шешу арқылы тиімдірек ету.

Зерттеу нәтижесінде біз мектептің 8-сыныбына арналған тіл деңгейіне, оқушылардың жасына және грамматика саласындағы бағдарламалық талаптарға сәйкес келетін интернет көздерін ұсындық және оларды сөйлеудің грамматикалық жағын оқытуда қолдану тәсілдерін көрсеттік, онда сараланған оқыту принциптері іске асырылады.

Жұмыста ұсынылған интернет-ресурстар оқу процесіне қатысушылардың (мұғалімдер мен оқушылардың) іс-әрекетінің құралы ретінде, сондай-ақ оқу процесіне қатысушылардың жекелеген функцияларын іске асыру құралдары ретінде сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл зерттеуде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту бойынша оқушылардың өзіндік жұмысында АКТ-ны қолдануға баса назар аударады.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелері ағылшын тілін оқыту процесінде интернет ресурстарды пайдалану грамматикалық дағдыны дамытуға, оқу процесін жетілдіруге және әртараптандыруға сонымен қатар егер материал сабақтың мақсаттарына, білім алушылардың білім деңгейіне, олардың жасына және қызығушылықтарына сәйкес таңдалса, сабақтың тиімділігін арттыратындығын көрсетті. АКТ құралдары мен интернет ресурстарын сабақ барысында қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып ынталандыра түсті. Өткізілген зерттеу нәтижесі оқушылардың берілген интернет сайттары арқылы эксперименттен кейінгі грамматикалық дағдылардың қалыптасу деңгейі жеткілікті деңгейде дамығаның дәлелдеді.

Экспериментке дейінгі нәтиже бойынша эксперименттік топ үлгерімі пайыздық мөлшерде 18% құраса эксперименттен кейінгі нәтиже 33%-ды көрсетті, ал бақылау тобы жайлы айтатын болсақ экспериментке дейінгі көрсеткіш 32%-тен эксперименттен кейін

36%-ға дейін өскен. Осылайша нәтижелерді салыстыра отырып, алғашқы көрсеткішке қарағанда соңғы көрсеткіш оқушылардың грамматикалық деңгейі жеткілікті жақсарғанын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Клоков Е. В., Денисов А. В. Технология проектного обучения // Школа. - 2006. - №2. – С.30-35.
- 2 Куркимбаева А.М. Ақпараттық технологиялар негізінде шетел тілінде ауызша қатынас жасау барысында әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті қалыптастыру жолдары.// Маг.дисс. Алматы, 2014.
- 3 Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. –200 с.
- 4 Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Психолог, 2001. – 284 с.
- 5 Sysoyev P.V. Integrative L2 Grammar Teaching: Exploration, Explanation and Expression // The Internet TESL Journal. 1999. №6. - URL: <http://www.aitech.ac.jp/~iteslj/Articles/Sysoyev-Integrative.html>

«МЕНИҢ КЕЛБЕТІМ-ТАҒАМЫМНЫҢ КӨРІНІСІ, ОҚУ ҮЛГЕРІМІМНІҢ КЕПІЛІ» ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ҮЛГЕРІМІНЕ ӘСЕРІ



Аманкулова Жадра Пазилбековна
Астана қаласы әкімдігінің «№4 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК
Биология пәнінің мұғалімі,
педагог-модератор

Аңдатпа: Адамның денсаулығы мен сыртқы келбеті оның ішкі дүниесімен тығыз байланысты. Әсіресе, оқушылар үшін дұрыс тамақтанудың маңызы зор. «Менің келбетім – тағамымның көрінісі» дегенде, біз тағамның біздің физикалық жағдайымызға, теріміз бен шашымыздан бастап, жалпы денсаулығымызға қаншалықты әсер ететінін айтамыз. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану оқу үлгерімінің де кепілі бола алады. Энергия мен қажетті дәрумендерге бай тағамдар ойлау қабілетін жақсартып, зейінді арттырады, ал дұрыс тамақтанбау шаршауды, көңіл күйдің төмендеуін

және оқу процесінде қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан денсаулығымыз бен оқу жетістіктеріміз үшін дұрыс тамақтану – бізге өмір бойы пайда әкелетін маңызды таңдау болып табылады.

Ас — адамның арқауы. Дұрыс тамақтану – адамның денсаулықты сақтауына, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына септігін тигізеді. Денсаулығымыздың сау болуының 80 пайызы қалай тамақтанғанымызға байланысты. Бұл — зиянды тамақтарды пайдалы өнімдермен алмастыру.

Интернет жүйесін, медициналық кітаптарды оқи отырып, таңертеңгі кезде тамақтану тек қана ата-аналардың ғана емес, диетологтердің де бас ауыртатын үлкен мәселесіне айналғанын көруге болады. Соңғы зерттеулер бойынша Қазақстан Республикасының мектеп жасындағы балалардың денсаулығының нашарлағанын көрсетеді.

18 жасқа дейінгі балаларды медициналық тексеруден өткізу барысында денсаулығы тым нашарлап кеткендігі анықталған. Өткен онжылдықпен салыстырғанда денсаулығында ақауы бар балалар саны артқан. Әсіресе төмендегі аурулар саны күрт өскен:

- Қан аурулары;
- Эндокринді аурулар;

- Сүйек-бұлшық ет аурулары;
- Ас қорыту ағзаларының ауруы;
- Қан жүйесі айналымы.

Ас қорыту аурулары, ең алдымен, оқушылардың тамақтану қалпына байланысты. Жаңа ақпараттардың ағыны пайда болғаннан бері, оқу бағдарламасының қиындауынан, қосымша жүктемелері көбеюіне байланысты ой және денеге түскен күштер айтарлықтай өзгерді. Осыған байланысты қазіргі балалардың тамақтануына аса көңіл бөлу керек. Оқушының тамақтану рационы ағзаның өсуі мен өмір сүру, оның жұмсалған энергетикалық күшіне сәйкес болуы керек.

Мектептегі дұрыс тамақтану мәселелері қазіргі уақытта аса өзекті мәселе болып табылады. Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан - жақты дамуының кепілдігі, тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналады. Тамақтың құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тамақтану сауаттылығының бес негізі:

- 1) Тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (нәруыз, май, көмірсу);
- 2) Тамақ рационында қосымша заттардың болуы (витаминдер, микроэлемент);
- 3) Тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
- 4) Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
- 5) Тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормаға сай болуы

Тамақтану тәртібі

Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді. Бірінші - тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу. Екінші - тәулігіне бір - екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш немесе төрт рет тамақтану керек. Үшінші - тамақ құнарлы болғаны жөн. Тәуліктік ас мәзірі әр түрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, көңіл - күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей ретте ол керісінше бұл процесті бәсеңдетеді. Мұны мамандар физиологиялық процесс деп те атайды.

Таңғы ас не үшін қажет?

Біздің ағзамыз жасушалардан тұратыны белгілі. Түнде маужырап ұйқыға кеткенде, жасушалар жұмыс істейді, жаңа жасушалар пайда болады. Сондықтан ұйқыдан оянганда біздің ағзамыз аш, шаршаған және әлжуаз күйде болады. Ағзаның күштерін қалпына келтіру керек, сіңімді заттармен тамақтану керек – ақуыз, майлар, дәрумендер. Таңғы ас бала ағзасына өте қажет.

Егер біз таңертең тамақтанбасақ, біздің ағзамыз қажетті заттарды ағзаның басқа мүшелерінен алады. Осыдан кейін шаштың сиреуі, тістің түсуі, бұлшық еттердің ауруы пайда болады.


Ғалымдардың зерттеулері бойынша таңғы ас ішкен балалар жақсы дамиды, оқуда да нәтижелі, денсаулықтары мықты болады. Таңертең тамақ ішпеген балалар керісінше көңіл-күйі ала бөтен, белсенділіктері баяулау, ақпаратты қабылдауы төмен болады. Осылайша, таңғы ас оқушының жұмыс қабілетіне «Ми қабатының тамақтануына» ерекше әсер етеді. Тамақтану саласындағы мамандар таңғы астың бала ағзасына әсерін нақты дәлелдеген.

Таңғы асқа не жеу керек? (сағат 7.00-9.00 аралығы)



Адамның денесінің 90% судан тұрады. Су адамның терісі арқылы, бүйрек пен ауа жұту арқылы далаға шығады. Сондықтан тамақтану мен су ішуді кезектестірген жөн. Диетологтер таңды асты су, шай, шырын ішумен бастауға ұсыныс береді. Сұйықтық ағзаның оянуына және ас қорытудың жақсы жұмыс істеуіне көмектеседі.

Таңғы ас пен түскі ас, түскі ас пен кешкі астың арасында 3-4 стакан су ішу керек. Тамақпен ішілген барлық сұйықтық ағзаның тәулік бойы дұрыс жұмыс істеуін қалыптастырады.



Мен мұнда «дұрыс тамақтанудың үш негізін» атап көрсетемін.

- Жемістер- бұлар иммунитеттерді қалыпта ұстайтын дәрумендер мен жасушалардың сыртқы қабатының қайнар көзі, бақшадан жиналған жемістердің де пайдасы зор. Бұлар - цитрустар мен анар! Көктем мезгілі жақындағанда яғни дәрумендердің жетіспеушілігі өршіген кезде шие, құлпынай және аскөк қабылдаған жөн.

- Дәнді дақылдар- оларда А және D дәрумендері, темір көп. Дәнді дақылдарда түнгі демалыстан кейін күш беретін ағуыздар бар.

- Сүт тағамдары – сүт, йогурт, ірімшік бала ағзасына қажет кальцийдің қайнар көзі. Сонымен, жемістер, ботқа және сүт негізіндегі тағамдар – бала таңғы асының негізі. Таңғы ас жедел тамақтану мен ыстық тамақтан және ыстық сұйықтықтан тұруы керек.

Әр түрлі ас мәзірі тағамдарды әр түрлі аспаздық өңдеу арқылы жүзеге асады, баланы тамақтандыру энциклопедиясында ҚР БҒМ арнайы санитарлық құжаттамаларында мектеп оқушысының тәуліктік орташа тамақтану қалпы туралы айтылған.

Мектеп оқушысына қажет тәуліктік орташа өнімдер құрамы

Өнімдер	Оқушының жасы	
	7 – 10 жас	11 – 13 жас
Бидай наны	150 гр	200 гр
Арпа наны	70 гр	100 гр
Жарма, макарон өнімдері	45 гр	50 гр
Картофель	200 гр	250 гр
Әр түрлі көкіністер	275 гр	300 гр
Жемістер	150 – 300 гр	150 – 300 гр
Қант	60 гр	65 гр
Кондитер өнімдері	10 гр	15 гр
Сары май	25 гр	30 гр
Сұйық май	10 гр	15 гр
Жұмыртқа	1 дана	1 дана
ірімшік	40 гр	45 гр
Қаймақ	10 гр	10 гр
Ірімшік	10 гр	10 гр
Құс еті, шұжық	140 гр	170 гр
Балық	40 гр	50 гр

Түскі ас (сағат 13.00-14.00 аралығы) - ас үлесі (рацион) құнды әр түрлі тағамдар жиынтығы, организмді керекті құнарлы заттармен қанықтырады;

Таңертеңгілік ас қою, тығыз болсын; түскі аста негізгі тамақ қабылданады; кешкі ас калориялығы жөнінен таңертеңгілік аспен бірдей болып ұйқыға кемі 1,5-2 сағат қалғанда ішілуі керек. Тамақты өте жәй, ұйықтар алдында қабылдау зиянды, ол ұйқыны қашырады, ас қорытуды қиындатады, май жиналуына себепші болады. Кейде ұйықтар алдында бір стакан айран ішкен пайдалы. Бұл ретте кешкі ас жеңілдеу болғаны жөн.

«Менің келбетім-тағамымның көрінісі, оқу үлгерімімнің кепілі бола алады ма?» деген сұраққа өзіндік зерттеу жүргізе бастадық. Мектебіміздің бастауыш сынып оқушыларының 100 пайызы таңғы аспен қамтамасыз етілген.

Бастауыш сынып оқушыларының тамақтану режимі .

- 7.00 - 8.00 үйдегі таңғы ас
- 10.00 - 11.00 мектептегі таңғы ас
- 12.00 - 13.00 мектепте немесе үйдегі түскі ас
- 14.00 – 15.00 Әлдену
- 19.00 - 19.30 үйдегі кешкі ас

Мектептегі таңғы ас пен түскі астың мәзірі

Дүйсенбі

Таңғы ас: сүтке пісірілген геркулес ботқасы, ірімшік, май, сүт қосылған кофе сусыны, бидай наны.

Түскі ас: сәбіз салаты, тауық сорпасы, пісірілген тауық, бұқтырылған көкөністер, кисель, нан, зефир, жемістер.

Сейсенбі

Таңғы ас: алма қосылған оладьи, сүтқышқылды өнім, лимон қосылған шәй.

Түскі ас: теңіз қырыққабатынан салат, көкөніс сорпасы, томат қосылып көкөністірмен бұқтырылған балық - треска, күріш, итмұрын тұнбасы, нан, жемістер.

Сәрсенбі

Таңғы ас: кішкентай шұжықтар (сосиски), бұқтырылған қырыққабат, піскен жұмыртқа, қант қосылған шәй, нан.

Түскі ас: сұйық май қосылған қияр салаты, борщ, ет қосылған картоп запеканкасы, компот, нан, жемістер.

Бейсенбі

Таңғы ас: балық түйінділері-биточки, картоп езбесі, қияр, сүт қосылған кофе сусыны, нан

Түскі ас: винегрет, рассольник, бефстрогандар, қарамық, шырын, нан, печенье, жемістер.

Жұма

Таңғы ас: сүзбе пудингі, тосап, лимон қосылған шәй, нан.

Түскі ас: ақ қырыққабаттан салат, фасоль сорпасы, қаймақта пісірілген бауыр, макарондар, компот, нан, жемістер.

Демалыс күндері үйдегі балалардың ас мәзірі: (сенбі, жексенбі күндері)

Таңғы ас: сүтке пісірілген қарамық, сүзбеше, шәй, нан.

Түскі ас: қызылша мен алмадан салат, қаймақ қосылған вегетариандық щи, балық котлеттері, суға пісірілген картоп, итмұрын тұнбасы, нан, жемістер.

Күн режимін сақтау, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, адамның жат қылықтардан аулақ болуға, оқушылардың оқу үлгерімінің жақсы болуына әсері мол екенін білдік.

Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша, дұрыс тамақтанудың оқушыларға әсері туралы негізгі аспектілер:

- энергия мен күш береді;
- ақыл-ой қызметін жақсартады;
- иммунитетті көтереді;
- өсу мен даму процесін қолдайды;
- психоэмоционалды жағдайды тұрақтандырады;
- тәбетті реттейді және салмақты қалыпқа келтіреді;
- ұйқыны жақсартады;

Энергия мен маңызды микроэлементтерге бай тағамдар дене мен ми қызметін қолдайды, оқушылардың зейінін арттырып, есте сақтау қабілетін жақсартады, сонымен қатар иммунитетті нығайтады. Бұл да оқу үлгерімінің жоғары болуына, ауруларға қарсы тұру қабілетінің артуына және психоэмоционалды тұрақтылықтың сақталуына әкеледі. Нәтижесінде, дұрыс тамақтану оқушылардың денсаулығын нығайтып, олардың жалпы өмір сапасын арттырады, сәтті оқу мен білім алу үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Тоқсандық қорытынды нәтижесі үлкен сыныптарға қарағанда жоғары. Денсаулықтарында ешқандай шағым жоқ, көңіл күйі көтеріңкі. Бос уақыттарында қосымша үйірмелермен қамтылады.

1. Детская энциклопедия здоровья «Расти здоровым», М.: Физкультура и спорт, 1992.
2. Бердышев С.Н. «Здоровье на «отлично»! Самоучитель по укреплению здоровья для детей. М.: «ФИПОЛ КЛАССИК», 2002.
3. Змановский Ю. Ф. «Воспитаем детей здоровыми», М.: «Медицина», 1989.
4. Каневская Л.Я. «Питание школьника», М.: «Медицина», 1989. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ
1. Википедия.
2. www.kabanik.ru/page/interesting-facts-about...
3. www.vseblogi.com

БАСТАУЫШ 4-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аубакирова Асемгул Магзумовна
Астана қаласы әкімдігінің «№4 мектеп-гимназиясы»
КММ ШЖҚ Бастауыш сынып мұғалімі,
шебер-педагог



Бастауыш 4-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту және мәтінмен жұмыстағы тест тапсырмаларының үлгілері арқылы білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға барынша ықпал ететін оқу қызметінің нысандары мен әдіс-тәсілдерін табу және қолдану түрлері көрсетілді.

Қазақстан мектептерінде қазіргі уақытта 4-сыныптарда оқу сауаттылығымен жұмыс жасауға тест тапсырмалары ұсынылады.

PIRLS зерттеуінің мақсаты – әлемнің әртүрлі елдеріндегі төртінші сынып оқушыларының мәтінді түсіну деңгейін салыстыру, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелерінің оқу сауаттылығын үйретудегі айырмашылықтарын анықтау. Бұл зерттеудің жетекші сарапшылары ұсынған халықаралық глоссарийге сәйкес, «оқу сауаттылығы» – адамның өмірде өзін толыққанды жүзеге асыру және өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті жазбаша тілдің әртүрлі нысандарын түсіну және логикалық ұғыну қабілеті. Осыған орай білім беру саясатының маңызды қағидаты адам мен қоғамның игілігі үшін жүзеге асырылады.

Бастауыш мектеп мұғалімінің оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларының – ақпарат көздерін білу, өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздей білу, таңдалған материалды дұрыс ресімдеу және ұсыну дағдыларының негізін дұрыс қалауы аса маңызды. Сондықтан мақала барысы осы алынған білім мен әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу балаларға ақпаратты дұрыс қабылдауға, оның сапасын бағалауға, оның тура және ауыспалы мағыналарын түсіне білу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі кездегі оқу сауаттылығының өзектілігі 4-сыныпты аяқтау кезінде білімнің жоғары деңгейде табысты игерілуіне ғана емес, сондай-ақ қазақстандық жастардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Оқу сауаттылығының негізі

мәтіндерімен толық жұмыс істеу үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру қажет болып табылады. Бұған оқушының қажетті ақпаратты табуы және игеруі, мәтіннің белгілі бір бөлігі бойынша түйіндерді тұжырымдау, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін түсіндіру, мәтіндегі мысалдар арқылы растау және мәтін құрылымын бастапқы талдау жатады.

Әртүрлі дереккөздерде «оқу сауаттылығы» және «функционалдық оқу сауаттылығы» терминдері қолданылады, бұл терминологиялық шатаасуды тудырады. Шын мәнінде, білім беру нәтижелерінің халықаралық мониторингі екі маңызды көзқарас тұрғысынан талқыланады: бастауыш сынып оқушыларының оқуды үйренуден білім алу үшін оқуға ауысуы (PIRLS) және жоғары сынып оқушыларының білім алу үшін оқудан еңбектену әлеміне ауысуы (PISA).

Оқушыларға таныс және бейтаныс танымдық жағдайларда мәтінді түсінуді, талдауды, түсіндіруді үйрету міндеті әлі де өзекті болып қала береді. Оқу сауаттылығын үйретуді жетілдіру үшін, ең алдымен, зерттеуде ұсынылған осы ұғымның кең түсінігімен келісу керек, яғни оқылымды әртүрлі өмірлік жағдайда қолданудың маңыздылығын түсіну керек.

PIRLS зерттеуінің материалдарын әзірлеушілер тобы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын «қоғам талап ететін және (немесе) жеке тұлға үшін құнды мақсаттар үшін жазбаша тілді оның барлық формаларында түсіну және қолдану қабілеті» деп анықтады. Әртүрлі мәтіндер негізінде жас оқырмандар өз түсініктерін қалыптастырады. Олар оқу үшін, мектептегі және мектептен тыс оқу қауымдастықтарына қатысу үшін жән PIRLS тестілерінің сұрақтарын талдау бастауыш мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесін әзірлеуге және апробациялауға мүмкіндік береді, оның ішінде оқушылардың мәтінді (көркем және ақпараттық) түсінуіне бағытталған оқу әрекеттері бар. Оқу әрекеттері мынадай дағдыларды қамтиды:

- мәтінде жанама айтылған мәліметтерді (ақпарат бірлігін) шегеру;
- осы ақпараттан тікелей қорытынды жасау;
- мәтіннің жеке хабарламаларын түсіндіру және біріктіру; мазмұнын, тілін бағалау,

көңіл көтеру үшін оқиды.

Оқу сауаттылығын қалай анықтауға болады? Дәстүрлі оқу бойынша негізгі міндет мына формулаға сәйкес келеді: «Оқы және мазмұнда». Енді негізгі назар ақпаратты іздеуге және оны пайдалану қабілетіне аударылуы керек. Бұл оқу дағдылары оқушылардың санасын белгілі бір жолмен білім алуға ғана емес, сонымен қатар барлық оқу пәндерінде де оқу жетістігінің негізі болып табылады.

«Оқу сауаттылығы» ұғымына кіретін негізгі оқу дағдыларын қарастырайық (PISA тестіне сәйкес). Мәтіннен ақпарат алу.

1. Мәтін туралы жалпы түсінік қалыптастыру.
2. Мәтінде берілген ақпаратты түсіну, оны оқырман тіліне аудару (түсіндіру).
3. Мәтіндік хабарламаның мазмұны туралы ойлану және оны бағалау.
4. Мәтіндік хабарламаның нысаны туралы ойлану және оны бағалау.

Мәтінді толық және терең түсінуге мүмкіндік беретін дағдылар мынадай әрекеттерге сәйкес келеді:

1. табу және меңгеру (хабарлама немесе ақпарат),
2. байланыстыру (интегралдау) және түсіндіру (хабарлама),
3. ұғыну және бағалау (хабарлама).

Оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тағы бір технология өнімді оқу технологиясы болып табылады. Осы аталған зерттеу барысында мектепшілік бақылау жұмыстары ретінде 4-сыныптарда оқу сауаттылығы бойын мәтінмен жұмыс түрінен тест алынды. Оқу сауаттылығын тәжірибеде қолдану үш кезеңнен тұрды: оқуға дейін мәтінмен жұмыс, оқу кезінде мәтінмен жұмыс, оқудан кейін мәтінмен жұмыс.

Бірінші дағды: табу және меңгеру (мәтіннен алынған ақпаратты). Мәтінмен жұмыс істей отырып, оқушылар мәселенің мәнін (объектінің қалаған қасиеті, уақыты, орны немесе іс-әрекеттің мән-жайы) және мәтіннің тиісті бөлшектерін байланыстыруы керек. Кейде бұл байланыс тікелей түрде – сөзбе-сөз сәйкес келетін кілт сөздер бойынша, кейде жанама түрде болады.

Бұл практикада оқушылар қажетті ақпарат мәтінде жеткілікті түрде болды, оқушылар сұрақтың тұжырымдамасы бойынша мәтінмен жұмыс істеп, тест орындау үшін алдымен мәтінді түсіну дағдысын орындады. Тест тапсырмасы арқылы мәтіннен сұраққа қажетті ақпаратты іздеді.

Екінші дағды: интегралдау және түсіндіру (мәтін хабарламаларын). Түсіндіру немесе интерпретациялау мәтіннен тікелей хабарланбаған ақпаратты алуды қамтыды. Түсіндіру бірқатар ойлау әрекеттеріне негізделген. Оқушылар сұраққа жауап беріп, мәтіннен хабарламаның қорытындысын шығаруға, негізгі және қосалқы сұраққа жауап беру үшін оқиға туралы қорытынды жасады.

Үшінші дағды: ұғыну және бағалау (мәтін хабарламасы). Ұғыну және бағалау мәтінмен танысқанға дейін оқырманға белгілі болған білімге, идеялар мен сезімдерге сүйенуді қамтиды. Оқушылар ұғыну сұрақтары салыстыру, сәйкестендіру және болжау үшін оқушының өз тәжірибесіне немесе біліміне жүгінді. Бағалау сұрақтары оқырманға өзінің жеке білімі мен өмірлік тәжірибесіне негізделген пікір білдіруді ұсынды.

Оқу сауаттылығының жоғары деңгейі оқушының келесі білім беру сатысында одан әрі оқуға дайын екендігін көрсетті. Мәтінді түсінудің жоғары деңгейіне жеткен оқырмандар жазбаша түрде хабарланған жаңа ақпараттардың көмегімен өз тәжірибелері мен білімдерін кеңейтуге және өзгертуге мүмкіндік беретін оқу компоненттерін игеруге дайын болды.

Қорыта келгенде оқу сауаттылығы 4-сынып оқушыларының оқыған мәтінді дұрыс түсінуге ықпал етеді, дегенмен тек оқу дағдыларының өзі барлық оқушылардың оқығанын жетік түсінуін қамтамасыз етпеуі мүмкін. Оқу дағдыларын зерттеу саласындағы жұмыстар оқушының оқығанын дұрыс зерделеп, түсінуі үшін келесі білім мен дағдылардың маңызды екендігін байқатады:

1. Сөзді түсіну деңгейіндегі дағдылар оқушылардың мәтіндегі сөздерді дәл және нақты айқындауына мүмкіндік берді.
2. Сөздік қор және ауызша сөйлеу дағдылары оқырманға сөздердің және біртұтас мәтіннің мағынасын түсінуге көмектесті.
3. Мол ақпаратты қамтитын оқу бағдарламасы оқушылардың оқыған мәтінді жақсы түсінуі үшін қажетті білімін жетілдіруге көмектесті.
4. Мәтінді түсіну үшін қажет білім мен дағдылар қолдану қабілетін қамтыды.
5. Мәтін бойынша қорытынды тұжырымдауда оқушының мәтін мазмұнына жан-жақты ойластырылған талдау жасау міндеті күрделеніп отырды.
6. Оқу мақсаттарын түсінуге және оған қол жеткізуге ынталану оқушылардың оқыған мәтін туралы түсінігін жақсартуға арналған әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндігін арттырды.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазбаша мәтіндерді түсіну және олар бойынша рефлексия жасау, өз мақсаттарына жету үшін мәтіннің мазмұнын пайдалану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерді дамыту қабілеті. Оқу сауаттығын бағалауда білім алушының оқу техникасы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну деңгейі ғана емес, мәтінді түсіну және ол бойынша рефлексия жасау, оқығанын өмірлік мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдалану дағдысы бағаланады.

Қолданылған деректер тізімі:

1. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы: методическое пособие для педагогов / Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019. – 114 с.
2. PIRLS - бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын бағалау. Алматы, 2016.
3. Sabitova N. TIMSS, PISA nátipleri negizinde qazaqstandyq oqýshylardyń fýnksionaldyq saýattylygyn arttyrýdyń negizgi bagyttary // Bilimdi el – obrazovannaia strana. - 2015.- №20. стр.74
4. Байгулова А. Важность развития читательской грамотности казахстанских школьников// 12 жылдық білім беру- 12-летнее образование. 2015. №3.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ



Дуйсебекова Гулнар Турсынбаевна
Астана қаласы әкімдігінің
«№4 мектеп-гимназиясы» КММ ШЖҚ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Жасанды интеллект, цифрлық заманда әдемі жазу керек пе? Әрине! Көрке, әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі.

Бастауыш сыныпта көркем жазудың мақсаты - дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық қоғамдық тәрбиелік мәні аса зор. Мектептегі оқыту үрдісі әліппеден басталатыны белгілі. Әліппенің негізгі мақсаты - балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Әліппе кезеңі - аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өткені әліппе

кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика - графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, әліппенің міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш табалдырық аттағаннан бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптер де жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпты 5 минут, 2 сыныпта 8 минут, 3 сыныпта 12 мин, 4 сыныпта 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т. б ұғымдарды меңгереді.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге табиғи келген көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалылық принципі: мұғалім басына не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тер әрі ыңғайлы.

3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуын дұрыстығын тексеріп отырды.

4. Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, ц, н,.... қолы жаттыққаннан кейін қ. ж. б. в. ф т. с. с

5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі Сондықтанда жазу каллиграфиялары әр түрлі. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Көркем жазу үрдісін жүзеге асыру үшін жазу құралдарының (қаламсап, қарындаш, бор) көмегі керек. Бұл заттардың қолданылу жолдарын білу міндетті. Көркем жазу ережесі:

1. Жазудың құралдарын пайдалана білу;

2. Дәптердің дұрыс орналасуы;

3. Дұрыс отыра білу;

4. Қолдың дұрыс қозғалысы;

5. Үлгі мен жазудың нәтижесін салыстыра білу;

6. Баспа әріпті жазбаша түрде жаза білу;

7. Әріптің дұрыс жазылуын білу;


8. Әріпті байланыстыра білу (үзіліссіз, жоғарғы жағынан, төменгі жағынан);

9. Әріптің біркелкілігін сақтау;

10. Сызықтар арасында және бір сызықта жаза білу;

11. Жазудың басталуы және бір жолды дұрыс толтыра білу;

12. Жазудың бағытының дұрыстығы.



Көркем жазудың алғашқы сатысы жазу элементтерін жазудан бастау алады

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн.

1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркеншін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2 - сағатында өткен өте тиімді.

2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып

жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

3. Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн.

Бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Оқушының каллиграфиялық дағдысына көп әсер беретін, ол алғашқы кезде, алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезі. Әдемі сұлу жазудың фундаменті 1, 2 - сыныпта құйылады. Сол кезде жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейін жөндеу қиын болады.

Оқушының қолы неге нашар болады?

Мұғалімнің қолының үлгісі. Оқушы ұстаздың жазуын көшіреді.

Мұғалімнің әлеуметтік жағынан оқытудың жоқтығы. Мұғалім әр оқушыға жазудың кемшілігін, оны қалай жөндеу керектігін түсіндіріп отыру қажет.

Әдемі жазуды қалыптастыруына мұғалім ғана емес, оқушының жеке ерекшеліктері де әсерін тигізеді.

Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде сөздік жұмыс жүргізудің де маңызы зор. Мысалы: дана- данышпан, ақылды, білімді т.с.с, ару-жарақ- мылтық, найза, қылыш т.с.с

Мәнерлеп оқу-сауатты жазудың негізі. Дұрыс оқыған бала ғана дұрыс жаза алады. Оқушыларды қатесіз дағдыландыру үшін көшіріп жазуға көп көңіл бөлу керек, немесе сөйлемде қалдырып немесе сөйлемде қалдырып кеткен сөздерді дұрыс тауып, оны орнына қойып, үйлестіріп жазу, берілген сөздерден сөйлем құрап жазу, сұрақтарға толық жауап жазу сауаттылыққа көмегін тигізіп отырады.

Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде түрлі жазба жұмыстардың жаттығулар, сөйлемдер, мазмұндама, шығарма, диктанттардың пайдасы зор.

Диктанттың түрлері көп. Қатемен жұмыс жүргізгенде ерекше талдау жүргізіледі. Қате жіберген сөйлемдерді қайтадан жазғызып, астына сыздыру нәтижесін береді. Оқушыларды сауатты жазуға қалыптастыру үшін оларға кітапты көп оқу, қалай оқу, қалай пайдалану жөнінде айтып отырамын. Оқушыларды қатесіз, сауатты жазуға үйрету тәсілдері алуан түрлі. Өйткені әр баланың ерекшелігіне байланысты қатесіз жазуға үйрету әдісі әр сабақта өзінше орын алады.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс бір-бірінен ажыратып, жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Әсем, қатесіз, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру – сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты.

Қорыта келе “Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Қазіргі мынау заман талабына сай ақпараттық технологиялардың даму қарқынының басымдылығы соншама барлық жазу үрдісі компьютермен қамтылған. Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмау қажет. Қарыштаған заманда біз өз қалыптасқан көркем жазу сауаттылығын ұмытпауымыз керек! Көркем жазу, өзіндік жазу жазбалары сауаттылықтың нышаны.

ПРАКТИКУМ «РУССКИЙ ЯЗЫК ВО ВНЕУРОЧНОЕ ВРЕМЯ» ДЛЯ 2 КЛАССА



Жумабаева Даметкен Карабаевна
учитель начальных классов
ГКП на ПХВ «Средняя школа №24 имени
Ж.Аймауытұлы» акимата города Астаны

Изучение русского языка является одной из основополагающих дисциплин школьного образования, особенно в начальной школе. Важно не только усвоение базовых знаний и навыков, но и развитие творческих способностей, грамотности и чувства языка у школьников. Практикум «Русский язык во внеурочное время» для учащихся 2 класса является отличной возможностью для углубленного освоения языка через игровые и практические занятия, что способствует лучшему усвоению материала и развивает познавательную активность детей.

Цель практикума «Русский язык во внеурочное время» заключается в активизации познавательной деятельности учащихся, закреплении знаний, полученных на уроках

русского языка, и создании условий для творческого применения этих знаний в различных ситуациях общения. Внеурочная деятельность позволяет не только углубить знания, но и сформировать у детей любовь к языку и культуре речи, научить их использовать приобретенные навыки в повседневной жизни.

Задачи практикума

1. Развитие речевых навыков: укрепление навыков грамотного и правильного письма, говорения и чтения, развитие навыков аргументации, выразительного чтения, построения связной речи.

2. Развитие творческих способностей: через игры, задания на составление рассказов, сочинений, сценок, сказок.

3. Закрепление знаний по грамматике и орфографии: работа с орфографическими, пунктуационными и грамматическими правилами в игровой форме.

4. Формирование умений и навыков самостоятельной работы: развитие способности самостоятельно анализировать и исправлять ошибки в речи и письменных работах.

Методы работы практикума

1. Игровые методы. Игры, такие как словесные кроссворды, ребусы, загадки, игры на составление предложений, помогают детям развивать внимание, память и логику, а также закрепляют орфографические и грамматические правила.

2. Творческое письмо и рассказы. Письменные задания, такие как составление небольших рассказов, пересказ прочитанных книг, сочинение историй по заданным темам или картинкам, способствуют развитию воображения, фантазии, а также навыков грамотного письма.

3. Чтение вслух. Чтение художественных произведений помогает детям не только развивать правильное произношение, но и прививает любовь к литературе.

4. Решение задач на лексико-грамматический анализ. Задания на определение частей речи, образовывание форм слов, разбор предложений помогают систематизировать знания по грамматике и обогатить словарный запас.

Организация практикума

Практикум проводился в рамках внеурочной деятельности, на протяжении одного учебного года. Занятия в рамках практикума проводятся один или два раза в неделю, продолжительность одного занятия – 40-45 минут. Каждое занятие включает теоретическую часть (объяснение материала, рассмотрение примеров) и практическую (выполнение заданий, участие в играх и конкурсах). На занятиях дети активно работают в группах, что способствует развитию коммуникативных навыков и умению работать в коллективе.

Примерное содержание практикума

1. Введение в русский язык. Знакомство с основными правилами грамматики, орфографии и пунктуации. Введение в понятие части речи и их роль в предложении.

2. Развитие устной речи. Работа над построением предложений, развитие связной речи, пересказ рассказов, составление собственных историй.

3. Орфография и пунктуация. Игры и упражнения на написание слов с твердыми и мягкими знаками, определение частей речи, постановка знаков препинания.

4. Творческие задания. Составление сказок, историй, участие в конкурсах на лучшее сочинение.

6. Федотова Н. К. Из опыта работы с одаренными детьми //Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Педагогика. – 2008. – Т. 9. – №. 1. – С. 53-56.
7. Рубцов В. В., Юркевич В. С. Теория и практика работы с одаренными детьми // Вестник практической психологии образования. – 2011. – Т. 8. – №. 1. – С. 9-15.
8. Овсиенко Л. В., Кайбияйнен А. А. О системе работы с одаренными детьми // Высшее образование в России. – 2015. – №. 5. – С. 90-96.
9. Тарасова Г. В. Организационно-педагогические условия развития готовности учителя к работе с одаренными детьми. – 2005.
10. Биржева М. А. Проектирование в работе с одаренными детьми младшего школьного возраста //Поздравляем всех женщин с весенним праздником!. – 2007. – С. 42.



МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ӨМІРДЕГІ МАҢЫЗЫ

**Кудайбергенова Жанар Калибековна,
Астана қаласы, Ж.Жабаев атындағы №4
мектеп-гимназиясының бастауыш
сынып мұғалімі**

Математикалық сауаттылық пен ойлау қабілеттерін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында жастардың білімін тереңдету, әсіресе математика, физика, ақпараттық технологиялар саласында білімді арттыру қажеттілігі ерекше атап өтілген. Математикалық сауаттылық – бұл адамның өмірде түрлі мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдана білу дағдыларын меңгеру процесі. Оқушыларға математика арқылы аналитикалық ойлау, логикалық пайымдау және мәселені шешу дағдыларын дамыту, оларды нақты өмір жағдайларында математикалық тәсілдермен жұмыс істей білуге үйрету өте маңызды. Осы орайда, мен әзірлеген авторлық бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Математикалық сауаттылық пен ой дамыту — бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды аспектілері болып табылады. Қазіргі заманғы қоғамда математика тек есептер шешумен шектеліп қана қоймай, ол адамға талдау, жүйелеу, шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл мақалада математикалық сауаттылықтың мәні, оның бастауыш сыныптардағы білім жүйесіндегі рөлі және ойлау қабілетінің дамуындағы маңызы талқыланады.

Математикалық сауаттылық — адамның математикалық ойлау қабілетін және әдістерді өмірде қолдана білу дағдыларын меңгеру процесі. Ол тек мектеп қабырғасында білім алушыларға не жоғары оқу орындарының студенттеріне ғана емес, жалпы жастардың түрлі мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастырады. Математикалық сауаттылық тек есептер мен формулаларды білу емес, сонымен қатар ақпаратты жүйелеу, логикалық ойлау, мәселені шешу жолдарын табу және өмірдің барлық салаларында, әсіресе экономикалық, ғылыми және техникалық жетістіктерге жетуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы білім беру саласында математикалық сауаттылықтың деңгейі күн санап артуда. Алайда әлемдік деңгейдегі ғылыми және экономикалық прогреске жету үшін бұл көрсеткішті одан әрі арттыру қажет екені бәрімізге мәлім.

Қазақстанның білім беру жүйесінде математикалық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыру маңызды, себебі бұл тек білім алушылардың жеке дамуына ғана емес, жалпы қоғамның ғылыми және экономикалық тұрғыдан өсуіне ықпал етеді.

Математикалық сауаттылық — адамның аналитикалық ойлауын, логикалық пайымдауларды жасау қабілетін арттырады. Әлемде болып жатқан түрлі өзгерістер мен күрделі мәселелерді шешу үшін қоғамның математикалық сауаттылығының деңгейі маңызды фактор болып табылады. Оны дамыту тек білім жүйесіне ғана емес, қоғамның даму деңгейіне де тікелей әсер етеді.

Математика арқылы ойлау қабілеті жоғары деңгейде дамиды, себебі бұл пән күрделі абстракцияларды қабылдау, логикалық ойлау процестерін жетілдіру үшін қажет. Математикалық тапсырмаларды шешкенде оқушылар өз ойларын құрылымдап, шешімнің бірнеше жолдарын іздеп, әртүрлі варианттарды салыстырады. Бұл процесс абстрактілі ойлау мен аналитикалық қабілеттерді арттыруға септігін тигізеді.

Математикалық сауаттылықтың дамуы балалардың өздерін қоршаған әлемді түсінулеріне және ақпаратты қабылдап, оны дұрыс интерпретациялауға мүмкіндік береді. Математика

тек сандармен жұмыс жасау емес, ол жалпы ойлау жүйесін қалыптастыруға әсер етеді. Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогрестің жылдам дамитын кезеңінде жастардың математикалық білімін арттыру өте маңызды болып табылады. Осыған байланысты мен аталған тақырыпта үшінші сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарламамды әзірледім.

Аталған бағдарламамда қолданған әдістер мен тәсілдер туралы өз тәжірибеммен бөлісіп, оларды жүзеге асыру жолдарын сіздермен қарастырғым келеді.

Факультативтің негізі — оқушылардың математикалық білімін күшейту және олардың математикаға деген көзқарасын өзгерту. Бағдарлама үш негізгі бағытқа негізделген: математикалық білімді тереңдету, ойлау қабілетін дамыту, өмірде қолдануға арналған практикалық дағдыларды қалыптастыру. Осы бағыттар арқылы оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, оларды нақты өмір жағдайларында мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдануға баулиды.

Аталған бағдарламамда әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау, математикалық ойындар мен онлайн құралдарды қолдану сияқты әдістер қарастырылған. Бұл бағдарлама оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде математикалық әдістерді қолдана білуге де үйретеді. Математикалық сауаттылықтың маңызы тек білім алу саласында ғана емес, қоғамның экономикалық және ғылыми дамуына да ықпал етеді.

Мәселен, сабақ барысында математикалық әдістер арқылы талдау секілді тапсырмалар балалардың математикалық білімін практикалық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік берді. Бұл жобалар оқушылардың өздігінен жұмыс істеп, нақты нәтижеге жетуге деген қызығушылығын арттырды.

Қазіргі білім беру технологияларын пайдалану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда тиімді болды. Мен сабағымда түрлі математикалық электронды оқулықтарды, онлайн платформаларды, визуалды құралдарды қолдандым. Бұл құралдар оқушылардың математикалық ұғымдарды көзбен көру арқылы қабылдауына және абстракция жасау дағдыларын өз кезегінде арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, математикалық ойындар мен тапсырмаларды қолдану бастауыш сынып оқушыларды белсенді әрекет етуге, өзара пікір алмасуға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға үйретті. Бұл әдіс олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, тапсырмаларды шешу процесін қызықты әрі әрі шығармашылыққа толы етті.

Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуда тиімді әдіс болды. Мен сабақ барысында тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай таратып, оқушылардың әрқайсысының деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындауын қадағалап отырамын. Бұл оқушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырып, қиындықтарды жеңуге деген ынтасын күшейтіп отырады.

Дифференциалды оқыту арқылы әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың математикалық ойлау қабілеттерін дамыттым. Мысалы, ақыл-ойы жылдам дамитын оқушыларға күрделі есептер мен аналитикалық тапсырмаларды ұсындым, ал көмек қажет ететіндерге қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргіздім. Бұл әдіс оқушыларды өз деңгейінде білім алуына мүмкіндік береді.

Математика тек есептеу дағдыларын қалыптастырмайды, ол абстрактілі ойлау, логикалық пайымдау мен мәселені шешу қабілеттерін дамытады. Осыған байланысты мен сабақтарда «оқушылардың ойлау жүйесін дамыту» бағытында арнайы тапсырмалар енгіздім. Мысалы, оларды «логикалық шешімдер», «сурет пен сандарды байланыстыру», «геометриялық пішіндерді модельдеу» сияқты тапсырмалармен жұмыс істету арқылы олардың кеңістік ойлау қабілетін дамыттым.

Оқушыларға абстракция жасауға, яғни нақты дүниені тек математикалық әдістермен немесе ұғымдармен түсіндіруге бағытталған тапсырмалар бердім. Бұл дағдылардың дамуы тек математикалық сауаттылықты ғана емес, жалпы дүниетанымды қалыптастыруға да әсер етеді.

Менің авторлық бағдарламамның негізгі мақсаты — оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру, сонымен қатар олардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Қазіргі қоғамда математикалық сауаттылық тек мектеп оқушылары үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар ересектер үшін де үлкен мәнге ие. Математика біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігі болып табылады: дүкенге барарда ақша есептеу, үйдің ауданын өлшеу, тауарлардың арзандағаны немесе қымбаттағаны туралы ақпаратты түсіну — бұның бәрі математикалық білімді қажет етеді.

Математикалық сауаттылық қазіргі қоғамда өмір сүрудің негізі болып табылады. Оқушылардың математикалық білімін тереңдету, ойлау қабілеттерін дамыту, олардың болашақтағы өмірде кездесетін көптеген мәселені шешу қабілеттерін арттырады.

Математика күнделікті өмірде әрдайым қажет болады. Мысалы, дүкенге барып, тауар сатып алған кезде, біз бағаны салыстырамыз, жеңілдіктерді есептейміз немесе қанша ақша төлейтінімізді анықтаймыз. Бұл жағдайда арифметикалық амалдар, пайыздарды есептеу немесе қарапайым пропорциялар туралы білім қажет. Егер адам осы дағдыларға ие болмаса, ол дұрыс таңдау жасауға немесе өз ақшасын үнемдеуге қиындық көруі мүмкін. Тағы бір мысал, үйдің ауданын есептеу керек болғанда. Бұл мәселені шешу үшін геометриялық білімдер қажет. Үйдің қабырғаларының ұзындығын өлшеп, олардың көбейтіндісін алу арқылы біз үйдің жалпы ауданын анықтай аламыз. Бұл жағдайда да математикалық сауаттылық өмірдің маңызды бір аспектісі болып табылады.

Тұрақты түрде баға мен инфляция туралы ақпаратты түсіну де математикалық білімді талап етеді. Мысалы, егер экономикада тауарлардың бағасы өсе бастаса, бұл инфляцияның көрсеткіші болып табылады. Инфляцияның қалай жұмыс істейтінін түсіну және бағалардың өзгеруіне қатысты болжамдар жасау үшін бізге статистикалық деректерді және сандық көрсеткіштерді пайдалану керек. Сонымен қатар, қоғамның экономикалық жағдайына байланысты өз қаржылық шешімдерімізді дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Мәселен, сіз дүкенге барып, екі қапшық күріш сатып алғыңыз келеді. Бір қапшықтың бағасы 2000 теңге, ал екіншісінің бағасы 1800 теңге. Сонда жалпы шығынды есептеу үшін екі бағаны қосып, 3800 теңгені төлейсіз. Бұл — өте қарапайым есептеу, бірақ мұндай әрекет күн сайын біздің өмірімізде орын алады. Егер математикалық сауаттылық деңгейі жоғары болса, адам өз шығындарын дұрыс жоспарлап, қаржысын тиімді пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Сондықтан математикалық сауаттылық әр адамға қажетті дағды ғана емес, сондай-ақ өз өмірін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін маңызды құрал болып табылады. Математика адамдардың ақыл-ойын дамытып қана қоймай, олардың өміріндегі түрлі мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды меңгеруіне де көмектеседі. Математикалық сауаттылықты арттыру арқылы біз өзімізді және қоғамды тиімді түрде дамытуға септігімізді тигізуге жұмысымызды бағыттаймыз.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.А. Жақсылықова: «Математикалық сауаттылық — бұл тек қана математикалық есептерді шеше білу емес, адамның логикалық ойлауын дамыту, күнделікті өмірде дұрыс шешім қабылдауға ықпал ететін маңызды дағды», — екенін атап көрсетті.

Бұл тәжірибе көрсеткендей, математикалық сауаттылық пен ой дамытуды тиімді жолмен қалыптастыруға болады, және бұл білім оқушылардың жеке дамуына да, қоғамның дамуына да маңызды рөл атқарады.

Математикалық сауаттылықтың күнделікті өмірдегі маңызы өте зор. Бұл дағды тек мектеп қабырғасында немесе жоғары білім алу кезеңінде ғана емес, әрбір адамның күнделікті іс-әрекетінде, кәсіби қызметінде және тұрмыстық өмірінде маңызды рөл атқаратынын жеткізу менің бағдарламамның негізгі мақсаты болып табылды.

Қорытындылай келе, математикалық сауаттылық — бұл тек цифрлар мен формулалармен жұмыс істеу ғана емес, ол адамның жалпы өмір сапасын жақсартуға, түрлі мәселелерді шешу қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды дағды. Қаржылық есеп-қисаптан бастап, уақытты тиімді жоспарлауға дейінгі әртүрлі аспектілерде математикалық білімдерімізді қолдану бізді саналы шешімдер қабылдауға, қоршаған ортадағы өзгерістерді дұрыс түсінуге және болашаққа дұрыс бағыт таңдауға мүмкіндік береді.

Математикалық сауаттылықтың терең деңгейде меңгерілуі қоғамның интеллектуалдық деңгейін көтеріп, білім беру жүйесін жетілдіріп, елдің экономикалық дамуына өз үлесін қосады. Бұл дағдылар заманауи технологиялар мен ғылым саласында

үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта ғылым мен технологияның даму қарқыны өте жоғары, және осы өзгерістерге бейімделу үшін математикадан алған білімдеріміз бізге үлкен көмек болады.

Қоғамда математикалық сауаттылықты арттыру арқылы біз тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына ықпал етеміз. Математиканың негіздерін терең меңгерген ұрпақ болашақта жаңа технологияларды ойлап тауып, ғылым мен экономиканың түрлі салаларында көшбасшы бола алады. Осылайша, математикалық сауаттылықтың маңызы тек бүгінгі күнде емес, болашақта да өсе түсері анық.

Осылайша, математикалық сауаттылық тек жеке тұлғаның дамуына ғана емес, тұтас қоғамның жалпы интеллектуалдық деңгейінің көтерілуіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді деген сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жақсылықова, С.А. (2012). Математикалық сауаттылық: теориясы мен әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті.
2. Тоқаев, Қ.-Ж. (2020). Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі Жолдауы. Қазақстан Республикасының Президенті.
3. Айтқазина, Н.З., & Сәрсенбекова, А.Қ. (2019). Математикалық сауаттылық және білім беру жүйесінің рөлі. Қазақ педагогика журналы, 3(2), 25-34.
4. Хуснутдинова, Ф.Р. (2015). Математика және логикалық ойлау дағдыларын дамыту жолдары. Мәскеу: Наука.
5. Дауылбаев, М. (2014). Математика пәнін оқытудағы инновациялық әдістер. Қарағанды: Болашақ-Баспа.



ХИМИЯ САБАҒЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ СКАФФOLDING ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

**Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Кудерина Шарбану Агзамовна
химия пәні мұғалімі, педагог-шебер**

Аңдатпа

Химия пәнін оқытуда оқу бағдарламаласының, оқыту процесінің сапасы мен технологияларды тиімді пайдалану үлкен рөл атқарады. Химияның оқу пәні ретіндегі басты міндеті – оқушыларды қоршаған әлемдегі заттардың негізгі қасиеттерімен таныстыру, химиялық реакцияның мәнін анықтау, табиғатта, адам ағзасында, өмірде жүріп жатқан химиялық заңдылықтар мен құбылыстарды түсінуге үйрету. Скаффолдингті заманауи білім беру әдісі ретінде пайдалану оқушылардың білім сапасының жоғарлауына тиімді әсер етеді. Оқушылар оқу процесіне белсенді қатысу үшін мұғалім дидактикалық әдістемесін жетілдіріп, педагогикалық қолдау көрсетуі керек.

Аннотация

Качество учебного процесса в учебных программах по химии тоже, повышение эффективности также играет большую роль. Главная задача химии как учебного предмета – познакомить учащихся с основными свойствами веществ в окружающем мире, определить сущность химической реакции, научить понимать химические закономерности и явления, протекающие в природе, в организме человека, в жизни. Использование скаффолдинга как современного метода обучения эффективно влияет на повышение качества знаний учащихся. Для активного участия учащихся в учебном процессе учитель должен совершенствовать дидактическую методику и оказывать педагогическую поддержку.

Annotation

The quality of the educational process in chemistry curricula is also, improving efficiency also plays a big role. The main task of chemistry as an academic discipline is to acquaint students with the basic properties of substances in the world around them, to determine the essence of a chemical reaction, to teach them to understand chemical laws and phenomena taking place in nature, in the human body, in life. The use of scaffolding as a modern teaching method has an effective effect on improving the quality of students' knowledge. For the active participation of students in the educational process, the teacher must improve the didactic methodology and provide pedagogical support.

Түйінді сөздер: скаффолдинг, білік, дағды, қолдау, құзыреттілік, CLIL, тиімді оқыту

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты мақсат Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру болып табылады.[1]

Сабақ беру барысында кез-келген ұстазда: «нені үйрету керек?», «неге үйрету керек?», «қалай үйрету керек?», «қалай тиімді оқыту керек?» деген секілді өзекті сұрақтар туындайды.

Бүгінгі таңда оқушының жеке басы, ерекше ішкі әлемі басты назарда.

Әрбір мұғалім өз пәнінің оқушылар арасында терең қызығушылық тудырғанын қалайды, осылайша оқушылар химиялық формулалар мен реакция теңдеулерін жазып қана қоймай, сонымен қатар әлемнің химиялық бейнесін түсіне білуі қажет. Демек, оқушыдан оқу процесіне белсенді қатысу үшін не істеу керек? Оқушы ақпаратты тек пәнге қызығушылық танытқан кезде өз іс-әрекетінде ғана игере алады. Сондықтан мұғалім ақпарат берушінің ролінде емес, ол оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы ролін атқаруы керек. Іс-әрекеттің нәтижесінде оқушы өзі үшін білім алу үшін қандай да бір қорытындыға дербес келуі маңызды. Дидактиканың маңызды принципі-білімді дербес құру принципі, бұл оқушының білімі дайын түрде алынбайды, бірақ оны мұғалім ұйымдастырған белгілі бір танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде өзі жасайды. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын дамытуға технологияның әртүрлі түрлері ықпал етеді. [2]

Скаффолдинг (ағылш. scaffolding) - оқушыны білім беру процесіне белсенді тартуға және оқу міндеттерін кезең-кезеңімен қолдау мен құрылымдау арқылы оның қабілеттерін барынша арттыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің жүйелі әдістемесі болып табылатын педагогикалық стратегия.

Ағылшын тілінен аударғанда «құрылыстық көпіршелер» деген мағынаны береді. Бұл метафораны Дж. Брунер мен оның әріптестері баланың жақын арадағы даму аймағындағы (ЖАДА) оқу үрдісін сипаттау үшін ұсынған [5],

Әдістеме

Скаффолдинг әдісінің уақытша қолдау екенін түсіну маңызды, ол оқу үрдісінде кейін біртіндеп азаяды, кейін оқушы өздігінен білім алуға және тапсырмаларды өз бетінше орындауға қабілетті болады. Оқыту материалдары скаффолдинг механизмі арқылы мұғалімнің бақылауымен жүретін процесс барысында дәйекті түрде ұсынылады.

Скаффолдингтің сипаттамалары

1. Тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулық (оқушылар күтілетін нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсіндіру)

2. Негізгі сұрақтар қою арқылы сабақтың мақсатымен танысу (бұл оқушыларға алдағы сабақтың тұтас бейнесін көруге көмектеседі)

3 Скаффолдинг әрдайым формативті бағалаумен бірге жүреді (ол үшін бағалау рубрикаторлары болуы керек, критериалды бағалауды қолдану керек)

4. Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, сонымен қатар оқушыларға қажетті ақпаратты өздері табуға мүмкіндік беру керек

5. Қорқыныш, көңілсіздік және басқа жағымсыз эмоциялардың алдын алу. Мұғалім cheer-көшбасшы (шебер) ролін атқарады

6. Скаффолдингпен бірге сабақ қиын жұмыс режимінде өтуі керек. Оқушылар жұмысқа күш салған кезде де тиімді деп саналады.

Оқушылардың қажеттіліктері әр түрлі болатын үлкен сыныптарда тиімді скаффолдинг жасау қиын. Ж.Пиаже неғұрлым қабілетті адаммен жұптасып жұмыс істей отырып, оқушылар өз идеяларын жоққа шығарады деп мәлімдейді. Бірақ бұл жағдайда керісінше болады, оқушы басқа оқушымен бірге жұмыс істеуі керек, олардың даму болашағы басқаша. Піркірталас немесе дау оқушыны сындарлы ойлауға итермелеп, оны ойлаудың жоғары деңгейіне көтеруі мүмкін.

Скаффолдингтегі мұғалімнің рөлі - оқушының назарын аударатын, тапсырмалар деңгейін таңдайтын, оқушыларды ынталандыратын, қолайлы жұмыс түрлерін анықтайтын, оқушылардың реакциясын бақылайтын (бұзылудың, қорқыныштың және т.б. ескертетін) «сарапшының» рөлі. Оқу тақырыбы бойынша түсініктемелер мен материалдарды көрсету. Тапсырманың қиындық деңгейін күрт өзгертпеу ұсынылады, керісінше оқушылардың тапсырманы сәтті орындауына ықпал ету керек. [3]

Мұғалім вербалды және вербалды емес қолдау арқылы мимика қимылдарды және тапсырмаларды бақылайтын оқушыға бағыт береді. Түсінудің жоғарылауымен оқушы қолдауды қажет етпейді. Уақыт өте келе қолдаудың дәрежесі мен түрі тікелей қолдаудан ұсынысқа, ынталандыруға, бақылауға ауысады. Оңтайлы скаффолдинг басқаларды реттеуден оқудағы өзін-өзі реттеуге ауысады. Ең дұрысы, оқушы ішкі рефлексия арқылы өзін-өзі оқытуға қолдау көрсетуі керек. Сонымен қатар, скаффолдинг оқу және оқытуда ажырамас процестер болып табылады, мұнда мұғалім де, оқушы да жауапкершілікті өз мойнына алады. Білім алушы өзінің дамуына, не істей алатынына үлес қосады, ал мұғалім тапсырмаларды орындауда қолдау көрсетеді. [4]

Скаффолдингтің негізгі әдістері:

1. Материалды бөліктің ағымдағы дайындық деңгейіне сәйкес келетін шағын, оңай орындалатын элементтерге бөлу.

Осы орайда ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал» деген қанатты сөзі ойға оралады.

Материалды шағын, оңай орындалатын элементтерге бөлу – бұл қысқа уақыт ішінде микрооқыту түрі. Микрооқыту түрлерінің бірі - 5 минутқа дейінгі шағын бейне материалдар беру. Әр ұстаз қоржынында шағын бейне материалдар қамтамасыз етілген деген ойдамын.

Қолдану үдерісі мен практикалық маңызы

8 сынып. «Бинарлы қосылыстың формуласын құрастыру» тақырыбын толыққанды түсіну үшін, оқушы атом құрылысы мен оның периодтық жүйедегі орнын, ондағы электрон сандарын, электрондық конфигурациясын, катион және анион ұғымдарын білу қажет. Сондықтан, негізгі ұғымды оқушыға бірден емес, сатылай түрде үйреткен тиімді.

1	2	3	4	5
Периодтық кестенің құрылымы	Элементтің электрондық формуласы	Атомның бөлшектері протон, нейтрон, электрон	Иондардың түзілуі: катион, анион	Бинарлы қосылыстың формуласын құрастыру, «нөлдік қосынды» NaCl
→	→	→	→	→

«Атом құрылысы» тақырыбы бойынша, атомның - элементтің бір түрі, оның атомының құрылысы мен құрамы, жай зат ретінде элементті қарастыра алуы т.б қарапайымнан күрделі ұғымға өтуі айқындалады.


Көмекші жетелеуші сұрақтар қолдану :

Су - сутектің екі атомы мен оттектің бір атомынан тұратын болса, осы жерде оттегі пен сутек элемент пе әлде жай зат па?

Балықтар суда еріген оттегімен тыныс алады, десек оттегі элемент пе әлде жай зат түрінде ме?

График, кесте, диаграмма түрінде өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерді ұсыну.

9-сынып «Химиялық реакциялардың тепе-теңдігіне әсер ететін факторлар» тақырыбын оңай түсінуге төмендегідей графикалық суреттер ұсынуға болады.



Алдыңғы білім мен дағдыларға сүйену

Биологиямен пәнаралық байланыс ретінде проблемалық сұрақтар мен проблемалық жағдаяттар қарастырады: «Глюкоза» – 11 сынып. Неліктен нан ұзақ уақыт шайнаған кезде тәтті дәмге ие болады? Неліктен үтіктелген іш киім ұзағырақ ластанбайды? «Аминқышқылдарының амфотериясы»-11 сынып. «Биологиядан сіз хамелеон жануарымен таныссыз. Химияда осыған ұқсас нәрсе бар ма? «Спирттер» - 11 сынып. Алкогольден резеңке галошты қалай алуға болады?; «Альдегидтер, органикалық қышқылдар» - 11 сынып «бәрі құмырсқалар туралы». Альдегидтер, карбонқышқылдар мен құмырсқа қышқылдары арасында қандай ортақ нәрсе бар?

2. Оқушылардың тапсырманы орындау қадамдары мен нұсқауларына зейінін шоғырландыра алу, назар аударту

. Балалармен жұмыс жасау – егер бала кез-келген дағдыларды игерудің қажеттілігі мен қажеттілігін түсінсе де, балаларға ересектерге қарағанда зейінді шоғырландыру үшін көп күш қажет және оны ескеру қажет.

8-9 сыныптарда материалдарды бекіту үшін «химиялық текшелер», «химиялық лото», «айшықтар мен нәлдіктер», «қатені тап», «химиялық күрес», «валенттік лото», «фразаны аш» дидактикалық ойындарды қолданамын. Сондай-ақ, сыныптан тыс сабақтарда «не, қайда, қашан?», «жұлдызды сағат», «химиялық эстафета» сияқты қызықты интеллектуалды және шығармашылық ойындар өткіземін.

Химия сабақтарында CLIL әдісін скаффолдингпен үйлестіре қолдану оқушылардың пәндік және тілдік дағдыларын қатар дамытады. Бұл тәсіл арқылы химияны тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар халықаралық ғылыми тілде меңгеруге мүмкіндік береді.

• CLIL әдісінде «Think-Pair-Share» (Ойлан – Жұптас – Бөліс) стратегиясын қолдану тиімді.

• Мысалы, «What happens when an acid reacts with a base?» (Қышқыл мен негіз әрекеттескенде не болады?) деген сұрақ беріліп, оқушылар алдымен өз ойларын жазады, содан кейін жұпта талқылайды және топ алдында бөліседі.

Өзіндік зерттеу жобаларын жүргізуге тапсырма беру (мысалы, «Environmental Impact of Acid Rain» (Қышқылды жаңбырдың қоршаған ортаға әсері). Оқыту процесі оқытушыға емес, білім алушыларға бағытталып, дербес өздігінен оқуды дамыту болып табылады. [2]

Күрделі тақырыптарға арналған скаффолдинг:

Алдымен тәжірибе: зерттеу, эксперимент, есептерді шешу, содан кейін теория.
Жаңа білімді бұрын игерілгендермен байланыстыру.

Жаңа тақырыпты игеруде бөліктерге бөліп, нұсқаулықтың оқушыларға түсінікті екеніне көз жеткізіңіз.

Химияны контекстте оқу: химия – өмір – жаратылыстану – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Тапсырманы орындау мысалын көрсетіңіз.

Мүмкіндігінше график, кесте, диаграмма түрінде өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерді ұсыныңыз.

Тақырыпты жақсы түсінуге көмектесетін иллюстрациялар мен әртүрлі суреттерді қолданыңыз.

Оқушыларға ойлануға және дайындалуға жеткілікті уақыт беріңіз.

Бақылау кезінде оқушыларға сөйлеуге мүмкіндік беріңіз, содан кейін ғана жауапты толықтырыңыз және бағалаңыз.

Оқушыларға қателерді өздері табуға және түзетуге мүмкіндік беріңіз.

Мүмкіндігінше жаңа тақырыпты игеруге көмектесетін анықтамалық кестелер мен құрылымдарды қолданыңыз.

Мұғалімдерге химияны оқытуда табысқа жету үшін жеті қарапайым ережені орындау ұсынылады.

Қорытынды:

Оқу процесінде скаффолдинг-бұл педагогика мен психологияда адамның іс-әрекетін оның ең жақын даму аймағы шеңберінде бар дағдылар деңгейінен мүмкін болатын деңгейге дейін көруге және бағыттауға мүмкіндік беретін жұмыс нәтижесі.

Химия пәні — екіншісіне бағына бермейтін, қызығы мен құпиясы мол, көбірек еңбектену мен ізденуді талап ететін жаратылыстану ғылымдарының бірі. Кез-келген ғылымды жүйелі түрде, өз заңдылығы бойынша үйренгенде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады.

Химияда теориялық білім – оқушылардың химияны үйренуіндегі алғашқы әрі маңызды бөлімі болса, эксперимент жасау – оқушының теориялық білімін ғылыми тұрғыда бекіту болып саналады. Ал, алған білімді іс жүзінде қолдана отырып, әр түрлі деңгейдегі сандық есептер шығару – оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытып, өз білімін қолдануға деген ізденісін тудырады. Мектептегі химия пәнін үйретуде аталған үш бөлім бір-біріне, оқушының кемелді білім алуына шектеу қоятындығын естен шығармау керек. Оқушының алған білімін жүйелі түрде қолдана білуі — оның табысқа жетуінің кілті.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

2. Dalton-Puffer C. Content and Language Integrated Learning: From Practice to Principles? // Annual Review of Applied Linguistics, 31. 2011. С. 182–204

3. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 уч құзыреттілік ебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 181 с.


4. Красавина О.И. Формирование переводческой компетенции студентов технического вуза с использованием скэффолдинга // Санкт-Петербургский государственный политехнический университет– СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2013. - 370 с.

5. Стратегия скаффолдинга, тренер Г.Енсегенова, Петропавл, https://prezi.com/0_hnygftykn_/presentation/ құзыреттілік

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ АНАЛИЗА ТЕКСТА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ НА ПРИМЕРЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ Ю. ДОМБРОВСКОГО «ХРАНИТЕЛЬ ДРЕВНОСТЕЙ»

Уразакова Гульнар Галихановна
Педагог -исследователь

Учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная школа имени А.Макаренко отдела
образования г. Аркалыка» УО акимата Костанайской



Аннотация. В данной статье рассматриваются современные методические подходы, способствующие развитию аналитических навыков у учащихся в процессе изучения художественного текста. Особое внимание уделяется формированию критического мышления, умения интерпретировать художественные образы и анализировать стилистические особенности произведения. На примере романа Ю. Домбровского «Хранитель древностей» демонстрируются эффективные способы работы с текстом, позволяющие глубже осмыслить его идейное содержание, выявить взаимосвязь между художественной формой и философскими концепциями, а также учесть исторический контекст, играющий значимую роль в восприятии произведения. В статье подчеркивается важность комплексного подхода к анализу художественного текста, интегрирующего литературоведческие, историко-культурные

и философские аспекты..

Ключевые слова: анализ текста, критическое мышление, Юрий Домбровский, «Хранитель древностей», методика преподавания.

Развитие навыков анализа текста на уроках русского языка и литературы.

Анализ художественного текста представляет собой фундаментальный аспект преподавания литературы, способствующий не только углубленному пониманию содержания, но и развитию интеллектуальных способностей учащихся. Осмысленная работа с текстом позволяет раскрыть авторский замысел, проследить эволюцию персонажей, оценить стилистические особенности произведения и выявить его философские и социальные подтексты.

Современные образовательные методики акцентируют внимание на формировании критического мышления, развитии навыков интерпретации и аргументированного анализа, что особенно актуально в условиях динамично меняющейся гуманитарной науки.

В данном контексте роман Ю. Домбровского «Хранитель древностей» представляет собой ценнейший материал для литературного анализа, поскольку в его художественной ткани органично переплетаются исторические реалии, глубокие философские размышления и выразительная символика. Это произведение позволяет не только исследовать авторские приемы и стилистические особенности, но и развивать способность учащихся к выявлению смысловых пластов текста, интерпретации символов и аллюзий, а также критической рефлексии над темами, которые остаются актуальными в современном обществе. Таким образом, изучение данного романа в школьной программе может способствовать не только расширению литературного кругозора учащихся, но и формированию их интеллектуальной самостоятельности, аналитического подхода и способности к осмыслению сложных художественных и философских идей.

Методология анализа текста

В романе Юрия Домбровского «Хранитель древностей» множество эпизодов, которые могут служить убедительными примерами для анализа стилистических,

лексических и структурных особенностей текста. Рассмотрим несколько ключевых фрагментов, подтверждающих влияние авторских приемов на эмоциональное восприятие и раскрытие смысловой глубины произведения.

1. Сцена допроса в НКВД: язык страха и давления

Одним из наиболее ярких эпизодов, демонстрирующих изменение стиля повествования, является сцена допроса главного героя, Левицкого, в органах НКВД. Автор использует специфические стилистические приемы, создавая эффект тревоги и психологического напряжения:

- Вас уже спрашивали?

- Да...

- С кем вы знакомы?

- Я уже говорил...

- Говорите еще!

Здесь отчетливо прослеживается фрагментарность диалога, минимализм в построении фраз, отсутствие описаний, что передает сжатость времени, психологическое давление и страх героя. Короткие, односложные ответы подчеркивают его подавленность и беспомощность перед безликой системой.

2. Символика разрушения и охраны культурного наследия

В романе проходит лейтмотив противостояния культуры и варварства. Археолог Левицкий — хранитель древностей, человек, посвятивший свою жизнь защите исторического наследия, — оказывается в мире, где прошлое подвергается стиранию и уничтожению. В одном из эпизодов он с горечью осознает:

«Разрушать всегда легче, чем сохранять. Разрушитель действует быстро, хранитель — медленно. А время всегда играет против хранителя.»

Эта фраза отражает не только борьбу за культурное наследие, но и более широкий философский конфликт между индивидуальной совестью и жестокой реальностью эпохи тоталитаризма.

3. Образ Левицкого: внутренняя борьба и идеалы

Лексический и стилистический анализ образа главного героя можно провести через его размышления о культуре и истории. Левицкий говорит:

«Мы все временные. Только вещи остаются. Но что с ними делают...»

Эти слова наполнены трагическим осознанием бренности человеческой жизни и разрушительной силы времени и власти. Краткость фразы, многоточие в конце создают эффект незавершенности, словно герой не может выразить всю глубину своей боли.

Вывод

Таким образом, анализ данных эпизодов показывает, что Домбровский целенаправленно использует различные языковые средства: фрагментарную структуру диалогов, минимализм и лаконичность в описаниях, многозначные символы. Эти приемы способствуют созданию атмосферы напряжения, передают внутреннее состояние героя и подчеркивают философскую глубину произведения.

Исторический контекст и его влияние на анализ

Роман Юрия Домбровского «Хранитель древностей» тесно переплетается с эпохой сталинских репрессий, что оказывает значительное влияние как на образы персонажей, так и на центральные темы произведения. Включение в анализ исторического контекста позволяет учащимся не только глубже понять события, описанные в тексте, но и выявить их связь с реальными процессами, происходившими в Советском Союзе в 1930–1940-х годах.

В период массовых репрессий интеллигенция, в том числе ученые, историки и искусствоведы, часто становилась объектом преследования со стороны государства. Их обвиняли в антисоветской деятельности, шпионаже или идеологической неблагонадежности. Главный герой романа, археолог Левицкий, выступает собирательным образом таких людей. Его деятельность как хранителя древностей символизирует попытку сохранить культурное наследие, однако в условиях тоталитарной системы любое отклонение от официальной идеологии воспринимается как угроза.

Одним из ключевых эпизодов, раскрывающих влияние исторического контекста на судьбу Левицкого, является его арест и допрос в НКВД. Сцена наполнена напряжением и отражает характерные методы работы репрессивного аппарата:

«Спросили — ответил. Потом снова спросили. Я уже отвечал. Но спрашивают еще раз, с другим выражением лица. Значит, нужно что-то менять. Но что? Они знают, что я виноват. Но в чем?»

Этот фрагмент передает абсурдность обвинений и неизбежность наказания, независимо от реальной вины. Лексическая скудость, повторяющиеся конструкции, внутренняя неуверенность героя создают эффект замкнутого круга, в котором он оказывается беспомощен перед государственной машиной.

Исторический контекст также проявляется в противопоставлении культуры и насилия. Левицкий как археолог стремится сохранять прошлое, но сталкивается с миром, где ценность исторического наследия обесценивается, а его носители подвергаются уничтожению. Этот конфликт можно интерпретировать как более широкий философский спор между варварством и цивилизацией, между тоталитарной идеологией и гуманистическими ценностями.

Таким образом, анализ исторического фона романа позволяет учащимся не только лучше понять судьбу персонажей и их поступки, но и осознать трагедию эпохи, когда личность становилась жертвой системы, а культурное наследие — инструментом политических манипуляций или объектом уничтожения.

Для эффективного изучения романа «Хранитель древностей» в образовательном процессе можно использовать различные методические подходы, направленные на развитие аналитического мышления, навыков интерпретации текста и умения устанавливать связи между художественным произведением и историческим контекстом. Среди наиболее продуктивных методов можно выделить следующие:

1. Дискуссионный анализ

В рамках этого метода учащиеся могут обсуждать ключевые идеи романа, обращая внимание на авторскую позицию в изображении противостояния культуры и власти.

Вопросы для обсуждения могут включать:

- о Как Домбровский через судьбу Левицкого выражает свое отношение к тоталитарной системе?

- о В чем заключается символизм профессии главного героя?

- о Как автор передает идею неустойчивости культуры перед политическими репрессиями?

Такой формат работы помогает учащимся формулировать аргументированное мнение, развивает критическое мышление и способность анализировать художественный текст через призму общественно-исторического контекста.

2. Работа с текстовыми фрагментами

Изучение описаний интерьеров, пейзажей и деталей быта в романе позволяет учащимся выявить их символическое значение. Например, помещение, где содержится Левицкий, описывается скудно, мрачно, угнетающе, что отражает его внутреннее состояние и атмосферу безысходности:

«Стены казались серыми даже в темноте. Запах сырости, старого железа и бумаги. Где-то капала вода. Тишина не была полной — она давила, накрывала.»

В противопоставление этому можно рассмотреть сцены, где герой погружается в мир древностей, — в них чаще встречаются теплые оттенки, детали, создающие ощущение связи с прошлым. Такой анализ позволяет учащимся понять, как автор использует художественные средства для передачи идейного содержания произведения.

3. Сравнительный анализ

Полезной методикой является сопоставление «Хранителя древностей» с другими произведениями, отражающими тему столкновения личности и тоталитарной системы. Например, при сравнении с романом Василия Гроссмана «Жизнь и судьба» можно выявить общие мотивы:

- о Тоталитарное давление на интеллектуалов и гуманистов.

- о Проблема выбора между сохранением внутренней свободы и вынужденной лояльностью режиму.

- о Разрушение личности под воздействием идеологического террора.
- о Судьба исторической памяти в условиях политических репрессий.

Подобные параллели помогают учащимся взглянуть на роман Домбровского в более широком литературном и историческом контексте.

4. Творческие задания

Одним из эффективных способов вовлечения учащихся в процесс анализа является написание эссе. Темы могут включать:

- о «Сохранение культуры в условиях тоталитарного режима»
- о «Роль личности в противостоянии политическим репрессиям»
- о «Символика древностей в романе Ю. Домбровского»
- о «Хранитель древностей» как исторический и философский роман

Эти задания позволяют учащимся осмыслить идеи произведения, выразить собственное мнение и выработать аргументированную позицию, что является важной составляющей формирования их аналитических и критических навыков.

Вывод

Использование данных методик позволяет не только глубже проанализировать роман «Хранитель древностей», но и развить у учащихся умение воспринимать художественный текст как многослойное произведение, отражающее сложные исторические и философские вопросы. Такой подход формирует не только литературоведческие знания, но и способствует более осмысленному восприятию истории, культуры и человеческих ценностей.

Заключение

Развитие навыков анализа текста на примере романа «Хранитель древностей» Юрия Домбровского представляет собой не только углубленное изучение художественного произведения, но и важный этап формирования ключевых компетенций учащихся. Аналитический подход к литературному тексту способствует развитию критического мышления, умению выявлять подтексты, интерпретировать художественные образы и аргументированно выражать свою точку зрения.

Применение современных методик работы с текстом, включая дискуссионный анализ, работу с фрагментами, сравнительное изучение произведений и творческие задания, делает процесс изучения литературы более осмысленным, интерактивным и познавательно насыщенным. Эти методы не только помогают учащимся глубже вникнуть в содержание произведения, но и способствуют расширению их кругозора, формированию навыков самостоятельного анализа информации и более глубокому пониманию исторических и философских аспектов, отраженных в литературе.

Таким образом, изучение «Хранителя древностей» в образовательном процессе позволяет не только осваивать основы литературного анализа, но и способствует воспитанию культурной осведомленности, исторической памяти и гуманистических ценностей, что особенно актуально в условиях современного образования.

Литература

1. Домбровский Ю. «Хранитель древностей». – М.: Эксмо, 2021.
2. Лотман Ю. М. «Семиосфера: Культура и текст». – СПб.: Искусство-СПБ, 2020.
3. Гроссман В. «Жизнь и судьба». – М.: АСТ, 2018.
4. Лекманов О. «Советская литература: Очерки истории». – М.: Новое литературное обозрение, 2019.



ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ ПОТЕНЦИАЛЫ

**Қожантаева А.Ғ., химия пәні мұғалімі
Астана қаласы, Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-
гимназиясы**

Аңдатпа. Мақалада ғылыми-зерттеу жобаларымен шұғылданатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мен академиялық әлеуетін арттырудағы рөлі талданады. Жас ғалымдардың ғылыми көзқарасын кеңейту үшін қолданылатын әдістер мен платформалар көрсетіліп, зерттеу жұмыстарының заманауи талаптарға сәйкестігі сипатталады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының химия пәні бойынша ғылыми жетістіктері мен халықаралық жобаларға қатысу нәтижелері ұсынылды. Мақалада зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудың жолдары, ғылыми-техникалық үдерістің жетістіктерін тәжірибеде қолдану және заманауи ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану тәсілдері қарастырылды.

Түйінді сөздер: зерттеу жұмысы, платформа, зерттеу әдістері, қалыптастыру

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, жас ғалымдардың ғылыми көзқарасын кеңейтуге негіз болып отыр. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында: «Таяудағы 10-15 жылда ғылыми қамтымды экономикалық базис жасау керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмаймыз. Мұны дамыған ғылым арқылы шешуге болады» [1] деп мәселені президентіміз айқын нақтылады. Оқушылардың, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары білім алушыда ғылыми-зерттеу еңбегінің дағдыларын қалыптастырып, қазіргі заманғы маман дайындау талабына сай зерттеуші (ғалым), басқарушы (менеджер), практик деңгейінде шығармашылық бастамаларын дамытып, ғылыми-техникалық үдеріс жетістіктерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады [2,3]. Ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңадан ақпарат алу, ғылыми болжамдарды тексеру, заңдылықтарды, ғылыми жалпылаулар мен негіздеулерді белгілеу мақсатында ғылыми зерттеулерге, эксперименттерге байланысты ғылыми сипаттағы жұмыс [4,5].

Ғылыми зерттеу жұмысы оқушылар үшін сын тұрғысынан ойлауды дамытады. Ғылыми жұмыс ақпаратты талдауды, фактілерді бағалауды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды және негізделген қорытындыларды қалыптастыруды үйретеді. Бұл жарыс дағдыларын дамытуға көмектеседі. Күрделі жобамен жұмыс істеу оқушыларға сұрақтар қоюға, жүйелі ойлауға, эксперименттер жүргізуге және олардың нәтижелерін түсіндіруге көмектеседі. Шығармашылық пен зерттеушілікті дамытады. Сонымен қатар, ғылыми жобалар оқушыларға теориялық білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді, бұл олардың жақсы қалыптасуы мен түсінуіне ықпал етеді. Олар ғылыми зерттеу әдістері мен құралдарымен тәжірибе жинақтайды. Дербестік пен жауапкершілікті сезінеді. Топтық жұмыс барысында мұғаліммен және оқушылармен қарым-қатынас орнатады. Жалпы зерттеуге қатысу оқушыларға олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін түсінуге көмектеседі, бұл болашақ кәсіпті таңдауда маңызды болуы мүмкін. Сонымен қатар, ғылыми жұмыс барысында алынған дағдылар қызметтің кез келген саласында пайдалы болады. Өз қабілетіне деген сенімділікті дамытады. Ғылыми жобалар оқушылардың ақпаратты талдауға, гипотезаны құрастыруға және оларды тексеруге үйретеді. Бұл сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмектеседі [6].

Ғылыми жұмыс мектеп оқушыларының бойында тек академиялық білім ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік, табандылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу және белгісіздік жағдайында жұмыс істей білу сияқты маңызды қасиеттерді дамытады. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жаратылыстану пәндері бойынша жүзеге асыру аса маңызды. Мысалы, Еуропалық ғылымдардағы ғылыми зерттеулер климаттың өзгеруі, ластану, ресурстардың сарқылуы және биоәртүрлілікті сақтау сияқты өзекті жаһандық мәселелердің шешімдерін

әзірлеуге көмектеседі. Экология және климатология саласындағы зерттеулер жаһандық жылыну салдарын болжауға және олармен күресу стратегиясын жасауға мүмкіндік береді. Жаратылыстану ғылымдары тұрақты дамуға ықпал ететін таза технологияларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Мысалы, жаңғыртылатын энергия (жел және күн электр станциялары) саласындағы зерттеулер тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулерді қолдану қоғамның табиғат туралы түсінігін, қоршаған ортаға жауапкершілігін және ресурстарды ұтымды пайдаланудағы инновацияларды қалыптастырады [7].

Зерттеу жұмысы интернеттен жүктеп алынған бір маманның мақаласы немесе реферат емес. Бұл өз бетінше зерттеу жүргізу және нәтиже алу үшін ғылыми тәсілді қолдану, қойылған міндеттерді шешу үшін практикалық дағдыларды қолдану немесе жаңасын алу, өз жұмысын жоспарлау және нәтижелерді талдау дағдыларын көрсету мүмкіндігі [8,9].

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу барысында тақырыпқа сәйкес жаңа ақпарат көздерін табу барысында біршама қиындықтар туындайды. Халықаралық тіл ағылшын тіліндегі ақпарат көздерінің саны шексіз. Зерттеу жұмысына жаңа мәліметтерді жинау үшін әр түрлі сайттар мен платформаларды қолдануға болады [10].


Зерттеу жұмысы тек мәтіндік форматта емес, салыстырмалы түрдегі зерттеулерде болуы шарт. Мысалы, әдеби шолу, негізгі бөлімдерінде график, кестелер, химиялық формулаларды әр түрлі платформаларда жасап жұмысқа енгізуге болады [11,12,13]. Ең негізгі, ғылыми ақпараттарды «Google Scholar» платформасы арқылы жинақтауға болады. «Sci-Hub» сайты көмегімен ашылмайтын құжаттарды ашуға болады. Jamboard, Powtoon.com сайттары арқылы анимация, кесте, gif құруға болады. ChatGPT зерттеу жұмысыңызға толықтыру енгізсе, Jenni Ai сайты ғылыми ақпараттарды сілтемесімен бірге тауып береді.

Кесте 1. Ғылыми ақпараттарды жинауға арналған платформалар

Ғылыми ақпараттарды жинауға арналған платформа	Хакерлік платформа, құлыпталған құжаттарды ашуға мүмкіндік жасайды.	Бұл платформа арқылы, ғылыми ақпараттарды іздеу, көптеген ақпараттарды жинақы түрде ұсынатын платформа	Ағылшын тіліндегі және басқа да тілдердегі ақпараттарды нақты ғылыми мәтінге аудару
Google Scholar	«Sci-Hub»	Jenni Ai	Reverso
Жинақталған ақпараттарды түрлендіруге арналған платформа	Ақпараттарды жинақтау барысында реттілігімен сақтау үшін қолданылады.	Әр түрлі сызба-нұсқалар жасауда немесе GIF ретінде ұсыну үшін, анимация жасауда қолданылатын программа	Gmail.com бір бөлігі, әр түрлі таратпа материал ретінде түрлі түсті pdf форматында жасауға болатын платформа
Quillbot	Mendeley.com	Powtoon.com	Jamboard

Мектебімізде соңғы бес оқу жылында ғылыми жұмыстар бойынша жетістіктер саны көбеюде. 2021-2022 оқу жылында республикалық кезеңде химия пәні бойынша I орын иеленсе, 2022-2023 оқу жылында химия пәні бойынша күміс медаль, 2023-2024 оқу жылында алтын медальді иеленді. 2022 жылы, ISEF, Америкада өткен дүниежүзілік ғылыми жобалар сайысының финалисті атанды. 2-7 –сыныптар арасында ұйымдастырылатын «Зерде» жас ғалымдарға арналған ғылыми жобалар сайысында, 2022 жылы химия пәні бойынша 11 оқушы II және III орын иегерлері атанды. «ProEco» жобасы бойынша екі оқушы II орын иеленсе, «Әлемді өзгертетін идеялар» жобасы бойынша III орынды иеленді. Пәнаралық байланыс, қоршаған орта және адам денсаулығын қорғау, «Менің

елім-Менің Отаным» ғылыми жобалары бойынша 2022-2024 жылдар аралығы I орынды иеленді. Ғылыми жобалары негізінде, оқушылармен бірлескен ғылыми мақалалар жарияланды. Канадада өткен XII халықаралық конференциясына «Determination of polyphenolic compounds chamaenerion latifolium and circaea lutetiana l.» тақырыбында ғылыми мақала жарияланды. Еуразия Ұлттық университеті, Жаратылыстану ғылымдары факультеті ұсынған халықаралық конференциясында студенттермен қатар, оқушылар баяндама жасап, ғылыми мақалаларын жариялады. Аймақтық және басқа қалаларда ұйымдастырылған ғылыми конференцияларда оқушылар өз зерттеу жұмыстары бойынша баяндама жасады. Оқушылардың зерттеу жұмысы аясы негізінде, Еуразия Ұлттық университетінің Жаңа химиялық технология институтында тәжірибелік-зерттеу жұмыстары жүргізілді.



1-график. Химия пәні бойынша ғылыми жұмыстарының нәтижесі

Қазіргі таңда оқушыларға арналған ғылыми зерттеу жобаларының түрлері өте көп, экологиялық бағытта, ProEco жобасы, әлемді өзгертетін идеялар жобасы, жалпы білім беретін пәндер бойынша, барлық пәндерге арналған ғылыми жобалар сайыстары ұйымдастырылады.

Әр түрлі бағытта пәндер бойынша оқушыларды ғылыми жобаға тарту олардың төмендегідей қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасайды:

- Оқушының жеке қабілетін ашу;
- Көшбасшылық дағдысын қалыптастыру;
- Жеке траекториясын құру;
- Шығармашалық ойлауды ынталандыру;
- Болашақ кәсіби қызметке дайындалу;
- Мотивация деңгейін арттыру;
- Әлеуметтік жауапкершілікті дамыту;
- Эмоциялық дамуды қолдау;
- Қоғамда өз орнын табу;
- Білім беру ортасын құру, жалпы прогреске ықпал ету.

Пән бойынша оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту үшін, ең алдымен күнделікті сабақ барысында мұғалім, сабақтың теориялық білімімен бірге практикалық білімін көбірек ұштастыру қажет. Мысалы, химия пәні бойынша, өмірмен, қоршаған ортамен байланысты тәжірибелік жұмыстарды күнделікті сабақта оқушыларға

көрсету қажет. Тәжірибелік жұмыстарды жасау барысында, оқушының жұмысты жасау икемділігі, орындауы, қорытынды жаза білуі, реактивтерді үнемдей білуі, бұл оқушының ғылыми жұмысқа икемділігінің бір өлшемі болып табылады. Сонымен қатар, оқушының жүйелі сөйлеуі, қорытынды жасай білуі мен зерттеу барысында сұрақты қоя білуі де аса маңызды.


Жобаларды орындау барысында оқушылар өз бетінше ғылыми шығармашылыққа алғашқы қадамдарын жасайды. Олар ғылыми дереккөздермен жұмыс істеуді үйренеді және қажетті ақпаратты сыни таңдау және талдау дағдыларын меңгереді. Білім беру жобаларының мақсаты – білімді одан әрі кеңейтіп, пәнді тереңдетіп оқыту ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ғылыми ойлау стилін және шығармашылық және танымдық әлеуетін дамыту. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, пән бойынша жобаларды жүзеге асыру оқу үдерісінің сапасына әсер етеді, өйткені олар оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарды ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орнындағы оқу процесінің өзін және оның құрылымын өзгертеді, деңгейді арттырады. болашақ мамандардың дайындығын, шығармашылық көкжиегін кеңейтеді. Ғылыми зерттеу жұмысын жазу арқылы оқушылар кәсіби пәнді терең меңгеріп, ғылыми, техникалық және әлеуметтік дүниетанымын кеңейтіп, жаңа идеяларды өз бетінше игеріп, ғылыми ақпараттар тасқынында жедел әрі тиімді бағыт ұстануына мүмкіндік беру, білім саласындағы ең маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Ғылым саласына бағыт алған әрбір пән мұғалімі оқушылардың, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына кәсіби дағдыларын қалыптастырып, қазіргі заманғы маман дайындау талабына сай зерттеуші, басқарушы, практик деңгейінде шығармашылық бастамаларын дамытып, ғылыми-техникалық үдеріс жетістіктерін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ғылыми жобалар білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушылардың жеке қасиеттерін дамытып, оларды болашақтың қиындықтарына дайындап, үлкен жетістіктерге шабыттандыратын қуатты білім беру құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. 17.01.2014
- 2 Баешова А., Оңғарбаев Е., «Жасыл» экономиканың қозғаушысы – ғылым. // Егемен Қазақстан № 14. – 2014. – 7б.
- 3 Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев «Экология және табиғатты тиімді пайдалану» Оқулық. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004ж. – 328б.
- 4 Мұхажанова Н.А. Жаһандық экология: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2011.- 172 бет.
- 5 Мамедов Н.М., Суравегина И.Т. экология: учеб.пособие для 9-10 классов. – М.: Шк.пресс, 1996.- 207 с.
- 6 Бірімжанова Б. А., Нұрахметова Н.НБ 94 Жалпы химия– Алматы: Ана тілі- 1991, 640 бет.
- 7 Аханбаева Қ.Химия. Жоғары оқу орындары дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына арналған оқу құралы. Алматы; Ана тілі 1993, 280 бет.
- 8 Баешова А.Қ., Ашкеева Р.К., Тугелбаева Л.М. Қоршаған орта химиясы: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2011. – 114 б.
9. Латанова, М. С., «Метод проектов в учебном процессе» // «Образование и наука в новом веке» сборник статей. II в. - 2009. - С. 16-18. - Библиогр.: с. 18.
10. Савенков А.И. Содержание и организация исследовательского обучения школьников. – М., 2003.
11. Савенков А.И. Исследовательское обучение и проектирование в современном образовании // Исследовательская работа школьников. 2004. №1.
12. Obe W. H. The teaching of science in primary schools. – David Fulton Publishers, 2018.
13. Ergül N. R., Kargin E. K. The effect of project based learning on students' science success //Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Т. 136. – С. 537-541.



ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МУЗЫКИ

ГПК на ПХВ «Средняя школа №24 имени Ж.
Аймауытұлы» акимата города Астаны
Учитель музыки
Литвин Светлана Анатольевна

Проектная деятельность становится неотъемлемой частью современного образовательного процесса. Важность такого подхода заключается в том, что он способствует не только формированию знаний, но и развитию навыков критического мышления, креативности, а также способности работать в команде. В особенности проектная деятельность оказывает значительное влияние на развитие познавательной активности школьников. В этой статье мы рассмотрим, как проектная деятельность может быть использована на уроках музыки для активизации познавательной активности учащихся.

1. Что такое проектная деятельность?

Проектная деятельность — это такой метод обучения, при котором учащиеся активно участвуют в решении реальных задач, используя полученные знания и навыки. В отличие от традиционного подхода, где основной акцент делается на пассивное восприятие информации, проектная деятельность ориентирована на активную деятельность, самостоятельное решение проблем и выработку собственных идей. Проектная работа может быть коллективной или индивидуальной, иметь форму исследования, создания продукта, постановки спектакля или концерта, подготовки презентации и других. Важно, что она подразумевает вовлеченность учеников на всех этапах — от планирования до представления результата.

2. Роль проектной деятельности в музыкальном образовании

На уроках музыки проектная деятельность является мощным инструментом, позволяющим развивать различные аспекты познавательной активности учащихся. В области музыки проектная деятельность помогает школьникам не только углубить знания о музыкальных произведениях, композиторах и жанрах, но и развить навыки исполнения, восприятия музыки, а также анализа и интерпретации музыкальных произведений.

2.1 Развитие познавательной активности через проектирование

Проектная деятельность на уроках музыки позволяет ученикам самостоятельно исследовать музыкальные стили, различные эпохи в музыке, особенности исполнения. Например, школьники могут создать проект, посвященный определенному композитору, жанру или музыкальному произведению. Для этого им предстоит изучить биографию композитора, его произведения, узнать о музыкальных стилях той или иной эпохи, а затем представить результаты своей работы в виде презентации, аудиозаписи или даже постановки.

Проектная работа способствует углубленному изучению материала, формирует у учащихся умение исследовать и анализировать, а также учит работать с различными источниками информации.

2.2 Развитие творчества

Важной особенностью проектной деятельности является развитие творческих способностей школьников. Музыкальные проекты могут быть связаны с созданием собственных произведений, композицией музыки, текстов песен или аранжировок. Также ученики могут заниматься адаптацией известных произведений, что требует от них творческого подхода и использования различных музыкальных приемов.

Разработка музыкальных проектов позволяет учащимся раскрывать свои творческие способности, выражать эмоции через музыку и решать задачи в нестандартных условиях. Творческая составляющая проекта активно развивает воображение, художественное восприятие, а также умение работать с музыкальными инструментами.

2.3 Развитие навыков сотрудничества и коммуникации

Проектная деятельность на уроках музыки часто осуществляется в группах, что способствует развитию коммуникативных навыков у школьников. Совместная работа над проектом помогает детям научиться слушать друг друга, учитывать мнения и предложения, вырабатывать совместные решения. Это особенно важно в музыке, где взаимодействие и гармония между участниками команды играют ключевую роль. Кроме того, школьники учат друг друга, делятся знаниями, что способствует более глубокому усвоению материала. В процессе создания коллективных музыкальных проектов, например, концертов или театральных постановок, ученики учат друг друга работать в команде, распределять обязанности и ставить общие цели.

Особенности проектной деятельности на уроках музыки

Проектная деятельность на уроках музыки обладает рядом уникальных особенностей, которые делают этот метод обучения особенно эффективным для развития познавательной активности школьников. Рассмотрим основные из них:

1. Интеграция знаний: Проектная деятельность позволяет интегрировать различные области знаний, что способствует более глубокому пониманию музыкальных произведений и теории. Например, в рамках проекта ученики могут изучать музыку в контексте истории, культуры, литературы и даже математики (например, в аспекте музыкальных ритмов и математических пропорций).

2. Творческий подход: Проектная деятельность предоставляет ученикам возможность проявлять творчество и экспериментировать с музыкой. В процессе работы над проектами они могут создавать собственные музыкальные композиции, аранжировать известные произведения, ставить мини-спектакли или музыкальные постановки. Это способствует развитию творческого мышления и художественного восприятия.

3. Коллективная работа: Важной особенностью проектной деятельности является работа в группах. Ученики учат работать в команде, обмениваться идеями, распределять роли и совместно решать поставленные задачи. Это развивает их коммуникативные навыки и учит работать с коллективом, что является важным аспектом как в учебной, так и в профессиональной деятельности.

4. Практическая направленность: Проектная деятельность на уроках музыки всегда связана с практическим применением знаний. Ученики не только теоретически изучают музыку, но и применяют свои знания на практике, участвуя в музыкальных постановках, концертах, создании музыкальных композиций и других формах музыкальной деятельности.

5. Индивидуализация обучения: Каждый ученик в проектной деятельности имеет возможность реализовать свой потенциал в зависимости от своих интересов и способностей. Это способствует индивидуальному подходу к обучению и позволяет учитывать различные уровни подготовленности учащихся.

6. Развитие критического мышления: Работа над проектами развивает у учеников умение критически анализировать музыкальные произведения, выявлять их особенности и оценивать их значение в контексте культурной и исторической эпохи.

7. Мотивация и заинтересованность: Проектная деятельность позволяет повысить мотивацию учащихся, так как они видят реальный результат своей работы. Выполнение проектов делает учебный процесс более интересным и увлекательным, что способствует более активному вовлечению в учебный процесс.

Таким образом, проектная деятельность на уроках музыки не только способствует глубокому освоению музыкальных знаний, но и развивает широкий спектр ключевых навыков и умений, которые необходимы ученикам для успешной адаптации в современном мире.

3. Примеры проектной деятельности на уроках музыки

Проектная деятельность на уроках музыки может быть разнообразной и иметь различные формы. Вот несколько примеров:

- Создание музыкальной презентации о композиторе: учащиеся исследуют жизнь и творчество определенного композитора, делают исследование его произведений, а затем представляют результаты в виде презентации. Это помогает учащимся развивать навыки работы с информацией, а также расширяет их знания о классической музыке.

- Музыкальная постановка: ученики могут подготовить и исполнить музыкальную сценку, которая поможет им развить актерские способности, научиться работать в команде и выполнять музыкальные номера.

- Концертное исполнение: проект может включать организацию школьного концерта, где ученики готовят музыкальные номера, оформляют сцену, учат музыкальные произведения и представляют их на публике.

- Создание музыкальных композиций: учащиеся могут попробовать написать собственную музыкальную композицию, использовать различные музыкальные инструменты и технику для записи.

4. Преимущества проектной деятельности на уроках музыки

Проектная деятельность имеет ряд преимуществ в образовательном процессе. Во-первых, она развивает у школьников познавательную активность, критичес...

Проектная деятельность является мощным инструментом для активизации познавательной активности школьников на уроках музыки. Через проекты учащиеся не только углубляют знания, но и развивают свои творческие способности, навыки сотрудничества и коммуникативные умения. Этот метод обучения способствует созданию в классе атмосферы сотрудничества и творчества, что способствует более глубокому пониманию музыки и расширению кругозора школьников.

Использование проектной деятельности на уроках музыки способствует формированию у школьников целостного представления о музыке, а также развивает ключевые навыки, которые будут полезны им в дальнейшем обучении и жизни.

Проектная деятельность на уроках музыки является эффективным инструментом для активизации познавательной активности школьников. Этот подход позволяет не только углубить знания о музыкальных произведениях, жанрах и композиторах, но и способствует развитию у учащихся творческих, аналитических и исследовательских навыков. В ходе реализации музыкальных проектов ученики учат не только теоретические основы музыки, но и практические аспекты, такие как композиция, исполнение, организацию музыкальных мероприятий.

Применение проектной деятельности в школьном обучении помогает школьникам научиться работать в коллективе, развивает их коммуникабельность, умение делиться идеями и принимать коллективные решения. Такой подход укрепляет мотивацию учащихся к обучению и способствует формированию у них уверенности в собственных силах, что особенно важно для развития творческих способностей.

Кроме того, проектная деятельность позволяет детям научиться решать реальные задачи, что имеет большое значение в образовательном процессе. Этот метод способствует развитию критического мышления, умения анализировать и синтезировать информацию, а также раскрывает потенциал каждого ученика.

Проектная деятельность на уроках музыки оказывает значительное влияние на развитие познавательной активности школьников, улучшает их творческие способности и помогает лучше понять и прочувствовать музыку. Внедрение проектных методов в образовательный процесс способствует более эффективному и многогранному обучению, раскрывая у учеников широкий спектр навыков, которые они могут применить не только в музыкальной сфере, но и в других областях своей жизни.

Список используемой литературы

1. Гибадуллина, Г. Р. (2015). Проектная деятельность в школьном обучении: теоретические аспекты и практические рекомендации. Алматы: Қазақ университеті.

2. Мухаметжанова, Н. Ж. (2017). Использование проектной деятельности на уроках музыки в школьном обучении. Астана: Оқу-әдістемелік орталық.

3. Дәулетқұлова, А. М. (2018). Методы активизации познавательной активности школьников через проектную деятельность. Алматы: Мектеп баспасы.
4. Жексенбаев, М. Т. (2014). Введение проектной деятельности в школьное обучение: методические подходы и перспективы. Астана: Білім.
5. Сейсенова, Д. Р. (2016). Технологии музыкального образования в контексте проектной деятельности. Алматы: Арман-ПВ.
6. Тимошенко, М. В. (2019). Музыка как средство развития творческих способностей школьников. Москва: Просвещение.
7. Ильясова, Л. И. (2015). Роль музыкального образования в познавательной деятельности учеников. Астана: Қазмедиа.

СЕРГЕКТІККЕ БАУЛИТЫН ОҒЫН



Нургалиев Каскыр Коныскараевич
Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев
атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
дене шынықтыру пәні мұғалімі

Аңдатпа

Асық ату – ежелден келе жатқан ұлттық ойындарымыздың бірі. Әсіресе асықты ауыл балалары жиі ойнайды. Қазір бұл ойын қалаға да кең тарады. Шаһар балалары да асықты жақсы көреді. Асық ату баланы ептілікке, мергендікке үйретеді. Ұқыптылық пен сергектікке баулиды. Денсаулығы жақсы болады. Ұлттық тәрбиені бойына сіңіреді.

Бір жағынан, оны мазмұны жағынан ұтыс ойыны десе болады. Қазақ баласының есепке жүйріктігі асық ойнаудан қалыптасқан. Асықты ешкім қолдан жасамайды. Табиғи дүние.

Оның жақсысынан сақа жасайды. Қазақта «қой асығы болғанмен, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да, ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Сондай-ақ асықтың: алшы, тәйке, бүк, шік, омп, шоңқа деген түрлері болады. Оның ішінде алшының бәсі биік. Халқымыз өмірде жолы болған адамға: «Асығы алшысынан түсті» деп айтады.

Асық ату әр өлкенің ерекшелігіне байланысты дамыған. Соған орай осы ойын түрін – «үй ішілік» және «далалық» деп екіге бөледі. Мәселен, «Үй ішілік» – ойын түрін қазіргі заманауи жағдайға икемдеп – «тақта ойыны» десе, ал «далалық» түрін, кейбір мамандар «алаң ойыны» деп атауды ұсынамыз.

Айталық, асықтың «тақталық» түріне: «Хан» немесе «Ханталапай», «Хан ату», «Құлжа ату»; «Құмар»; «Қақпақыл»; «Қаржу» немесе «Қаржымақ»; «Сасыр»; «Төрт асық»; «Бес тас»; «Бес асық»; «Иірмекі» кірсе, «Алаңдағы» түріне: «Арқаласпақ»; «Алты атар»; «Омпа»; «Кетсін бір»; «Шыр»; «Бәйге»; «Алшы»; «Бес табан» және «Көтеріспек (Атбақыл)» түрі жатады.

Мәселен, асық ату – бұл өте ептілікті қажет етеді. Ойыншы қажетті асықты атқанда екі қолдың он саусағының кез келгенін пайдаланады. Бірақ ату кезінде саусақты сүйретіп немесе жай түртіп атуға болмайды. Бұлай істеген жағдайда асық келесі ойыншыға ауысады. Ал ойыншы көндегі асықтың орналасуына қарай асықтарды атады. Асықты атуға ыңғайлы саусақ бүгіліп, екінші бір саусақтың тіреуінен шертіліп барып асыққа тигені дұрыс. Сондай-ақ ойыншылардың жас айырмашылығына қарай асық ату кезіндегі қозғалыс есебі үлкен рөл атқарады. Мысалы, «тақта» ойынында ойыншы тақтаны айналып жүріп, қажетті асықты ату керек. Немесе өзінің отырған орнынан қозғалмай-ақ ойынды

жалғастырады. Бұл жағдай ойыншылардың шеберлігіне байланысты ойынның алдында төрешілер тарапынан белгіленіп беріледі.

Қазір елімізде ұлттық ойын түрлері өте жақсы дамып келеді. Соның ішінде асық асу ойындарына ерекше маңыз берілген. Оған республикалық Асық ату федерацияның көп еңбек сіңірді. Республикалық деңгейде асық атудан қаншама жарыс өткізді. Тіпті, бұл ойын халықаралық деңгейде танымал. Осыдан екі-үш жыл бұрын мектеп оқушылары арасында «Алтын сақа» атты ұлттық ойындардың республикалық челленджі өтті. Оған бір мезетте жеті мыңнан астам білім беру мекемесі үлес қосты. Елордалық оқушылардың сайысына Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысып, ойындарымызды жаңғырту, насихаттау және дамыту мызғымас құндылықтарымызды – бірлік, келісім мен бейбітшілікті нығайтатынын, сондай-ақ білім ошақтарындағы рухани-адамгершілік мәдениетті арттыра түскенін атап өткен еді.

Астанадағы Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясында ұлттық ойындарға айрықша қолдау көрсетілген. Бұл ойындар бізде үйірме түрінде ұйымдастырылған. Оқу бағдарламасы аптасына бір сағат өтеді. Әсіресе оған қатысуға бастауыш сынып оқушыларға көп қызығады. Мектепте ұлттық ойындардан түрлі жарыстар өтеді. Асық атудан шеберліктерін көрсетеді. Қысқасы, жеткіншектердің ұлттық ойын түрлеріне деген ықыласы керемет.

Бір жағынан, ұлттық ойындар – педагогика құралы. Оқушыны құр сөзбен ғана, іспен тәрбиелеуге көмектеседі. Ойын ұштайды, спортқа құштарлығын дамытады. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық ойындардың қайсысы да баланың дамуына күшті ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болатбек. Б. Дене тәрбиесі. Алматы: Атамұра. – 2004. - 112 б.
2. Тұрыскелдина М. Дене тәрбиесі. Алматы: Атамұра. - 2003. - 112б.
3. Қазақ энциклопедиясы. Алматы: Рауан. – 2005. - 680 б.
4. Есқалиев М.З. // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2010. - №1.
5. Молдағаринов А. Казахские детские игры. Алма-Ата: Жалын. - 1987.
6. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994.
7. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
8. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
9. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы – Алматы, 2000.
10. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі. Алматы, 2004. - 209 б.
11. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар- халық мұрасы. Алматы: Кітап.- 2006. - 275 б.

«АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІН САРАЛАУДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ»



Орынбасарова Эльмира Орынбасаровна
Қадыр Мырза Әлі атындағы «BINOM SCHOOL»
мектеп-лицейі тарих пәнінің мұғалімі
Астана қаласы

Кіріспе. Жаһандану үрдісінде енген сайын Алаш тақырыбы, Алаш идеясы Отан тарихының ең жарқын беттерінің бірі ретінде маңызын жоғалтпай отыр. Осы тақырыпта жазылған мәтіндік құжаттарды, Алаш зиялыларының саяси мәселеге қатысты пікірлерін әртүрлі әдістер арқылы сабақта қолданудың тиімділігін көрсету - жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Мақаланың өзектілігі-Қазақстан тарихы пәнінен алған білімдерін оқушылар өмірде қолдана алу, яғни саяси оқиғаларды жан-жақты талдай білу, тұлғаларға сипаттама беру, өлке тарихымен байланыстыру және алашордашылардың Алаштағы, кейін Кеңес үкіметіндегі қызметтеріне интерпретация жасай алу. Мұның бәрі оқушылардың оқу сауаттылығын, функционалдық сауаттылығын көтеруге жетелейді. Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, Алаш зиялылары, пәндік күзиреттілік, тарихи сана.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Әрбір ұстаз өз шәкірттерінің заман ағымынан қалып қоймай, тарих сабақтарында пәндік күзиреттілік пен жоғары ойлау дағдыларының қалыптасуына жауапкершілікпен қарайды. Оқыған мәтіндік деректің мағынасын түсініп, негізгі ойды анықтай алуға және оған өзінің пікірін білдіре алуға дағдыланған оқушы-болашақта өмірден өз жолын тауып, азаматтық қоғамның бір мүшесі болып қалыптаса алады.

Осы орайда мектептерде Алаш зиялыларының қоғамдық - саяси қызметтерін мәтіндік құжаттар арқылы қалай оқытуға болатынына өз тәжірибемізден ой бөлісуді жөн көрдік... Себебі Қазақстан тарихының тарихнамасында бұл тақырып әрі күрделі, әрі өзекті болғандықтан тақырыптарды меңгертуге тиімді тәсілдердің болуы сөзсіз қажет. Қазақстан тарихынан бекітілген оқу бағдарламасында жалпы орта білім беретін мектептердің 8 сынып оқушылары үшін «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» бөлімінде Алаш қозғалысының басталуы, Алаш партиясы бағдарламасының қабылдануы, жалпықазақ съездері және қозғалыстың тарихи маңызы мен зиялы қауым өкілдерін талдауға оқу мақсаттары бірнеше сағатқа берілген.

10 сынып оқушыларына «Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыруы» бөлімінде күрестің жаңа кезеңдері, Мемлекеттік Думаға сайланған зиялы қауым өкілдері, Алаш автономиясының егемендікті қалпына келтірудегі атқарған қызметі баяндалады.

11 сынып оқушыларына «Алаш қоғамдық ой және ұлттық идея» бөлімдерінде петиция жазу кезіндегі Алаш зиялыларының ұстанымдары, Алаш идеясының тұжырымдамалық негіздері, Алаш көшбасшылары Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының қоғамдық саяси қызметін интерпретация жасауға ақпараттар берілген [1].

Көріп отырғанымыздай оқу мақсаттары спиральды қағидатпен сынып жоғарылаған сайын күрделене түседі. Тағы бір айтқымыз келгені әрбір сыныпқа оқу бағдарламасында Алаш тақырыбы бірнеше сағаттан берілген. Сондықтан оқушыларға сабақ мақсаттарын

қандай әдістермен меңгертуге болатыны қарастырылған кезде функционалдық сауаттылық тапсырмаларын беру тиімді деп есептеймін.

Әдістеме. Тарихи құжаттарды пайдалану арқылы тарих сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ерекшеліктері қандай? Ол үшін педагог өзіне тапсырма әзірлеудің алгоритімін жасап алады. Алдымен оқу мақсатын анықтайды, оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған дереккөздерді іздестіреді, содан кейін тапсырма әзірлейді және дереккөздермен жұмыс жасау нұсқауының дұрыстығын тексеріп алады, соңында тапсырмаларды орындатады. Жалпы тарихи құжаттардың мынандай түрлері болады: Мемлекеттік сипаттағы құжаттар (грамоталар, жарлықтар, бұйрықтар, заңдар, мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздері, мемлекеттік іс-шаралардың хаттамалары), тарихи сипаттағы құжаттар (хроникалар, жылнамалар, шежірелер, тарихи шығармалар), халықаралық сипаттағы құжаттар (келісім-шарттар; - келісімдер, хаттамалар; іскерлік хат алмасу т.б.),

Саяси күреске қатысты құжаттар (бағдарлама, үндеулер, саясаткерлердің сөздері, хабарландыру, декларациялар және т. б.) және жеке сипаттағы құжаттар (мемуарлар, күнделіктер, хат, куәгерлердің куәліктері) болып табылады [2].

Зерттеу бөлімі. Осындай дереккөздерімен жұмыс жасаған кезде 8-сынып оқушылары терең аналитикалық сипаттағы құжаттарға сұрақтар құрастыру, тарихи жағдай контекстінде құжатты талдау, бір немесе бірнеше тарихи құжаттарда қажетті ақпаратты іздеу, құжаттық материалдарға сүйене отырып, өз пайымдауларын құру дағдыларын қалыптастырады.

Ал, 10-11 сыныптар бір оқиғаға қатысты әртүрлі көзқарастарды көрсететін тарихи құжаттарды салыстыру, тарихи құжатта көрсетілген оқиғалар мен фактілердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды және бірнеше тарихи құжаттардан қажетті ақпаратты жинақтап, қорытындылайды.

Тарихи құжаттармен жұмыс барысында оқушылар өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау, қарым-қатынас жасау, ұжымдық нәтижелерге қол жеткізеді. Сонымен қатар, білім алушыларда ойлау және қиялдау процесі жанданып қана қоймай, бұл тарихи білімді неғұрлым жемісті игеруге және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жұмыс барысында оқушылар: құжаттарды оқу, ақпаратты талдау, шығару және түсіндіру, оқиғаларды жеке түсіндіру, ойлау, бағалау, оқиғалардың маңыздылығын анықтау сияқты дағдыларды дамытады.

Практикада қолдану. Тәжірибеде қолданудың жолдарына жеке-жеке тоқталсақ, 8 сыныпта «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» бөлімі бойынша «Алаш қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы» тақырыбына «Недіктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?» зерттеу сұрағы ұсынылады. Оқу мақсаттары жоғары деңгейлі қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін және «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай жоспарлаймыз, Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың суреттері беріліп, осы тұлғалардың ішінен біреуін таңдап алып, саяси қызметіне түйіндеме жазуға тапсырма беріледі. Атап айтсақ, тұлғаның өмір сүрген жылдары, туған жері, мамандығы, Алашорда үкіметіндегі қызметі, қай жылы тұтқындалды, қай жерде түрмеде отырды, қашан атылды және қай жылы ақталды деген бағыттағы сұрақтарға жауап жазады. Бұл жұмыс оқушылардың оқыған білімдерін қайта саралауға мүмкіндік береді.

Келесі тапсырма «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы бойынша он бөлімнен тұратын дереккөзін ұсыну және «STEPLE» формуласы бойынша талдауға тапсырма беру. Мақсат-жобаның әлеуметтік, саяси технологиялық, экономикалық, құқықтық, этникалық факторларын мәтіннің ішінен анықтау және бағдарлама туралы қорытынды ой жасау. Бұл тапсырма оқушылардың бағдарлама жобасын егжей-тегжейлі қарастыруына, құжаттың идеясын түсінуге жол ашады. [3]. Берілген мәтіннен оқушыларға «Ғылым-білім үйрету» бөлімін таңдап алып, партия бағдарламасының жобасына өз талабыңызды енгізіп көріңіз деген қосымша тапсырма беріледі.

Келесі тапсырмада оқушылар XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі зиялы қауым өкілдері қызмет жасаған қоғамдық өмірдің ерекшеліктеріне «SWOT» талдау жасай отырып,

мықты және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін анықтап, кесте толтырады. Бұл тапсырма да оқушылардың қоғамды әр қырынан талдап, интерпретация жасауына мүмкіндік береді.

8-сыныпта «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері» тақырыбына «Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?» зерттеу сұрағы ұсынылады. Оқу мақсаттары жоғары деңгейлі қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау. «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» тақырыбына мәтін беріледі. Тәуелсіздік жолындағы ұлт зиялылары күресінің оқушылар бірнеше қысқа және ұзақ мерзімді себептерін анықтайды. Тағы бір маңызды тапсырма- өз өлкесінен шыққан Алаш қайраткерін анықтап, өмірдерегін және Алашта атқарған қызметі бойынша мәліметтер жинап, шағын жоба ретінде таныстырылым жасауға беріледі. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймайды, одан әрі тұлғаны тануға, өлке тарихымен байланыстыруға септігін тигізеді. Мәтінді ұсынамыз:

«...Қоғам қайраткері М. Құл-Мұхаммед жаңа замандағы қазақ тарихын, оның ұлт-азаттық қозғалыстарынан туындайтын саяси және құқықтық тарихын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады деп тұжырымдайды:

- Бірінші кезең - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың өрістеуінен туындаған кезең.

- Екінші кезең - Ақпан революциясынан бастап, Алашорда үкіметінің құрылуымен аяқталатын (1917 жыл, желтоқсан) - саяси тәуелсіздік жолындағы күрес кезеңі.

- Үшінші кезең - қазақ қауымының саяси жетекші күшін құрайтын Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің қуғындалып, қозғалыстың таратылу кезеңі (бұл 1919-1920 жылдарды қамтиды)» [4].

Оқушылардың алған білімін тәжірибеде көрсетудегі тиімді тапсырманың бірі- «РАФТ» стратегиясы. Тапсырма нұсқаулығы бойынша: Роль (оқушы, әкім, ұстаз, халық, басшы, саясаткер т.б), Аудитория (сыныптастарына, зиялы қауымға, зерттеуші ғалымдарға, халыққа), Форма (хат, арыз, өтініш, хаттама, бұйрық, монолог, петиция т.б.) және тақырып таңдалып алынады. Осындай стратегияда балалар саясаткер ролін таңдап, петиция жазуды, оқушы ролінде Алаш ардақтыларының атына хат жазып, атқарған қызметтеріне алғыс айтуды немесе Сталинге зиялы қауым өкілдерін қудалаған саясаты үшін арыз жазу арқылы өз көзқарастарын білдіреді.

10 сыныпта «Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы» бөлімі бойынша мемлекеттіліктің нышаны туға қатысты тапсырма беріледі. Алаш туларына байланысты дереккөзі беріледі және оқушылар тапсырма орындайды. Дерек: «Алашорда үкіметінің туына келер болсақ, күні бүгінде ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Олардың бірі Алашорда туының түсі қызыл, екіншілері ақ, ал енді біреулері жасыл түсті болғандығын алға тартады. Әңгіменің арқауы Батыс Қазақстанның Сырым ауданындағы Алашорда мұражайында тұрған жасыл түсті ту болмақ [5].

Бірін-бірі толықтыратын «Өмір мектебі» мен «Тар жол тайғақ кешу» шығармаларындағы суреттеулерге қарағанда, сиездің сахнасындағы президиум столының артына желбіреті ілінген тулар болған. Сол тулардың арасында Алаштың жасыл туы да қойылған. Бұл жерде Құраннан аят жазылған Досмұхамедов басқарған Батыс «Алашорданың» жасыл туы қойылыпты», - деген жолдар бар [6].

Оқушылар берілген мәтінге қарай отырып кестені толтырады. Бұл кестеде Алаш пен Батыс Алашорда тулары салыстырылады. Туларда не бейнеленгені, жасыл, сары және қызыл түс ненің белгісі болғанын анықтап, өз ойларымен бөліседі.

11 сыныпта «Алаш» –қоғамдық ой және ұлттық идея бөлімі бойынша тақырып ««Алаш» қозғалысы және қазақ революционер - демократтарының саяси көзқарастары» деп аталады. Оқу мақсаттары Қазақ мемлекеттілігінің даму жолында ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру және Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау болып табылады. Оқушылар дереккөзімен таныса отырып Батыс Алашорданың көшбасшы мүшелерінің Алаштағы және Кеңес үкіметі кезіндегі қоғамдық-саяси қызметіне баға береді. Дерек: «...Алашорда үкіметінің батыс бөлімшесі (9.1918—12.1919) — Батыс Қазақстанның

айтарлықтай бөлігін басқару үшін құрылған Алаш автономиясы үкіметінің (Алашорданың) бөлімшесі. Алашорданың Батыс бөлімшесін құру туралы шешімге Ә. Бөкейханов 1918 ж. 11 қыркүйекте қол қойды. Алашорданың Батыс бөлімшесінің төрағасы болып Жанша Досмұхамедов тағайындалды. Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылуына байланысты «Ойыл уәлаятының» үкіметі таратылып, оған осы кезге дейін бағынып келген Батыс Қазақстанның қазақтар мекендеген жерлері аталған бөлімшенің қарамағына берілді» [7].

Қызметі	Жаханша Досмұхамедов	Халел Досмұхамедов	Уәлитхан Танашев
Алаш автономиясы			
Кеңес үкіметі			
Қорытынды ой:			

Ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарына Алаштағы және Кеңес үкіметіндегі қызметтерін талдай отырып, баға береді. Қорытынды ой тұжырымдайды.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалауда ұлттық телеарналардан көрсетіліп жүрген «Оян, қазақ!», «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Қаныш. Қазына» көркемфильмдерін, «Беймәлім Алаш» деректі фильм сериясынан «Беймәлім Уәлитхан Танашев» және басқа да соңғы уақытта көрсетіліп жатырған фильмдерді ұсынып, оқушыларға талдатуға болады.

«Оян, қазақ!» кинофильмін талдауға арналған парақ	
Фильмнің басты идеясы	
Фильмнің мықты тұстары	
Фильмде сізді ойландырған сәттер	
Режиссерға сұрағыңыз	
Режиссерға ұсынысыңыз	

Жас ерекшеліктеріне қарай осындай тапсырмалар жоғары сынып оқушыларына тиімді және бұл тапсырма функционалдық сауаттылыққа жетелейді. Оқушылардың жыл бойы жинақталған білімі нәтижесінде «Дейін және кейін» кестесін толтыруға тапсырма беріледі. Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі. Не өзгерді? «Дейін және кейін» кестесі:

«Дейін»	«Кейін»
Алаш қозғалысына дейінгі қазақ елінің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы	Алаш қозғалысынан кейінгі қазақ елінің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Қорытынды.

Қазақстан тарихы пәнінен Алаш тақырыбын оқытуда азды-көпті тәжірибемізбен бөлістік. Егер ұстаз өз сабақтарына жауапкершілікпен қарап, түрлі тапсырмалар беріп қызықтыра алса білім сапасы да жоғарылайтыны байқалды.

Айталық, 8-сыныптарда білім сапасы 73-тен 78% -ға, 10-сыныптарда 81-ден 86% -ға, 11-сыныптарда 86-90% -ға көтерілді. Оқушылардың пәндік олимпиада, ғылыми жоба байқаулары мен әртүрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстарға қатысу белсенділігі артты.

Қорыта келсек, тапсырмаларды орындауда оқушылардың алған білімдерін қолдана алуы, мәтіннен негізгі ойды анықтай алуы, тарихи тұлғалар туралы фильмдерге талдау жасай білуі сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, бастысы тарихи саналылыққа жетелейді. Ал тарихи санасы жетілген жеткіншек болашақта өз Отанын сүйетін елжанды болып тәрбиеленетіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z174>

2. Абдулаев Э.Н. Деятельностный подход в преподавании истории в рамках требований нового стандарта // Преподавание истории в школе. –Москва, 2012. №1. 3-7 б.

3. Қазақстан тарихы (XX ғасырдан екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін): Оқулық. / Редакциясын басқарған З.Е.Қабылдинов). –Алматы, «Атамұра». 2019.-39-42 б.

4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы: Атамұра, 1998. -360 б. –Б. 33.

5. Арыстанов М. Қ. Бостандықтың жасыл туы // DANA qaz журналы. –Орал, 2017. № 3-4 (34).

6. Алаш туы қандай болды? // <https://e-history.kz/kz/news/show/1086>

7. Сүлейменова Д.Д. Жаһанша Досмұхамедов һәм қазақ автономиясы. - Алматы: Арыс, 2018. -73 б.



АЛЬФА ҰРПАҒЫ: БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Рахимжанова Аружан Сериковна
Бастауыш сынып мұғалімі «Астана қаласы
әкімдігінің Жамбыл Жабаев атындағы №4
мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК

Аңдатпа

Альфа ұрпағы – 2010 жылдан кейін дүниеге келген балалар, олар қазіргі заманның цифрлық дәуірінде өсіп, сандық технологияларға жақын ұрпақ болып табылады. Бұл балалардың ойлау, қабылдау және білім алу тәсілдері бұрынғы ұрпақтарға қарағанда өзгеше. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдеріне қазіргі оқушылармен тиімді жұмыс істеу үшін жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану қажет. Мақалада Альфа ұрпағының психологиялық ерекшеліктері, олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру әдістері, сабақтарда қолдануға болатын жаңа тәсілдер қарастырылады.

Аннотация

Альфа-поколение — это дети, родившиеся после 2010 года, которые растут в

цифровую эпоху, окруженные современными технологиями. Интерес этих детей к гаджетам, интернету, социальным сетям и цифровым технологиям значительно выше, чем у предыдущих поколений. Для таких детей традиционные методы обучения могут быть недостаточными, и поэтому педагогам необходимо применять новые подходы и методы, чтобы эффективно взаимодействовать с ними. В статье рассматриваются психологические особенности Альфа-поколения, методы повышения их интереса к обучению, а также подходы, которые помогут развить творческие способности учащихся начальной школы.

Тірек сөздер

Альфа ұрпағы, бастауыш сынып, цифрлық технологиялар, шығармашылық қабілеттер, оқу әдістері, геймификация, интерактивті сабақтар.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер тек оқу бағдарламалары мен оқыту әдістеріне ғана емес, балалардың даму ерекшеліктеріне де байланысты. Қазіргі оқушылар, әсіресе мен қарастырған бастауыш сынып оқушылары, Альфа ұрпағы деп аталады. Олар цифрлық ортада өскен балалар, олардың сандық технологияларға деген қызығушылығы мен дағдылары ерекше. Бұл балалар үшін дәстүрлі оқыту әдістері жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан мұғалімдер жаңа тәсілдер мен құралдарды пайдалану арқылы балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға тиіс.

Альфа ұрпағының өкілдері тез өзгеретін ақпараттық кеңістікте өмір сүріп жатқандықтан, олардың оқуға деген көзқарасы да өзгеше. Сабақтардың қызықты әрі мотивация беретін болуы олардың оқуына оң әсерін тигізеді. Бұл мақалада Альфа ұрпағының ерекшеліктері, олармен жұмыс істеудің тиімді әдістері, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларын оқу процесіне тарту жолдары қарастырылады.

Мақалада қолданылған әдістер арасында әдеби талдау, педагогикалық тәжірибеге негізделген бақылаулар және зерттеу жұмыстары бар. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдар туралы нақты пікірлер мен ұсыныстар ұсынылды. Мақалада оқу процесінде қолданылатын жаңа технологиялар мен әдістерді тиімді пайдалану мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, Альфа ұрпағын оқытудың психологиялық ерекшеліктері мен олардың білім алу тәсілдері қарастырылды.

Альфа ұрпағы деген кімдер?

Альфа ұрпағы – 2010 жылдан кейін туған балалар. Бұл ұрпақ цифрлық дәуірде, технологиялармен қоршалған әлемде өскен балалар болып табылады. Олардың сандық технологияларға деген қызығушылығы өте жоғары, олар жаңа гаджеттермен, смартфондармен, планшеттермен ерте танысып, ақпаратты тез қабылдайды. Альфа ұрпағының өкілдері ақпаратты тек тыңдап қана емес, көру, сезіну және интерактивті түрде қабылдайды.

Альфа ұрпағының басқа ұрпақтардан басты айырмашылығы – олардың ақпаратты өңдеу қабілеті мен жылдамдығы. Бұл ұрпақтың балаларын оқыту процесі дәстүрлі әдістермен ғана шектелмей, жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануды талап етеді.

1-кесте. Альфа ұрпағының ерекшеліктері


Ерекшелік	Түсініктеме
Цифрлық технологияларға жақындық	Альфа ұрпағы ақпаратты цифрлық құралдар арқылы тез қабылдайды және технологияларды ерте меңгереді.
Жылдам ақпаратты өңдеу	Олар ақпаратты тез қабылдайды, алайда ұзақ мерзім бойы бір тақырыпта тоқталу қиын болуы мүмкін.
Интерактивті оқыту әдістері	Оқушыларды қызықтыру үшін ойындар, мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар маңызды рөл атқарады.
Шығармашылық қабілеттері	Шығармашылық жұмысты орындауға қызығушылық танытады, олардың идеяларын білдіруге ынталандыру керек.
Әлеуметтік дағдылар	Топтық жұмыс, жобалық тапсырмалар олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Альфа ұрпағымен жұмыс жасау ерекшеліктері

Альфа ұрпағының өкілдерімен жұмыс жасау үшін оқыту әдістерін бейімдеу керек. Олардың зейінін сақтау және тиімді білім алу үшін сабақтарда цифрлық құралдар мен ойын элементтерін қолдану қажет. Оқушыларды дәстүрлі әдістермен ғана емес, жаңа құралдармен қызықтырып, олардың жеке тұлғалық дамуын қолдау керек.

Бастауыш сынып оқушыларының дамуында шығармашылық қабілеттердің маңызы зор. Олар өздігінен жаңа идеяларды тауып, шешімдер қабылдай алады. Осыған орай, балаларға өз ойларын еркін айтуға мүмкіндік беріп, шығармашылық жұмыстарды енгізу маңызды. Альфа ұрпағының психологиялық ерекшеліктері. Альфа ұрпағының психологиясы қазіргі заманға сай өзгеше. Олар тез өзгереді, ақпаратты жылдам қабылдайды және әртүрлі ортада жұмыс істеуге қабілетті. Алайда олардың назарын ұзақ ұстап тұру қиын, себебі олар жиі технологиялық жаңалықтармен танысады. Сондықтан сабақтарды қызықты, интерактивті және динамикалық етіп ұйымдастыру маңызды.

1-диаграмма. Сабаққа қызығушылығын арттыру әдістері



Альфа ұрпағы үшін цифрлық құралдар мен технологиялар сабақтың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Интерактивті тақталар, мобильді қосымшалар, онлайн платформалар оқушылардың білімін нығайтуға көмектеседі. Сабақ барысында мынадай цифрлық құралдарды қолданамын: Google Classroom, Kahoot, Quizlet, Wordwall, D-ID, Zipgrade сияқты қосымшалар оқушылардың білімін тексеруге, оларды белсенді қатысуға ынталандырады.

Геймификация әдісін қолдану. Геймификация – бұл ойын элементтерін оқыту процесіне енгізу. Оқушыларға ойын түрінде тапсырмалар беріп, әр тапсырманың нәтижесіне қарай ұпай жинауға мүмкіндік беру олардың мотивациясын арттырады. Бастауыш сынып оқушыларына сабақтарды ойын түрінде ұсыну оларды белсенді оқуға жетелейді.

Шығармашылық жұмыстар. Альфа ұрпағы шығармашылық жұмыстарды жақсы көреді. Сурет салу, жазу, бейнемазмұн жасау – осының бәрі балалардың жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беріп, олардың қиялын дамытуға мүмкіндік беру сабақтың қызықтылығын арттырады.

Жобалық жұмыстар мен топтық тапсырмалар. Оқушыларға жобалық жұмыстар мен топтық тапсырмалар беру олардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Бұл әдіс оқушылардың өзара әрекеттесуіне, идеяларын бөлісуіне және мәселелерді шешуге көмектеседі. Жобалық жұмыс барысында оқушылар әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз ойларын практикалық тұрғыдан іске асырады.

2-кесте. Жүргізілген зерттеулер мен практикадағы маңызы

Зерттеулер	Альфа ұрпағының ерекшеліктері мен олардың оқу әдістерін зерттеген ғалымдар (мысалы, МакКриндл, Уотсон, Терези) бұл ұрпақтың цифрлық құралдар мен ойын элементтерін қолдану арқылы білім алуын оңтайландыратынын дәлелдеді.
Практика	Оқу процесінде цифрлық технологиялар, геймификация, шығармашылық тапсырмалар мен топтық жобалар оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, оларды белсенді әрі шығармашыл болуға ынталандырады.
Тиімді қолдану	Бұл әдістер оқушыларды оқу үдерісіне тартып, олардың білім алу мотивациясын жоғарылатуға көмектеседі, әрі олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Ұсыныстар:

1. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану: Сабақтарда мобильді қосымшалар мен интерактивті тақталарды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру керек.
2. Геймификацияны енгізу: Оқушыларға ұпай жинау жүйесі мен марапаттар беру арқылы оларды белсенді оқуға ынталандыру қажет.
3. Шығармашылық тапсырмаларды көбейту: Оқушылардың қиялын дамытатын шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар беру олардың жеке тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады.
4. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру: Топтық жобалық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамыту керек.
5. Оқушылардың пікірін тыңдау: Оқушылардың жеке көзқарастары мен идеяларын тыңдап, оларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыру қажет.

Қорытынды

Альфа ұрпағының өкілдерімен тиімді жұмыс жасау үшін заманауи оқыту әдістерін қолдану өте маңызды. Олардың цифрлық технологияларға деген жақындығы мен ақпаратты тез қабылдауы оқу процесінде жаңа тәсілдерді талап етеді. Бастауыш сынып оқушыларын қызықтыру үшін ойын әдістерін, шығармашылық жұмыстарды және цифрлық құралдарды тиімді пайдалану қажет. Оқушыларды өз пікірлерін білдіруге, топпен жұмыс істеуге ынталандыру олардың білім алу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А. Аренова Интернет-технологии в процессе обучения //Начальная школа Казахстана.- Алматы, №2-2003,
2. К. Мулдабекова Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, Алматы, 2014
3. Н. Айдар «Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері», 2020 ж.
4. <https://ernur.kz/tarbiye/alfa-balalar-2010-zhyldan-bastap-tughan-balalardy-urugha-bolmaidy>
5. <https://joinup.kz/kk/news/vsegda-lyuboznatelnye-vsegda-onlajn-chem-eshhe-otlichaetsya-pokolenie-alfa-i-kak-uzhe-sejchas-vliyaet-na-puteshestviya-kz/>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА КӨРКЕМ ЖАЗУ: БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУЫНА ЖОЛ АШУ



**Саметова А.А. - Астана қаласы әкімдігінің
«Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-
гимназия» ШЖҚ МКҚ, бастауыш сынып
мұғалімі**

Аңдатпа: «Бастауыш сыныпта көркем жазу: баланың шығармашылық дамуына жол ашу» мақаласы оқушылардың жазу дағдыларын дамыту және олардың шығармашылық қабілеттерін ашу мәселелеріне арналады. Мақалада көркем жазудың мәні, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудағы рөлі, шығармашылық тапсырмалардың тиімділігі мен педагогикалық әдістемелер қарастырылады. Баланың жазу қабілетін дамытуда шығармашылық тапсырмаларды пайдалану арқылы, оның ойлау, қиялдау және өзіндік пікірін еркін жеткізу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын көрсетіледі.

Сонымен қатар, балалардың көркем жазу арқылы өз эмоцияларын, көзқарастарын және сезімдерін жеткізуге мүмкіндігі болатыны айтылады. Бұл мақала мұғалімдер мен білім беру саласында жұмыс істейтін мамандар үшін бастауыш сыныптарда шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған пайдалы әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: көркем жазу, шығармашылық даму, жазу дағдылары, педагогикалық әдістемелер, шығармашылық тапсырмалар.

Аннотация: статья “Художественное письмо в начальной школе: путь к творческому развитию ребенка” посвящена вопросам развития письменных навыков учащихся и раскрытия их творческих способностей. В статье рассматриваются сущность художественного письма, роль в развитии языка младших школьников, эффективность творческих заданий и педагогических методик. Показаны пути формирования у ребенка навыков мышления, воображения и свободного выражения собственного мнения посредством использования творческих заданий в развитии его способности к письму. Кроме того, говорят, что дети имеют возможность выражать свои эмоции, отношения и чувства посредством художественного письма. Данная статья предлагается в качестве полезного методического пособия для учителей и специалистов, работающих в сфере образования, направленного на развитие творческих способностей в начальных классах. Ключевые слова: художественное письмо, творческое развитие, навыки письма, педагогические методики, творческие задания.

Бастауыш сынып кезеңі – баланың танымдық дамуы мен шығармашылық қабілеттерінің негізі қаланатын ерекше кезең. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру, олардың ойлау қабілетін жетілдіру, қиялын дамыту үлкен маңызға ие. Көркем жазу – баланың шығармашылық әлеуетін ашып, оны еркін түрде өз ойын білдіруге үйрететін тиімді әдіс болып табылады. Қазақ тілін үйретуде көркем жазу оқушылардың жазба тілін дамытуға ғана емес, олардың шығармашылық ойлауын, сөздік қорын, сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыруға да мүмкіндік береді.

Көркем жазу бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл кезеңде балалар тек жазу дағдыларын үйреніп қана қоймай, сонымен қатар өз ойын, сезімін еркін әрі көркем түрде жеткізуге үйренеді. Көркем жазу арқылы оқушылар өздерінің әдеби дүниетанымдарын кеңейтеді, қазақ тілінің әсемдігі мен ерекшеліктерін тереңірек түсінеді.

Бастауыш сыныпта көркем жазудың басты мақсаты – баланың жазу қабілетін дамыту, оларды сөзбен ойлауға, сөздің нәзік мәнін түсінуге баулу. Жазу өнері балалардың ақыл-ойын шыңдайды, қиялдарының қанаттануына көмектеседі. Көркем жазу тапсырмалары баланың шығармашылық ойлауын қалыптастырады, ол жазу барысында өз ойын нақты әрі түсінікті жеткізуге ұмтылады.

Көркем жазуды оқытуда мұғалімнің рөлі ерекше. Ол оқушыларды дұрыс жазуға, дұрыс жазу құралдарын пайдалануға, тілдің әдемілігі мен көркемдігін бағалауға бағыттайды. Осы орайда түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға болады:

Әдіс-тәсілдер	Мазмұны	Мақсаты
<u>Көркем мәтіндер оқу</u>	<u>Оқушыларға қысқа әңгімелер, өлеңдер, ертегілер оқыту.</u>	<u>Оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын дамыту.</u>
<u>Тақырып бойынша әңгіме жазу</u>	<u>Оқушыларға белгілі бір тақырып беріп, сол бойынша әңгіме немесе шығарма жазу.</u>	<u>Шығармашылық қабілетті дамыту, ойлы жүйелі түрде жазуға үйрету.</u>
<u>Сурет бойынша жазу</u>	<u>Белгілі бір суретке қарап, оқушылардан қысқаша әңгіме немесе шығарма жазуды сұрау.</u>	<u>Қиялды дамыту, көркем сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</u>
<u>Дәйексөздермен жұмыс</u>	<u>Оқушыларға белгілі дәйексөздерді оқытып, оларды өз түсінігінше жазуға тапсырма беру.</u>	<u>Әдеби тілде ойлау қабілетін қалыптастыру, мәтінмен жұмыс істеу.</u>
<u>Топтық жұмыс</u>	<u>Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа жазбаша тапсырма беру.</u>	<u>Бірлескен жұмыс арқылы шығармашылықты ынталандыру.</u>

Диктанттар мен жаттығулар

Мысал:

Диктант – «Табиғаттың таңғажайып сұлулығы» атты мәтін:

Оқушыларға табиғаттың көрінісін сипаттайтын мәтін беріледі. Мысалы: «Қыста қар жауып, ағаштардың бұтақтары ақ түске боялады. Күн шыққанда қар жарқырайды, ал құстар қалықтап ұшады.» Оқушы бұл мәтінді тыңдап, дұрыс жазуға тырысады. Бұл диктант балалардың сөздерді дұрыс жазуына және тыныс белгілерін дұрыс қоюына көмектеседі.

Тақырып бойынша шығармалар жазу

Мысал:

Оқушыларға тақырып ретінде «Менің сүйікті жануарым» немесе «Жазғы демалысым» берілгенде, олар өз ойларын көркем түрде жазады.

Мысалы, оқушы жазуы: «Менің сүйікті жануарым – мысық. Ол өте сүйкімді әрі ақылды. Әр кеш сайын мен оны ойнауға шақырамын. Ол менің жанымда болып, қуаныш сыйлайды.»

Көркем әдеби шығармаларды талдау

Мысал:

Мұғалім оқушыларға белгілі бір қазақ жазушысының шығармасын оқып, сол шығарманың стилі мен тілін талдауды ұсынады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі туралы талдау жасағанда, оқушылар шығарманың басты тақырыбын, кейіпкерлердің мінез-құлқын, жазушының қолданған тілдік құралдарын зерттейді.

Бұл әдіс балалардың әдеби талдау жасау дағдыларын қалыптастырады, әрі жазу мәдениетін игереді.

Картиналар мен суреттерге қарап жазу

Мысал:

Мұғалім балаларға табиғаттың немесе адамдардың суретін көрсетеді және сол суретке қарап жазу тапсырады. Мысалы, оқушыларға даладағы көріністі бейнелейтін сурет көрсетіледі: таулар, өзен, ағаштар. Оқушылар осы көріністі сипаттап, суреттегі табиғаттың көрінісі туралы өз ойларын жазуы тиіс.

Мысалы: «Көктемнің алғашқы күндері. Өзеннің жағасында ағаштар жаңа жапырақтарын ашып, таулардың басы әлі де қармен жабылған. Күн қызарып, жылы сәулелерін шашып тұр.»

Көркем жазу баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етеді. Бұл процессте баланың сөздік қорын дамыту ғана емес, сонымен қатар оның ой-санасының да дамуына көмектеседі. Өйткені жазу барысында бала өз ойын жеткізу үшін дәл әрі нақты сөздерді таңдайды, сөйлемнің құрылымын дұрыс құра білуге үйренеді.

Көркем жазу балалардың ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, жауапкершілікке деген көзқарасын қалыптастырады. Ол сондай-ақ өз қателіктерінен сабақ алуға, өзін-өзі тексеруге, өзгелердің пікірін тыңдауға үйретеді.

Бастауыш сыныпта көркем жазу жұмыстары баланың шығармашылық дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл процесс арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, қиялдарын шынайы түрде бейнелеу дағдыларын меңгереді. Көркем жазу тек тіл байлығын арттырып қана қоймай, балалардың эмоциялық интеллектін, логикалық ойлау қабілетін және өз пікірін жүйелі түрде жеткізе алуын дамытады.

Мақалада қарастырылған әдіс-тәсілдер мен шығармашылық тапсырмалардың тиімділігі оқушылардың шығармашылық потенциалын ашуға ықпал етеді. Мұғалімдер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар мен жұмыстарды ұйымдастырып, олардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Тақырып бойынша жазу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, топтық жұмыстар жүргізу сияқты тәсілдер балалардың қызығушылығын арттырып, олардың жазу мен ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық дамуына жол ашу үшін көркем жазудың маңызы зор. Бұл әдіс оқушыларға тек білім берумен шектелмей, олардың тұлғалық дамуына да әсер етеді. Мұғалімдер шығармашылық жазу

арқылы балалардың қабілеттерін дамытуға негіз бола отырып, олардың болашақта тіл мен әдебиетке деген қызығушылықтарын оята алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова, Л. Қ. Көркем жазу: бастауыш сыныптарда оқыту әдістері. – Алматы: Білім, 2020. – 135 б.
2. Абдуллина, Р. Т. Оқушылардың жазу дағдыларын дамыту: әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2019. – 170 б.
3. Қасымова, Н. А. Бастауыш сыныпта көркем жазу әдістемесі. – Алматы: Раритет, 2021. – 150 б.
4. Ахметова, С. К. Оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру. – Шымкент: Шымкент университеті, 2018. – 120 б.
5. Баймұратова, Л. Оқушыларға жазу өнерін үйрету әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 160 б.
6. Құдайбергенова, Р. Қ. Бастауыш сыныптарда шығармашылықты дамыту. – Астана: Педагогика, 2021. – 190 б.



ОҚУШЫЛАРҒА ЗАМАНАУИ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫ ҮЙРЕТУ

**Сансызбаева Альмира Берлибайқызы
Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев
атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
информатика пәні мұғалімі**

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларға заманауи қауіпсіздік технологияларын қолдануды үйретудің маңыздылығы қарастырылады. Интернет және цифрлық технологиялар кеңінен қолданылып жатқан қазіргі кезде, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі ерекше өзектілікке ие. Мақалада

оқушылардың жеке мәліметтерін қорғау, фишинг шабуылдары мен зиянды бағдарламалардан қорғану, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік, екі факторлы аутентификация сияқты маңызды тақырыптар мен қауіпсіздік технологиялары туралы түсініктер берілген. Сонымен қатар оқушыларға сандық сауаттылықты қалыптастыру және оларды қауіпсіз интернет қолданушылары болуға үйрету мақсатында практикалық сабақтар мен әдістемелік тәсілдер ұсынылады. Мақала білім беру процесінде оқушылардың киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Кілт сөздер: киберқауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік, фишинг, екі факторлы аутентификация.

Ключевые слова: кибербезопасность, информационная безопасность, фишинг, двухфакторная аутентификация.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Интернетке қолжетімділік пен жаңа құрылғыларды қолдану ауқымы кеңейген сайын, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті бола түсті. Әсіресе, оқушыларды сандық қауіпсіздік мәдениетіне үйрету маңызды. Өйткені мектеп оқушылары интернетте уақыт өткізгенде, кибершабуылдар мен ақпарат ұрлау сияқты қауіп-қатерлерге жиі ұшырайды. Сондықтан оқушыларға заманауи қауіпсіздік технологияларын түсіндіру мен оларды тәжірибеде қолдануға үйрету – заманауи білім берудің басты міндеттерінің бірі.

Цифрлық сауаттылық – ақпараттық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалана білу қабілеті. Ол тек құрылғыларды басқаруды ғана емес, интернетте мәдениетті қарым-қатынас жасауды, жеке мәліметтерді қорғауды және қауіпсіздік технологияларын дұрыс қолдануды қамтиды. Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру – олардың интернеттегі жауапты пайдаланушы болуын қамтамасыз ететін басты қадам. Мектеп қабырғасында цифрлық қауіпсіздікке үйрету арқылы балаларды келешекте туындайтын қауіп-қатерлерден қорғауға болады.

Қауіпсіздік технологияларын оқытудағы негізгі бағыттар:

1. Жеке мәліметтердің құпиялылығы. Жеке мәліметтерді қорғау – заманауи қауіпсіздік технологияларының басты қағидаларының бірі. Балаларды өздерінің жеке деректерін, соның ішінде аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі және фотосуреттерін интернетте жарияламауға үйрету маңызды. Оқушыларға мыналарды түсіндіру қажет: жеке мәліметтерді қорғау үшін сенімді пароль жасау (үлкен әріп, кіші әріп, сан және арнайы символдарды қолдану), әлеуметтік желілердегі құпиялылық параметрлерін орнату, бейтаныс адамдарға жеке ақпаратты беруден сақтану.

2. Фишинг және зиянды бағдарламалардан қорғану

Фишинг – интернет алаяқтарының кеңінен қолданатын әдісі. Олар жалған хаттар немесе сайттар арқылы адамдардың жеке деректерін алдап алады. Оқушыларды фишинг хаттарын анықтауға үйрету үшін мынадай іс-шаралар ұйымдастыруға болады: шынайы және жалған хаттарды салыстыру, бейтаныс сілтемелерді ашудың қауіптілігін түсіндіру, белгісіз файлдарды жүктеуден сақтандыру. Сонымен қатар зиянды бағдарламалардан қорғану үшін антивирустық бағдарламаларды қолданудың маңызын түсіндіру керек. Оқушыларға антивирустарды орнату және оны жаңартып отыру туралы тәжірибелік сабақтар өткізу тиімді.

3. VPN (Virtual Private Network) және Firewall қауіпсіздік технологиялары интернетте жеке мәліметтерді қорғаудың тиімді құралдары болып табылады. VPN қызметі интернетте анонимді болуға және деректерді шифрлауға мүмкіндік береді. Firewall құрылғы мен желі арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Мұғалімдер оқушыларға VPN арқылы қауіпсіз байланыс орнатуды, Firewall параметрлерін орнатуды үйретуі тиіс.

4. Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану – оқушыларды киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеудің маңызды бағыты. Оқушыларды достық сұрауларды қабылдау кезінде сақ болуға, әлеуметтік желілердегі құпиялылық параметрлерін дұрыс баптауға, желідегі агрессия мен кибербуллинг жағдайында жауапты әрекет жасауға үйрету қажет.

5. Екі факторлы аутентификация жеке мәліметтерді қорғаудың сенімді тәсілі болып табылады. Бұл әдіс парольді енгізгеннен кейін, қосымша растау (SMS код, электрондық хат немесе биометриялық деректер) арқылы пайдаланушының кім екенін анықтайды. Оқушыларды тіркеу жазбаларын екі факторлы аутентификациямен қорғау әдістеріне үйрету маңызды.

6. Оқушыларға интернетте қалдыратын сандық іздің маңыздылығын түсіндіру керек. Сандық із дегеніміз – интернетте пайдаланушының әрекеттерінен қалған мәліметтер. Бұл іздер жеке деректердің ұрлануына немесе дұрыс пайдаланылмауына әкелуі мүмкін. Оқушыларды өздерінің интернеттегі әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйрету қажет.

7. Файлдарды интернет арқылы жібергенде, олардың қауіпсіздігін сақтау маңызды. Оқушыларды сенімді платформаларды қолдануға және шифрлау әдістерін пайдалануға үйрету керек.

8. Кибершабуылдардан қорғану үшін нақты мысалдар арқылы ақпараттық қауіпсіздік ережелеріне баулу қажет. Оларды күдікті әрекеттерді анықтап, қажет болған жағдайда жауапты мамандарға хабарласуға үйрету керек.

Теориялық білімді тәжірибеде қолдану оқушылардың алған ақпаратын бекітуге мүмкіндік береді. Практикалық сабақтар барысында оқушылар:

- қауіпсіздік параметрлерін орнатуды,
- VPN және антивирустарды пайдалануды,
- фишинг хаттарын анықтауды үйренеді.

Мысалы, «Қауіпсіз пароль жасау» тақырыбы бойынша оқушыларды өздері пароль ойлап табуға және оның беріктігін тексеруге үйретуге болады.

Оқушыларға заманауи қауіпсіздік технологияларды үйрету – олардың ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың негізі. Бұл тек олардың жеке мәліметтерін қорғауға ғана емес, сонымен қатар интернетті қауіпсіз және жауапты пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасында киберқауіпсіздікке ерекше назар аудару арқылы болашақта қауіп-қатерлердің алдын алуға болады. Мұндай сабақтар оқушылардың саналы интернет қолданушысы болып қалыптасуына, ақпараттық технологияларды дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Буркова И. В. «Информационная безопасность: теория и практика», «Научный мир», 2018 г.
2. Иванова Т. А. «Кибербезопасность в образовательных учреждениях», Санкт-Петербург: «Питер», 2020 г.
3. Мухаметова Р. Ш. «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері», Алматы: «Қазақ университеті», 2019 ж.
4. Соловьев С. А. «Киберқауіпсіздік: заманауи қауіптер және қорғау әдістері», Алматы: «Ғылым», 2021 ж.

**ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН
ОҚЫТУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ**



Сапарходжаева Айгүл Пазилбековна
«Жамбыл Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназия»
Буйраева Жайна Абдашимовна
Ақмола облысы Целиноград ауданы,
Қоянды ауылы №1 Қоянды орта
мектебі, ағылшын тілі пәндерінің
мұғалімі



Көптеген салаларда барған сайын маңызды болып келе жатқан ағылшын тілін меңгерудің жаһандық қажеттілігін негізінен ағылшын тілін оқыту секторы (ELT) қанағаттандырады. Ағылшын тілі-қазіргі жаһандық байланысқан әлемдегі сауданың, академияның, технологияның және халықаралық коммуникацияның әмбебап тілі. Осы себепті, ағылшын тілін оқыту стратегиясының нарығының маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес, өйткені ол адамдар мен елдердің бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік экономикаға интеграциялану қабілетін тікелей арттырады. Ағылшын тілінің халықаралық сауда тілі ретінде кеңінен танылуы ELT секторының маңыздылығын арттыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ағылшын тілін жақсы меңгеру трансұлттық корпорацияларда жұмыс істейтін қызметкерлер үшін өте маңызды, өйткені ол тиімді трансшекаралық байланысты, келіссөздерді және топтық жұмысты қамтамасыз етеді. ELT бизнесі академиялық әлемге үлкен әсер етеді, өйткені ағылшын тілінде жұмыс істеу, әдетте, дүниежүзілік ынтымақтастық пен академиялық жетістікке жетудің талабы болып табылады.

Ағылшын тілі- бұл әлемнің көптеген оқу орындарында әртүрлі курстарда оқытылатын тіл, сондықтан зерттеушілердің қатысуы және әлемдік академиялық қоғамдастыққа үлес қосуы үшін олар тілді жетік білуі керек. Осылайша, ELT нарығы мамандар мен студенттерді ғылыми-зерттеу және академиялық мансапқа дайындау үшін қажет. ELT нарығы өзара түсіністік пен мәдениетаралық алмасуды ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Ағылшын тілін білу мәтіндердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және

ақпараттың кең ауқымына қол жеткізуді жеңілдетеді, бұл басқа шығу тегі мен мәдениеттері туралы білімді арттырады және жаһандық қауымдастықтың неғұрлым қолайлы және өзара байланысты болуына ықпал етеді.

Қоғамдық өмірдің дамуы мен басымдықтардың өзгеруі білім беру жүйесіне әсер етеді, ол өз кезегінде білім беру ұйымдарының түлектеріне қажетті білім мен дағдыларды алуға ықпал ететін оқытудың белсенді, инновациялық әдістерін енгізеді. Қазіргі шет тілін оқыту негізгі мектептегі білім беру бағдарламасын меңгерудің бірқатар талаптары мен жоспарланған нәтижелерімен белгіленеді, олар көрсетілген. Білім Беру Стандартында: әртүрлі мақсаттарға жету, негізгі құзыреттерді дамыту, олардың бірі коммуникативтік құзыреттілік-көп құрылымдық тұжырымдама, ол мыналарды қамтиды: лингвистикалық, сөйлеу, дискурстық, прагматикалық, ақпараттық, әлеуметтік-мәдени құзыреттер.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ағылшын тілі сабақтарында оқытудың әртүрлі интерактивті формаларын қолдану ықпал ететіндігін атап өткім келеді, бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады.

Тіл, оқушының біліміндегі олқылықтарды анықтауға, тілдік және мәдени білім деңгейін арттыруға, сөйлеу белсенділігін тек сыныпта ғана емес, одан тыс жерлерде де арттыруға мүмкіндік береді., студенттер мен ана тілінде сөйлейтіндер арасындағы қарым-қатынасты жеңілдете отырып, тіл табалдырығын аттауға мүмкіндік береді.

Коммуникативті құзыреттілікке сәйкес шет тілін оқытудың интеграцияланған мақсаты стандартта белгіленген шектерде ана тілінде сөйлейтіндермен шет тілінің тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасы болып табылатындығын ескере отырып, оқу процесін әр оқушы қатысатындай етіп ұйымдастыру қажет. оқу іс-әрекеті. Беру үшін оның жеке қасиеттерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеру қажеттігін айтпай кетуге болмайды. тұлғаға бағытталған оқыту.

Осылайша, студенттердің интерактивті оқыту формаларын қолдана отырып ұйымдастырылған ағылшын тілі сабақтарындағы заманауи іс-әрекеттері оқушының жеке қызығушылықтарын ескере отырып, қажетті дағдылар мен дағдыларды жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті формаларын қолдану процесінде коммуникативті құзыреттілік дамиды, бұл оқушылар мен ана тілінде сөйлейтіндердің тұлғааралық өзара әрекеттесу деңгейіндегі сызықтарды бұлдыратуға мүмкіндік береді.

Мүмкін, көптеген дәстүрлі оқу орындарында қажетті заманауи жабдықтар, компьютерлік зертханалар немесе интернетке сенімді қол жетімділік жоқ. Қаражаттың жетіспеушілігі сізге қажетті технологияны алуды қиындатуы мүмкін. Технологияны біріктіргісі келетін мұғалімдер цифрлық құралдар мен платформаларды пайдалана білуі керек. Оқыту әдістеріне технологияны енгізу қарапайым мұғалімдерді оқытуды қажет етуі мүмкін, ал кейбіреулері бұл өзгерістерге құлықсыз немесе ыңғайсыз болуы мүмкін.

Қолданыстағы оқу материалдарын технологияның оқу мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкестігін және сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мұқият қарап шығу және өзгерту қажет болуы мүмкін. Мүмкін, әр оқушының сыныптан тыс уақытта технологияға қол жетімділігі бірдей болмауы мүмкін. Қолжетімділіктің шектеулі болуына байланысты кейбір студенттерге тапсырмаларды орындау немесе онлайн іс-шараларға қатысу қиынға соғуы мүмкін, бұл оқу үлгерімі мен нәтижелерінде теңсіздікке әкелуі мүмкін.

Халықаралық сауданың әмбебап тілі қазір ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын тілін жетік білу әр түрлі тілдер мен мәдениеттердің мамандарының бірлесіп жұмыс жасауын және тиімді қарым-қатынас жасауын жеңілдетеді. Іскер адамдар көбінесе бүкіл әлем бойынша клиенттермен, серіктестермен және әріптестермен қарым-қатынас орнату үшін бүкіл әлем бойынша байланыс орнатуы керек. Жаһандық ортада ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі мүмкін болды. Бизнесті зерттеуге, жарияланымдарға және ақпаратқа арналған ағылшын тіліндегі ресурстар кеңінен қол жетімді. Ағылшын тілін жетік білу сізге көптеген ақпаратқа, нарықтық білімге және салалық тенденцияларға одан әрі қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі-көптеген іскерлік әңгімелер, келісімшарттар және транзакциялар үшін қолданылатын тіл. Келісімдер жасау, шарттарды түсіну және трансшекаралық шаруашылық операцияларында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін тілдік дағдылар қажет. Халықаралық қызметкерлер көптеген әлемдік компаниялардың жұмыс

күшін құрайды. Ағылшын тілін әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы ішкі қарым-қатынас үшін ортақ тіл ретінде қабылдау біртұтас және бірлескен жұмыс ортасын құруға көмектеседі. Халықаралық іссапарлар контекстінде ағылшын тілі жиі қолданылады. Конференцияларға, кездесулерге немесе келіссөздерге баратын мамандар жергілікті бизнес-топтармен байланыс орнатып, ағылшын тілді елдерде оңай шарлай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асмолов А. Әрекеттен ойға: мұғалімдерге арналған оқу құралы / [А.Г. Асмолов, Г. В. Бурменская, И. А. Володарская және т. б.]; өңдеген А. Г. Асмолов. — 2-ші басылым. - М.: Білім, 2010. - 152 б.
2. Казейчева А. Е. ағылшын тілі: 4-сынып оқушысының Мета-пәндік портфолиосы: оқулық. - Обнинск: Атауы, 2016. — 48 б.
3. Казейчева А. Е. ағылшын тілі: 5-сынып оқушысының Мета-пәндік портфолиосы: оқулық. - Обнинск: Атауы, 2017. — 48 б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДЕБАТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ



**Ахметбекова
Дана Жаумбаевна,**

**Сапарходжаева
Айгүл Пазилбековна**

**ағылшын тілі пәндерінің
мұғалімі**


**Астана қаласы әкімдігінің
«Жамбыл Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназия» ІШЖҚ МКК**



Пікірсайыс бағдарламасы – әлемнің 32 елінде, Еуропада, АҚШ-та және ТМД елдерінде қолданылатын оқытудың жаңа технологиясының бірі. Пікірталас 1996 жылы сәуірде СОРОС қорының жетекшілігімен басталды. Оның басты мақсаты – балалардың шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру, өзекті мәселелерді талдау. Пікірталас сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, білімін жетілдіру, әлеуметтік, белсенді тұлға қалыптастыру мақсатын қояды. Пікірсайыс білім беру бағдарламасы жаңашыл, гуманитарлық бағытта мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайтады, пәндердің интеграциясын кеңейтеді. Қазіргі кезде оқушылардың оқу барысында практикалық дағдыларды үйрету қажет. Неліктен? Өйткені біздің балалар алған білімдерін болашақ өмірінде пайдалана алады, өйткені олар ХІХ ғасырда өмір сүріп жатыр, өйткені қазір жоғары технология заманы.

«Мұғалімдер оқушылардың оқу дағдыларын дамытуда бәсекеге қабілетті болуы керек. Мен білім берудің осы бөлігіне, оның ажырамас оқу мен тәрбие екеніне тоқталғым келеді. Белсенді тұлға мета-санаға ие болып өсіп, пішімделуі керек, бұл қалай үйренуге болатынын білдіреді» [Шлейхер, 2012]3. ХХІ ғасырдағы дағдылар өзекті және жаңа емес. Мысалы, сыни ойлау және функционалдық дағдылар адамзат дамуы мен тарихының барлық кезеңінде танымал болды және қажет болды, олардың ауыл шаруашылығы, медицина және қолданбалы ғылымдар жетістіктерінде үлкен маңызы болды. Бұл жерде жоғарыда аталған дағдыларды жүзеге асыруға көмектесетін Дебат бағдарламасы туралы айта кеткен жөн. Бұл бағдарлама 1998 жылы тамызда ашылған Алматыдағы Ұлттық пікірсайыс орталығының базасында әзірленген. Ол «Ұлттық пікірталас орталығы» ҰДК әлеуметтік қоры ретінде тіркелді. Ол IDEA және Қазақстан жастары конгресінің мүшесі болды. ҰДО мақсаты өзекті мәселелерді талдауда студенттердің шығармашылық және

әлеуметтік белсенділігін арттыру болды. Пікірсайыс бағдарламасы адамзат білімінің барлық салаларындағы әртүрлі пәндерді біріктіруді ұсынады. Инновациялық білім беру бағдарламасы ретінде дебаттарды мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының профессорлары пайдалана алады. Мектепте дебат бағдарламасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленуде, өйткені ол қазіргі уақытта танымал және сұранысқа ие.



№4 мектеп-гимназиядағы дебаттардың тарихы туралы бірер сөз айтқым келеді. Біз 1998 жылы екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде белсенді ойнай бастадық. Семинарлар Астанада және басқа облыстарда өтті, турнирлер Отанымыздың барлық республикалық жерлерінде өтті. Бұл тамаша кезең болды. Біраз уақыттан кейін мектебіміздің мұғалімдері ағылшын тілінде дебат командаларын ұйымдастыруға шешім қабылдады. Бұл идеяны әкімшілік қолдады. Біздің ағылшын пікірсайыс командалары Астанада, Көкшетауда, Павлодарда, Петропавлда және ең соңында Алматыда өткен турнирлердің барлық түріне қатысты. Команданың арманы орындалды – жеңіп, Республикалық кубокқа ие болды. Бұл ұмытылмас жеңіс болды!



Дебат бағдарламасы мектеп оқушылары үшін өте тиімді және пайдалы және оның элементтерін пайдалану қажет. Ағылшын тілінің грамматикасы мен лексикасын жетік білетін, бірақ сөйлеу дағдылары төмен оқушылар кез келген нысанда бар. Біз не істей аламыз? Айта кету керек, оларда пікірталас болуы мүмкін. Пікірталастардың көптеген артықшылықтары бар, егер олар дұрыс қолданылса:

1. Сөйлеу мен тыңдауды жетілдіру;
2. Лексикалық қорды кеңейту;
3. Оқушыларға өз ойын жеткізуге көмектесу;
4. Ынтымақтастық пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту;
5. Өз көзқарасын жеткізуге үйрету;
6. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
7. Өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу;

Келесі қадам – дебатқа қалай дайындалуымыз керек. Біріншіден, тақырыпты оқушылардың сөйлеу деңгейіне, қызығушылығына және жасына қарай таңдау. Тақырып оқулық тақырыбымен байланысты болуы керек, онда лексикалық минимумды, грамматикалық материалды, күнделікті ағылшын тілін, пайдалы тілді белсендіруге болады. Содан кейін біз олардың пікірлері мен идеяларын айтуға көмектесетін бірнеше сөз тіркестерін, фразалық етістіктерді дайындауымыз керек:

- Менің пікірімше,...
- Менің ойымша,..
- Жеке айтатын болсам ...
- Бұған күмәнім жоқ, т.б. сол сияқты

Содан кейін біз суреттерді түрткі ретінде пайдалана аламыз, егер мүмкін болса, оларды пайдалану жаңа идеяларды ұсына алады.



1. Бірінші спикер бастайды



2. Қарсыластар



3. Уақыт белгілеуші



4. Төрешілердің талқылауы



5. Төрешілердің қорытындысы

Одан кейін уақытты белгілеп, оны тиімді пайдалану керек. (20-40 минут). Соңында ойынның негізгі бөлімі басталады: әр топтың жетекшілері оң және теріс мәлімдемелермен сүйемелдеуімен өз ісін ұсынады, оқушылар дауласу үшін бір уақытта ескертпелер жасайды. Мысалы, тақырып «Мектептегі буллингке қарсымыз».

1-топ: Біздің қаламыздың барлық мектептерінде кең таралған.

Бұл біздің қоғамға зиянын тигізеді, өйткені...

Мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынасты бұзады;

Тұлғаны қорлайды;

Стрестік атмосфераны қалыптастырады;

Оқушылардың мектепке баруға деген құштарлығын төмендетеді;

2-топ: Буллингті жою қиын болғанымен, оның тамыры күшті болғандықтан, ол шырмауыққа ұқсайды....

Ата-аналарды тарту;

Басқаруды белсендіру үшін;

Бұзақылыққа қарсы үгіттеу;

Қоғамдағы адамдардың айырмашылығымен күресу;

Мынау – қарсыластардың жұмысы: олар әр дәлелге түсініктеме береді,

1-топ: Иә, буллинг бар, бірақ біз оны жоюымыз керек, өйткені біз салауатты қоғамда өмір сүргіміз келеді.

2-топ: Тамырына қарамастан белсенді болуымыз керек.

Соңында 2 топтың ойыны аяқталып, жеңімпазды анықтаймыз. Осы уақытта мұғалім мен төрешілер әр топқа соңғы сұрақты қояды. Содан кейін мұғалім келесі маңызды бөліктерге назар аудара отырып, топтардың жұмысын бағалайды:

- Ақыл-ойды ұйымдастыру
- Негізгі сөз тіркестерін тиімді қолдану
- Күшті кіріспе және қорытынды дәлелдер
- Грамматикалық конструкцияларды дұрыс қолдану
- Топтық жұмыс

Сабақта үнемі және жиі дебаттарды қолдану сөйлеу дағдыларын жетілдіреді және оқушыларды өз көзқарасын дәлелдеуге және қорғауға үйретеді.

Сабақтың түрі	Саны	Сабақтың тақырыбы	Уақыты
Кіріспе	1. Сабақ	1. Сабаққа басталуы;	15 мин
	2. Сабақ	2. Дәріс: «Мектептегі буллингке қарсымыз»;	30 мин
Дайындығы	3. Сабақ	3. Дебатты ойнау;	45 мин
	4. Сабақ	4. Өз деңгейіндегі сұрақтарды қояды, топтық жұмыс;	45 мин
Қорытынды	5. Сабақ	5. Буллингпен күресудің әртүрлі тәсілдері, оның тиімділігі мен Әтижелері;	90 мин

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстандағы пікірталас қозғалысы» журналы. Алматы, 4-5 беттер, 2005 ж.
2. Мұғалімге нұсқау, I бөлім, Астана, 117-118 бет
3. Орта сыныпта дебаттарды қолдану: <http://observatoria.rsl.ru/ru/s3/s17/s364/ok1201>
4. Ағылшын тілі сабақтарында дебатты қолдану: <https://skyteach.ru/2022/02/04/lesson-ideas-on-using-debates-in-the-classroom/>



**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ РӨЛІ**

Тулбақан Еркін
Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Аңдатпа

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда дәстүрлі әдістер барлық оқушылар үшін бірдей тиімді бола бермейді. Сондықтан жаңа технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану – оқыту сапасын жақсартудың маңызды қадамы. Жасанды интеллект сабақтарды интерактивті, жекелеңдірілген әрі қызықты етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, әдеби шығармаларды терең талдауға, жазба жұмыстарын жетілдіруге ықпал етеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл компьютерлерге және басқа да электрондық құрылғыларға адамның ақыл-ой қабілеттерін имитациялайтын технология. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект белгілі бір тапсырмаларды орындау үшін деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау және өз әрекеттерін бейімдеу қабілетіне ие.

ЖИ негізгі сипаттамалары:

- Машиналық оқыту (Machine Learning): Компьютерге нақты бағдарламалау қажет етпей, тәжірибе арқылы үйрену;
- Табиғи тілді өңдеу (NLP): Адам тілін түсініп, өңдеп, жауап беру мүмкіндігі (мысалы, аудармашылар мен чат-боттар);
- Көру қабілеті (Computer Vision): Суреттерді, бейнелерді тану және түсіну;

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесіне заманауи технологияларды енгізу арқылы оқытуды тиімді әрі қолжетімді етуде маңызды рөл атқарады. Ол оқытушыларға көмектесіп қана қоймай, оқушылардың оқу процесін жекешелендіріп, білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ЖИ білім беру ресурстарын қолдану тиімді. Ол қиын тақырыптарды қарапайым тілмен, оқушыға түсінікті етіп түсіндіреді. ЖИ күрделі пәндік ұғымдарды жеңілдетіп түсіндіре алады. Сонымен қатар, оқушылардың деңгейіне сәйкес оқу жоспарларын құруға көмектеседі. Бұл мақсатта төмендегі жасанды интеллект құралдарын қолдануды ұсынамын:

1. ChatGPT. Чат GPT күрделі тілдік ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіріп, оқушыларға түсінікті етеді. Қосымша мәліметтер беру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Әр оқушының білім деңгейіне сәйкес жауап беру мүмкіндігі бар.

2. Gemini. Gemini бір уақытта әртүрлі дереккөздерден (мәтін, сурет, дыбыс, видео) ақпаратты талдап, түсінік беруге қабілетті. Қолжетімді ақпарат көзі, яғни оқушылар әдебиет терминдерді немесе анықтамаларды жылдам түсіндіру үшін қолдана алады.

3. AIBERT. WhatsApp арқылы жұмыс жасайтын бот. Кез келген сұрағыңызға жауап беріп, мәтін жазсаңыз суретін жасап береді

Сценарий арқылы сөйлейтін аватар жасау. Сценарий арқылы сөйлейтін аватарларды білім беру процесінде қолданудың тиімділігі оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақтарды интерактивті әрі нәтижелі етеді. Мұндай технологиялар оқытуда бірнеше маңызды артықшылық береді:

1. Көңіл бөлуді арттыру

Сөйлейтін аватарлар оқушылардың назарын аударады және ұзақ уақыт бойы олардың қызығушылығын сақтайды. Бұл әсіресе кіші жастағы оқушылар үшін маңызды. Мысал: Аватар белгілі бір кейіпкер ретінде сөйлеп, сабақ материалын қызықты оқиға арқылы жеткізеді.

2. Күрделі тақырыптарды жеңілдету

Сценарий арқылы түсіндірілетін сабақтар күрделі тақырыптарды оңай түсіндіруге мүмкіндік береді. Аватарлар мысалдар келтіріп, визуалды элементтер арқылы ақпаратты жеңілдетеді.

3. Жеке оқыту мүмкіндігі

Оқушылар аватар арқылы өз деңгейіне сәйкес сценарийлермен жұмыс істей алады. Бұл оқытуды жекелендіріп, әр оқушының білім алу жылдамдығын ескеруге мүмкіндік береді. Мысал: Аватар әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындап, оқушыға кері байланыс береді.

4. Жеке оқыту мүмкіндігі Оқушылар аватар арқылы өз деңгейіне сәйкес сценарийлермен жұмыс істей алады. Бұл оқытуды жекелендіріп, әр оқушының білім алу жылдамдығын ескеруге мүмкіндік береді.

Мысал: Аватар әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындап, оқушыға кері байланыс береді.

Сценарий арқылы сөйлейтін аватарлар оқыту процесін жандандырып, оқушылардың білімін тереңдетуге ықпал етеді. Олар әр түрлі пәндерде қолданылып, сабақтарды тиімді, шығармашылық және қызықты етеді. Voki, Plotagon, Elai, D-ID, Fliki немесе Mimic Production сияқты платформалар мұндай аватарларды жасау үшін қолайлы құралдар болып табылады.

Биология сабағында ЖИ-ті тестілер мен білім тексеру үшін қолданады. Автоматты бағалау жүйелерін қалыптастырады. Оқушылардың тест жауаптарын талдап, олардың деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті викториналар, сабақ барысында қызықты тест сұрақтарын құрады. Тест жасайтын жасанды интеллект (ЖИ) құралдары оқыту мен білімді тексеру процесін автоматтандырып, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді. Мұндай платформалар оқу процесін тиімдірек және жылдам ұйымдастыруға көмектеседі.

2. MidJourney. Өнер туындыларын жасауға бейім. Жоғары сапалы фантастикалық

немесе креативті стильдегі суреттер ұсынады.

3. Copilot. Ашық бастапқы кодты құрал, оны жеке мақсаттар үшін теңеуге болады. Көркем өнерден бастап, фотосурет стиліне дейінгі алуан түрлі жанрларда сурет салып береді.

Сабақта ЖИ құралдарын пайдаланудың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Тәжірибе байқаған мысалдарды ұсынамыз:

Артықшылықтары:

Жекелеңдірілген оқыту. ЖИ оқушылардың қабілетіне қарай тапсырмалар мен сұрақтарды реттей алады. Салыстырмалы түрде әлсіз оқушыларға базалық түсіндірме, ал үздіктеріне тереңдетілген материал ұсына алады.

Деректерді жылдам өңдейді. Биологиялық деректерді талдап, нақты нәтижелерді көрсете алады. Графиктер мен диаграммаларды автоматты түрде жасайды.

Уақытты үнемдейді. Ұстаздарға дайын сабақ материалдарын ұсынады. Қайталанатын тапсырмаларды автоматтандырады.

Кемшіліктері:

Барлық мектептерде ЖИ құралдарын қолдану үшін қажетті техника (компьютер, интернет) болмауы мүмкін.

Жиі интернетке тәуелділік оқыту процесін тежейді.

Тек ЖИ-ге сүйену оқушылардың өзіндік ойлау және зерттеу қабілеттерін төмендетуі мүмкін.

Тым оңай жауап табу шығармашылықты азайтуы мүмкін.

Қате деректерді қолдану қауіптері бар.

Автоматты бағалау жүйелері кейде оқушылардың нақты білімін дұрыс бағалай алмауы мүмкін.

Жеке көзқарас пен креативтілікті бағалауға қабілетсіз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ЖИ құралдарын пайдалану оқу процесін тиімді әрі қызықты етуге үлкен мүмкіндік береді. Алайда, олардың енгізілуі барысында техникалық, этикалық және әдістемелік мәселелерді ескеру қажет. Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін ЖИ құралдарын дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлесімді түрде қолдану маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі / Жұбанов Қ., Әлімжанова Г. – Алматы: Мектеп, 2019.

2. Инновациялық технологиялар және қазақ тілі мен әдебиеті пәні / Құдайбергенова К. – Алматы: Ғылым, 2021.

3. Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен шектеулер / Ахметов С. – Нұр-Сұлтан: Білім баспасы, 2022.

4. Educational AI: Transforming Teaching and Learning / Luckin, R. – Routledge, 2020.

5. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning / Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. – MIT Press, 2019.

6. Machine Learning and Language Processing for Education / Jurafsky, D.

БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР: МЕКТЕПТЕ БАҒДАРЛАМАЛАУДЫ ҮЙРЕНУДІҢ ПАЙДАСЫ



Тулегенова Жанар Нуртазиевна
Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев
атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
информатика пәні мұғалімі

Аңдатпа

«Білім мен дағдылар: Мектепте бағдарламалауды үйренудің пайдасы» атты мақалада мектеп оқушыларына бағдарламалау тілдерін үйренудің көптеген пайдасы қарастырылады. Бағдарламалау дағдылары балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, сыни көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар тек техникалық салада ғана емес, күнделікті өмірде де маңызды

рөл атқарады. Мақалада бағдарламалау арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін арттыру, ақпараттық технологияларға деген қызығушылығын ояту, әрі олардың болашақта сұранысқа ие мамандықтарға даярлығын қамтамасыз ету мүмкіндіктері талқыланады. Сондай-ақ, бағдарламалауды үйрену мектеп оқушыларына проблема шешу, алгоритм құру және тапсырмаларды жүйелі түрде орындау дағдыларын меңгеруге септігін тигізеді.

Кілт сөздер: бағдарламалау, ақпараттық технологиялар (IT), аналитикалық ойлау. Ключевые слова: программирование, информационные технологии (IT), аналитическое мышление.

Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі – ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты жаңа білім мен дағдыларды игеру. Технологиялардың дамуы жасанды интеллектінің өмірдің барлық салаларына енуіне мүмкіндік берді, оларды түсіну және басқару үшін білім мен дағдылар қажет. Мектеп жасындағы балалар үшін бағдарламалау – тек технологиялық оқыту емес, сонымен қатар логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерді дамыту, проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолы. Бағдарламалауды үйрену балаларға болашақта қосымша мүмкіндіктер ұсынуға және сондай-ақ маңызды жеке қасиеттерді дамытуға көмектеседі: логика, жүйелі ойлау, шыдамдылық, мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қоя білу.

Зерттеу әдістемелері аясында, мектепте бағдарламалауды оқытудың түрлі тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, оқушылардың бағдарламалау дағдыларын жетілдірудің тиімді жолдарын анықтау үшін мынадай әдістер қолданылады:

- Логикалық ойындар мен тапсырмалар арқылы бағдарламалау принциптерін түсінікті ету;
- Жобалық оқыту әдістемелерінің қолданылуы;
- Сұрақ-жауап, топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы сындарлы оқу тәсілдерін енгізу.

Осылайша, тапсырмалар оқу процесінде оқушылардың бағдарламалау негіздерін меңгере алатындығына көз жеткізу мақсатында сараланып, практикалық түрде пайдаланылады.

Педагогикалық тәжірибе барысында бағдарламалау қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, балалардың бағдарламалау негіздерін үйренуі олардың аналитикалық және логикалық ойлау қабілеттеріне оң әсер етеді. Бағдарламалауды үйрену барысында оқушылар компьютерлік ғылымның негізгі ұғымдарымен танысып, алгоритмдер мен деректерді өңдеу әдістерін біледі.

Мектепте бағдарламалауды үйренудің пайдасына толығырақ тоқталайық.

1. Оқу процесіне көмек көрсету. Бағдарламалау – бұл тек код жазу ғана емес, сонымен

қатар тапсырмаларды шешудің және мақсатқа жетудің ерекше тәсілі. Бағдарлама немесе қосымша жасаудан бұрын, бағдарламалаушы техникалық тапсырма жазады, онда барлық процесс егжей-тегжейлі сипатталады және мақсаттарға жету жоспары құрылады. Балалар ерте жастан бастап стандартты емес және қиын тапсырмаларды шешуге дұрыс тәсілмен қарауды үйренеді, бұл оқу барысында өте пайдалы болады.

Балалар бағдарламалауды 6 жастан бастап үйрене алады. Қазіргі заманғы визуалды конструкциялар тіпті мектепке дейінгі балаларға да ұнайды. Себебі мұндай бағдарламаларда оқуды білудің қажеті жоқ, бірінші онлайн-ойынды жасау немесе кейіпкерлердің қозғалыс алгоритмін құру үшін тек блоктарды дұрыс ретпен орналастыру жеткілікті.

2. Қызықты хобби. Баланың IT саласында маман болуды таңдауы міндетті емес. Мүмкін, оған музыка, гуманитарлық ғылымдар немесе спорт қызықтырақ болар. Бағдарламалауды үйрену балаларға күрделі технологиялардың жұмысын түсінуге мүмкіндік береді және ойын немесе қосымша жасау процесін ішінен көруге көмектеседі. Егер бала компьютерлік ойындарға қызығатын болса, бағдарламалаудың негіздерін үйрену оған өзіне ұнайтын ойынның құрылымын жақсырақ түсінуге және ойын индустриясында мүмкіндіктерді көруге көмектеседі. Әсіресе, виртуалды әлемге еніп кеткен жасөспірімдер үшін бұл өте маңызды. Танымал ойын платформаларын зерттеу, мысалы, өз ойын версиясын жасауға мүмкіндік беретін құралдар, балаларды ойын әзірлеушілер әлеміне жол ашады.

3. Шығармашылықты дамыту. Өзінің онлайн-ойынын құру мүмкіндігі, кез келген ғимаратты немесе тұтас әлемді тұрғызу балалардың қиялын дамытып, шығармашылық ойлауын ынталандырады. Митч Резни, балаларға арналған Scratch бағдарламалау тілінің авторы, шығармашылықты әртүрлі бағдарламалау құралдарымен дамытуға болады деп есептейді. Scratch – бұл программалау тілі және визуалды орта, онда тіпті бала да кодты пазл ретінде жинақтай алады. Визуалды конструкцияларда онлайн-ойындардан басқа, мультфильмдер, кейіпкер анимациялары немесе 2D/3D нысандары жасауға болады. Өз онлайн жобаларын құру барысында бала өз идеяларын білдіріп, шығармашылық тұлға ретінде өзін ашады.

4. Жаңа қарым-қатынас ортасы. Бағдарламалауды үйрену немесе онлайн-жоба жасау процесінде балалар бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасап, ортақ мақсаттарға жету үшін бірге жұмыс істейді, топта жауапкершілікті бөлуге үйренеді. Бұл балаларға өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезініп, командалық мақсаттарды шешуде басқаларға көмек көрсетуге үйретеді.

Бағдарламалауды топпен үйреніп жатқан балалар тез арада ортақ тіл табысуға және жалпы оқу процесіне енуге үйренеді. Ал өз ойындарын немесе қосымшаларын жасай бастаған балалар өз құрбыларымен оңай тіл табыса алады, олар да бағдарламалауға қызығушылық танытады.

5. Бағдарламалау – бұл қызық! Бағдарламалау – мүмкіндіктер мен технологиялар әлемі. Бағдарламалау тілдері – бұл кез келген идеяны жүзеге асыратын құралдар: онлайн-ойындар, қосымшалар, бағдарламалар, үш өлшемді нысандар және тағы басқалар.

Баланы бағдарламалауға үйрету үшін біз қарапайым визуалды конструкцияларға назар аударуға кеңес береміз:

- Kodu Game Lab: балаларға кодтың құрылымын түсінуге және алғашқы онлайн-ойындарын жасауға көмектеседі.

- Scratch: әртүрлі жанрдағы онлайн-ойындар жасауға үйретеді, мультфильмдер, анимациялар және тіпті презентациялар құруды көрсетеді.

- Python in Minecraft: IT саласындағы ең танымал бағдарламалау тілін таныстырады, 9 жастан асқан балаларға арналған.

- Lua in Roblox: JavaScript-ке ұқсас жеңіл оқылатын код, бастаушы бағдарламалаушылар үшін тамаша таңдау.

- C# in Unity: бағдарламалық қамтамасыз ету, ойындар және мобильді қосымшалар жасау үшін қолданылады. [7]

Бұл ресурстарды пайдалана отырып, мұғалімдер оқушылардың креативтілігін

дамытуға, бағдарламалау тілімен ашық түрде жұмыс істей білуге мүмкіндік береді. Топтық жобалар мен конкурстар ұйымдастыру оқушылардың ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға және оларды іс жүзінде бағдарламалаудың нақты артықшылықтарымен таныстыруға септігін тигізеді.

Мектепте бағдарламалау оқыту жүйесін жетілдіру үшін келесі ұсыныстарды ұсынар едік:

- Бағдарламалауды оқыту курстарын енгізу, оның ішінде оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, түрлі бағыттарда мамандандыру;
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін семинарлар мен тренингтер өткізу;
- Оқушыларды жетілдіру үшін олимпиадалар мен конкурстар өткізу;
- Оқу бағдарламасына бағдарламалау тақырыбын интеграциялау, оған математикалық және ғылыми білімдерді қосу.

Зерттеу нәтижесінде, бағдарламалау дағдыларын меңгеру деңгейі төмен оқушылардың алған бағаларының артқаны, олардың оқу үлгерімінің бір қарағанда көтерілгені көрінеді. Және де, бағдарламалау шеберлігінің дамытылуы жасөспірімдердің болашақта кластерлік ойлау, креативтілік және топта жұмыс істей білу сияқты дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Мектепте бағдарламалауды үйрену бүгінгі қоғамдағы маңызды қажеттілікке айналды. Бұл оқыту тек IT-саласындағы біліктілікті арттырумен шектелмей, оны әр түрлі бағытта жүзеге асыруда түбегейлі бағыттарды ашады. Бағдарламалау сауаттылығы мен дағдыларын қалыптастыру балалардың логикалық, креативті, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытумен қатар, болашақта мектеп түлектерінің кәсіптік бағдарларын таңдау кепілдемесі болады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Резни. Scratch: Бағдарламалау тілін балаларға үйрету. 2017ж. Москва: Просвещение.
2. Кэрл Вордерман, Джон Вудкок, Шон Макаманус. «Программирование для детей», 2018г.
3. В.А.Евсеев. Программирование для детей: Как научить школьников решать задачи с помощью кода. 2016г., Москва: Наука.
4. С.Гудвин. Программирование для детей: От азов до создания игр. 2015г., Санкт-Петербург: БХВ-Петербург.
5. М.М.Петрунина. Программирование в школе: Теория и практика обучения. 2018г., Алматы: Дәуір.
6. <https://allsoft.ru/news-soft/5-prichin-detyam-izuchat-programmirovanie/?srsltid=AfmBOoq0RHkw9Yi8cmYHmErN4Nl3rDv-Mrbb7TbqB8CwE9rfr6aZ2wIB>

«ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН МЫСАЛДАР МЕН ТӘМСІЛДЕР» ФАКУЛЬТАТИВ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ, ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Узбен Айна

Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МҚК.,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Аңдатпа

Мақалада 5-сыныпқа арналған «Құндылыққа негізделген мысалдар мен тәмсілдер» факультативтік бағдарламасы қарастырылды. Бағдарлама ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушылар бойына дарытуға, сыни ойлау мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған. Абай, Ахмет, Ыбырай шығармалары мысалға алынып, проблемалық оқыту, шығармашылық тапсырмалар орындату, рефлексия жасату әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері бағдарламаның оқушылардың рухани дамуына, құндылықтарды игеруіне, шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен білім сапасын арттырудағы маңыздылығы дәлелденді.

Кілтті сөздер: жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, құндылықтарды игеру

Ключевые слова: общечеловеческие ценности, национальные ценности, усвоение ценностей

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып отыр. Қоғамның рухани-адамгершілік әлеуетін арттыру және жас ұрпақтың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында 5-сыныпқа арналған «Құндылыққа негізделген мысалдар мен тәмсілдер» факультативтік бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт – сапалы білім беру» ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағытталған. Қазіргі кездегі жаһандық өзгерістердің болуы, ғылым мен техниканың ерекше қарқынмен дамуы ұрпақ қалыптасуына ықпал етіп жатқандықтан, рухани толысқан тұлғаны дамыту білім берудің маңызды нысанына айналууда. Сондықтан бала тәрбиесінде ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра отырып, оқушыға білім мен тәрбие беруде адами құндылықтардың салмағын сақтап қалу, оны дәріптеп ұрпақ бойына сіңіре білу бағдарламаның өзектілігін айқындайды. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылына арналған ұлттық және адами құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен өзектестігі де бағдарламаның маңыздылығын дәлелдейді.

Бағдарламаның мақсаты – оқушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды таныта отырып, мысалдар мен тәмсілдер арқылы оқушы бойына адами құндылықтарды дарыту, олардың сыни ойлау қабілетін дамыту, құндылықтарды күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Бағдарламаны жазуда Қазақстан Республикасының білім беру стандарттары, нормативтік құжаттар және оқу бағдарламалары негізге алынды. Пайдаланылған мәліметтерді жинау мен талдаудың ғылыми тәсілдері қолданылды. Әдістемелік құралдар ретінде бағдарламаның мазмұнын құрылымдау мен күнтізбелік тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспарлары алынды. Сабақ барысында проблемалық сұрақтар қою, шығармашылық жұмыс түрлерін орындату тапсырмалары мен әдеби-теориялық талдау, салыстырмалы зерттеу әдістері пайдаланылды. Оқушылардың ынтымақтастық пен өзара

түсіністік қабілеттерін арттыратын жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлері қызықты әрі қолжетімді әдістермен берілді. Әр сабаққа пайдаланылатын мәтін QR код арқылы берілді. Бағдарлама мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылды. Абай Құнанбайұлының, Сәбит Дөнентаевтың, Спандияр Көбеевтің, Ахмет Байтұрсынұлының, Дулат Бабатайұлының мысал өлеңдері мен Ыбырай Алтынсариннің тәмсілдері енгізілді. Әдеби мұралар арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамыды, адамгершілік қасиеттерге баулу әрекеті жүзеге асты. Мысалы, Абайдың «Есек пен бұлбұл» мысалынан моральдық-этикалық мәселелер мен өмірлік маңызды ойларды талқылап, үйренген құндылықтарды «Құндылықтар тақтасына» жазды: өнерді бағалау, құрмет көрсету, өзін-өзі таныту, мінез-құлықтың маңызы, төзімділік, сынға жауапкершілік.

«Қарға мен түлкі» мысал өлеңінен ұлттық ерекшеліктер мен қоғамның өзекті мәселелерін талдап, мақтаншақтық пен алданғыштықтың зиянын білді, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, сырттан келген мақтау сөздерге сын көзбен қарау керектігін ұғынды, әрдайым ақылмен әрекет етіп, шынайы бағалауды үйренуі тиіс екенін түсінді, алдап-арбаудың салдары әрқашан өкінішке әкелуі мүмкін екенін ұғынды. Ыбырай Алтынсариннің «Әдеп» тәмсіл әңгімесінен әдептілік пен кішіпейілділік қоғамның дамуы үшін өте маңызды қасиеттер екенін ұғынды. Әкімнің қарапайым мұжыққа құрмет көрсетуі – бұл әдептіліктің шынайы үлгісі, ал шектен тыс кішіпейілділік адамның мүддесін әлсіретуі мүмкін екенін түсінді.

Ыбырай атамның «Білгеннің пайдасы» тәмсіл әңгімесінде шеге соғуды мазаққа үйренген баланың сол өнері болашақта өмірін жеңілдеткені баяндалады. Сол арқылы оқушылар әрбір үйренген істің ерте ме, кеш пе пайдасын тигізетінін түсінді. «Білгенің өміріңді жеңілдетеді. Өмірде әр адамның бір өнерді үйренуі өте маңызды. Білім мен дағды кез келген қиындықты жеңуге көмектеседі. Мысалы, заманауи өмірде технологияны меңгеру немесе жаңа тілді үйрену – үлкен артықшылық. Мұндай дағдылар қиын жағдайларда көмекке келеді және табысқа жетудің кілтіне айналады. Сондықтан әрбір үйренгенің – болашаққа салған жол іспетті. Білім мен өнер ешқашан артық болмайды. Жаңашылдыққа ашық болу және өмір бойы үйренуге ұмтылу – өмірді жеңілдетудің және табысты болудың басты жолы» екеніне көз жеткізді. Еңбекқорлық, білімге ұмтылу, тәжірибенің маңыздылығы, алдағы уақытты болжай білу сияқты құндылықтарды бойына сіңірді.

«Асыл шөп», «Тәкаппарлық» сияқты тәмсіл әңгімелерін оқу арқылы оқушылар тәкаппарлықтан аулақ болу, кішіпейілділік, ақылға құлақ асу және еңбек ету мен қарапайымдылықтың құндылығын түсінді.

Зерттеу барысында бағдарламаның оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытудағы рөлі жоғары екені анықталды. Олардың өз құндылықтарын айқындап, өз әрекеттеріне рефлексия жасай алатын тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасайтыны байқалды. Үйренген құндылықтарын күнделікті өмірде қолдана алу дағдысы да қалыптасқаны көрінді. Сондай-ақ оқушылар адами құндылықтардың маңыздылығын ұғынды, өз әрекеттерінде құндылықтарды басшылыққа алып, өмірлік жағдайларда ақылмен дұрыс шешім қабылдауға үйренді, басқаның пікірін құрметтеу дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар мысалдар мен тәмсілдерді оқу арқылы балалардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеті (сахналық көрініс қою, комикс жасау, мысал немесе тәмсіл жазу) дамыды, әдебиетке деген қызығушылығы арта түсті. Оқушылардың білім сапасы көтеріліп, түрлі әдеби конкурстарға қатысу саны мен сапасы артты.

Бағдарлама оқу процесінде тиімді қолданылуы үшін келесі әдістер ұсынылады:

- Проблемалық оқыту: Оқушыларға мысалдар мен тәмсілдердегі негізгі ойды өз бетімен талдап, тұжырымдауға мүмкіндік беру.
- Топтық жұмыс: Оқушылардың ынтымақтастығын арттыру мақсатында жұптық және топтық талқылаулар ұйымдастыру.
- Шығармашылық тапсырмалар: Мысалдар немесе тәмсілдерді сахналық қойылымға айналдыру, иллюстрация салу, комикс жасау сияқты тапсырмалар беру.
- Рефлексия: Сабақ соңында оқушылардан қандай құндылықтарды түсінгенін және оны өмірде қалай қолданатынын жазбаша немесе ауызша түрде айтқызу.

Бұл әдістер бағдарламаның тәжірибелік құндылығын арттырады және оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануына ықпал етеді. Бағдарламаға енгізілген авторлардың мысалдары мен тәмсілдерінің тәрбиелік мәні талданып, оқушыларға қызықты әрі қолжетімді әдістер арқылы жеткізілді. Атап айтатын болсақ, Сәбит Дөнентаевтың «Бозторғай» мысал өлеңін талдату барысында топтық жұмыс кезінде «Салыстырулар мен қарама-қарсы суреттеулерді анықтау» тапсырмасы арқылы төмендегі кестені толтыртамыз.

Салыстырулар	Қарама-қарсы суреттеулер	Негізгі идея
1. Бозторғайдың әділдік іздеуі мен құстардың немқұрайлығы	Бозторғай (әлсіз, әділдік іздейді); Қырғи (қатігез).	Әлсізді қолдамау – әділетсіздіктің белгісі.
2. Бүркіттің құс патшасы ретіндегі рөлі мен оның әділдікке селқостығы	Бозторғай (үміттенеді); Бүркіт (бейқам).	Әділдік күткен адамның үмітін ақтау маңызды.

Салыстырулар мен қарама-қарсы суреттеулер арқылы өлеңнің негізгі идеясын түсінеді. Өз ойларын өмірмен байланыстырып, тәрбиелік мәнін ашады.

Жұптық жұмыс кезінде «Қақтығыстар мен олардың шешімін» табу тапсырмасы арқылы бозторғайға кездескен қиындықтарды талдап, олардың шешу жолдарын анықтайды, бозторғай әрекетін өмірмен байланыстырып, ғибратты анықтайды. Жеке жұмыс барысында салыстырулар арқылы шығармашылық тапсырма орындайды. «Әділдік іздеген бозторғай» тақырыбында қазіргі қоғамдағы әділетсіздікке қатысты шағын әңгіме жазады немесе сурет арқылы бейнелейді. Шығармашылық тапсырманы «Автор орындығына» отырып қорғайды.

Сабақ соңында оқушылар «Құндылықтар тақтасына» мысалдан түйген «әділдік, бір-біріне қолдау көрсету, әлсізге көмектесу, мейірімділік» сынды құндылықтар атауын жазады. «Әлсізді қолдамау – әділетсіздіктің белгісі», «Әділдік күткен адамның үмітін ақтау маңызды» екеніне көз жеткізеді.

Спандияр Көбеевтің «Қасқыр мен тырна» мысал өлеңін талдау кезінде оқушылар шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуын анықтау үшін төмендегі кестені толтырады.

Сюжеттік бөлік	Шығармалан мысал	Қысқаша сипаттама
Кіріспе	«Қомағай қасқыр өлімтікке жолығып...»	Қасқырдың ашығып жүргені және өлімтік табуы баяндалады.
Байланыс	«Қасқыр тырнаға сүйекті алып бер деп өтініш айтады.»	Қасқыр тырнадан көмек сұрап, сүйекті шығарып беруін өтінеді.
Шиеленісуі	«Тырна қасқырдың аузына басын тығып, сүйекті зорға алды.»	Тырна үлкен қиындықпен қасқырдың сүйегін алады.
Шарықтау шегі	«Қасқыр тырнаға ашуланып, алғыс айтпай қуып жібереді.»	Қасқыр шүкірлік етудің орнына қиянат көрсетеді.
Шешім	«Қасқыр алғыс айтпай, тырнаны ренжітіп жібереді.»	Жақсылыққа лайықты алғыс айтпау мәселесі көрінеді.

Келесі тапсырмада мысалдағы негізгі идеялар мен проблемаларды анықтау үшін «FILA» әдісін қолданады.

F (Фактілер)	I (Идеялар)	L (Үйренуге тиіс сұрақтар)	A (Әрекеттер)
Қасқыр аштықтан сүйек жұтып қояды.	Адамдар жақсылыққа шүкірлік етуі керек.	Жақсылық жасаған адамға неге алғыс айту қажет?	Басқаның көмегіне құрметпен қарау.
Тырна сүйекті шығарып, көмек береді.	Жақсылыққа қиянат жасамау керек.	Қиянат жасау адамдарға қалай әсер етеді?	Қарым-қатынасты мейірімділікке негіздеу.

Шығармашылық тапсырмада оқушылар «Жақсылық жасауға асығайық» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазады, рефлексия жасау барысында жақсылыққа алғыс айту, қиянаттан аулақ болу, қанағатшылдық, әділдік сияқты құндылықтарды айқындайды.

«Құндылыққа негізделген мысалдар мен тәмсілдер» факультативтік бағдарламасы – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушылар бойына дарытудың тиімді әдісі. Бағдарлама мазмұны мен әдістемесі жас ұрпақтың рухани дамуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта мектеп қабырғасында жүрген цифрлық ұрпақ өкілдерінің құндылықтарға көзқарастары үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан да зерттеу нәтижелері құндылыққа негізделген бағдарламаның білім беру жүйесіндегі маңызды орын алатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. «Кел, балалар, оқылық» – Алматы: «Алматыкітап», 2023 ж.
2. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО қолдану мәселелері» – Алматы, 2013.
3. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш» – Алматы: «Атамұра», 2003 ж.
4. Бабатайұлы Д. «Шығармалары мен тағылымы» – Алматы: «Раритет», 2003 ж.
5. Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арналған оқулық» – Алматы: «Рауан», 1997ж.
6. Дөнентаев С. «Бозторғай» – Алматы: «Жазушы», 1989 ж.
7. Көбеев С. «Үлгілі тәржіме» – Алматы: «Атамұра», 2003 ж.
8. Құнанбаев А. «Өлең – сөздің патшасы» – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2006 ж.
9. Қабдолов З. «Сөз өнері» – Алматы: «Өлке», 2014 ж.
10. Ибрагимов И, А. Елубаева, С. Смақов, Қалық Д. «Қадам» – «Астана-кітап», 2021 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАСЫРЫН ҚАБІЛЕТТЕРІН АШУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЛОГИКАНЫҢ РӨЛІ

Куссева Ф.К.

Әр баланың бойында ерекше қабілеттер мен дарындылық бар. Бірақ кейбір балалар өз мүмкіндіктерін бірден көрсетсе, басқалары үшін оларды ашуға уақыт пен қолдау қажет. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту арқылы оның жасырын таланттарын анықтауға және жетілдіруге болады.

Математикалық логика – ойлау икемділігін арттырып, баланың интеллектуалды әлеуетін толық ашуға көмектесетін маңызды құрал. Ол оқушының талдау жасау, себеп-салдарлық байланыстарды түсіну, жүйелі ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Математикалық логика және жасырын қабілеттерді анықтау
Логикалық ойлау баланың түрлі қабілеттерін байқауға мүмкіндік береді:

Қиын жағдайларда шешім қабылдау қабілеті

Жылдам ойлау және шапшаң әрекет ету дағдысы

Шығармашылық және стандартты емес ойлау қабілеті

Өз ойын дәлелді түрде жеткізе білу

Мысалы, бала берілген есепті стандартты әдіспен шешудің орнына өзіндік ерекше тәсілін қолданса, бұл оның аналитикалық қабілеттерінің жоғары екенін көрсетеді.

Логика арқылы жасырын қабілеттерді ашу жолдары

1. Баланың ойлау жүйесін бақылау

Әр бала есептерді әртүрлі тәсілмен шешеді. Мұғалім мен ата-ана баланың ойлау үрдісін мұқият бақылап, оның ерекше дағдыларын анықтауы керек.

Мысалы:

Егер бала есептің бірнеше шешімін тауып жатса, бұл оның шығармашылық ойлау қабілеті жоғары екенін көрсетеді.

Егер бала бір есепті шешуге ерекше тәсіл қолданса, оның логикалық ойлау жүйесі ерекше дамыған.

Баланың осындай қабілеттерін байқап, оны әрі қарай жетілдіруге жағдай жасау керек.

2. Баланың қызығушылығын ескеру

Балалар өздеріне ұнайтын нәрселермен айналысқанда жақсы нәтиже көрсетеді. Сондықтан олардың қандай есептерді немесе тапсырмаларды ұнататынын байқау маңызды.

Мысалы:

Кейбір балалар сандармен жұмыс істегенді ұнатады – олар есептеуге бейім.

Басқалары геометриялық фигуралармен ойнауды жақсы көреді – олар кеңістіктік ойлауға қабілетті.

Логикалық ойындар мен жұмбақтарды шешуге құмар балалар стандартты емес ойлауға бейім.

Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, балаға ең қолайлы тапсырмаларды беру керек.

3. Түрлі ойлау дағдыларын дамыту

Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін оған тек қана сандармен емес, кеңірек ойлануды талап ететін тапсырмалар беру қажет.

Қолдануға болатын әдістер:

Логикалық тізбектерді жалғастыру

Қисынды сұрақтар қою

Күнделікті өмірдегі мәселелерді шешуді үйрету

Оқиғаның дамуын болжауға үйрету

Мысалы:

Мұғалім “егер дүкенде нан 150 теңге болып, сенде 500 теңге болса, қанша ақша

қайтарылады?” деген сұрақ қойып, баланың ойлау процесін бақылай алады.

4. Логикалық ойындар мен тапсырмалар қолдану

Балалардың қабілеттерін ашу үшін логикалық ойындарды қолдану өте тиімді.

Танымал логикалық ойындар:

“Сандар пирамидасы” – сандар арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі.

“Логикалық жұмбақтар” – баланы жылдам ойлануға үйретеді.

“Қайсысы артық?” – заттарды салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты табуға үйретеді.

“Шахмат және басқатырғыштар” – стратегиялық ойлауды дамытады.

Логикалық ойындар арқылы балалар өз қабілеттерін еркін көрсетуге мүмкіндік алады.

5. Баланың өз бетінше ойлауына мүмкіндік беру

Кейде балаларға дайын жауап берудің орнына, оларға өз шешімдерін табуға уақыт беру керек.

Мысалы:

Егер бала есепті шешуге қиналса, оған бірден жауапты айтудың орнына, қосымша сұрақтар қою арқылы дұрыс шешімге бағыттау қажет.

Егер бала жаңа идея ұсынып жатса, оны қолдап, одан әрі дамытуға көмектесу керек.

Бұл тәсіл баланың өзіндік пікірін қалыптастыруына және сенімділігін арттыруға көмектеседі.

6. Қателіктерден сабақ алу

Балалардың ойлау қабілетін дамытуда олардың қателіктерді дұрыс қабылдауы маңызды.

Бала есепті дұрыс шығармаған жағдайда оны ұрыспай, қателігін өз бетімен табуға бағыттау қажет.

Қателерді түзету арқылы бала жаңа тәсілдерді іздеуді үйренеді.

Мұғалім мен ата-ана “Қателесу – үйренудің бір бөлігі” екенін түсіндіруі керек.

Қателіктерін мойындап, олардан сабақ алған бала логикалық тұрғыдан тез ойлауды үйренеді.

7. Топтық жұмыс арқылы қабілеттерді анықтау

Балалар бір-бірімен жұмыс істеген кезде өз қабілеттерін еркін көрсетеді.

Топтық жұмыстың артықшылықтары:

Балалар өз ойларын жеткізуді үйренеді.

Басқа пікірлерді тыңдауға дағдыланады.

Түрлі шешімдерді талқылап, ең тиімдісін таңдауға үйренеді.

Мысалы:

Мұғалім сыныпты бірнеше топқа бөліп, логикалық есептер береді.

Әр бала өз шешімін ұсынғанда, оның ойлау қабілеті байқалады.

Кейбір балалар ұйымдастыру қабілетін көрсетсе, басқалары жылдам есептеуге бейім болуы мүмкін.

Осылайша, топтық жұмыс арқылы әр баланың жеке ерекшеліктері айқындалады.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының жасырын қабілеттерін ашу – мұғалім мен ата-ананың маңызды міндеттерінің бірі.

Математикалық логика арқылы баланың:

Ойлау жүйесін,

Шығармашылық қабілетін,

Жаңа шешім табу дағдысын,

Өз пікірін дәлелдеу қабілетін анықтауға болады.

Логикалық есептер, ойындар мен тапсырмалар балалардың интеллектуалды әлеуетін ашып, олардың өзіндік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ең бастысы – әр баланың ерекше екенін түсініп, оның жеке мүмкіндіктерін қолдау.

«ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН 2-СЫНЫП

Медеуова Бахыт Сағатбекқызы
Астана қаласы «Ж.Аймауытұлы атындағы
№24 орта мектеп» ШЖҚ МҚК
Бастауыш сынып мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың тәсілдері қарастырылады. Ұсынылып отырған жинақ оқушының қазақ тілінде еркін, қатесіз сөйлеп, терең ойлануын қамтамасыз ететін тапсырмалар қамтылған. Жинақтың ерекшелігі-пәнді терең меңгеруін қамтамасыз ететін арнайы жұмыс дәптерімен жасалған.

Кіріспе

Қазақ тілі – ұлттың рухани байлығы мен мәдени мұрасының негізі. Сондықта бастауыш сынып оқушыларында қазақ тіліне деген қызығушылықты қалыптастыру – мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың тиімді тәсілдері талданады.

«Қызықты қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешен мына бөліктерді қамтиды:

1. Оқыту бағдарламасы
2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
3. Қысқа мерзімді жоспар
4. Жұмыс дәптері

Мазмұны

1. Кіріспе
2. «Қызықты қазақ тілі» бағдарламаның күнтізбелік - тақырыптық жоспары
3. Қысқа мерзімді сабақ жоспарлар
4. Сабақта қолданатын әдіс-тәсілдер
5. Қалыптастырушы бағалау түрлері
6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімдерінен тұрады.

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып отыр. Себебі оқушылардың сауаттылығы бастауыш сыныпта қалыптасады. Жоғары сынып оқушыларының оқу, жазу сауаттылықтарының төмен болуы бастауыш сыныпта жүргізілген жұмыстың олқылығынан орын алып отырғандығынан туындауда. Сауатты жазу - заман талабы. Сондықтан болашақ дамудың инновациялық жолы жаңаша ойлауды, жаңа идеялар мен технологияны меңгеруді, алға қадам басып ұмтылуды талап ететінін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының қажеттіліктерін толықтыру мақсатында жинақ құрастырылды. Қазіргі мектеп мұғалімдері үшін өзекті мәселе – оқушылардың өзін-өзі дамытуы үшін пәнге деген қызығушылығын арттыру. Бұл мақсатты іске асырудың бірден-бір жолы – оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу.

Сабақ жоспарларының жинағы 2-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері мен «Қызықты қазақ тілі» факультативтік курсының бағдарламасы қалыптасқан, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгерген, алған тілдік білімдерін өмір жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ тапсырмалар жаңартылған білім негізінде құрастырылған.

Оқушылардың білімін, білігін, дағдысын қалыптастырып қоймай, оқушы тұлғасын дамытып, тәрбиелейді.

Жинақ 2-сынып оқушыларына арналған. Оқу-әдістемелік кешенді бастауыш сынып мұғалімдері қолдана алады.

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сейдахметова Жанат Мыктыбековна,
Астана қаласы Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-
гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі
педагог-зерттеуші**

Сәндік-қолданбалы өнер – халықтың тұрмысымен, салт-дәстүрімен, мәдениетімен тығыз байланысты өнер саласы. Бұл өнер түрі ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Сәндік-қолданбалы өнер ұлттық құндылықтарды бейнелейтін, халықтың дүниетанымын көрсететін маңызды мәдени мұра болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердің ерекшеліктері. Сәндік-қолданбалы өнердің басты ерекшеліктерінің бірі – оның тұрмыстық өмірмен тығыз байланысы. Бұл өнер түрі қолөнер шеберлері жасаған бұйымдардың әсемдігімен ғана емес, олардың күнделікті өмірде қолданылуымен де құнды. Оның негізгі ерекшеліктері:

Тарихи сабақтастық – әр бұйымда халықтың дәстүрі, өмір салты, наным-сенімі көрініс табады.

Эстетикалық мәні – бұл өнер түрі тек тұрмыстық қажеттілікті ғана емес, сонымен қатар көркемдік талғамды да дамытады.

Қолөнер шеберлігі – әр туынды автордың ерекше шеберлігі мен ұлттық стильді сақтай отырып жасалады.

Материалдардың табиғилығы – сәндік-қолданбалы өнерде көбіне табиғи материалдар (ағаш, металл, мата, саз, тері, жүн) қолданылады.

Ұлттық құндылықтармен байланысы. Сәндік-қолданбалы өнер халықтың ұлттық құндылықтарын сақтаушы және таратушы құрал ретінде үлкен рөл атқарады. Ол ұлттық мәдениеттің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алады. Мысалы:

Киіз үй жабдықтары (текемет, алаша, сырмақ, кілем) – қазақ халқының көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты.

Зергерлік бұйымдар (білезік, жүзік, алқа, шолпы) – ұлттық нақыштағы әшекейлер халықтың әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді.

Қыш өнері, ағаш және металл өңдеу – тұрмыстық заттар мен қару-жарақтар жасау дәстүрінің көрінісі.

Киім-кешек және ою-өрнек – ұлттық киімдердегі өрнектер мен түстер халықтың символикалық ой-өрісін бейнелейді.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері ғасырлар бойы дамып, өзіне тән ерекшеліктерін қалыптастырған. Ою-өрнек – қазақ қолөнерінің ең басты элементтерінің бірі. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері «қошқар мүйіз», «түйе табан», «сыңар өркеш» сияқты өрнектермен ерекшеленеді.

Зергерлік өнер де қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі болып саналады. Қазақ әйелдерінің әшекейлері – сырға, білезік, жүзік, алқа – олардың мәртебесін, әлеуметтік орнын білдіретін маңызды заттар болған.

Ағаш өңдеу және тері илеу өнері де қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алған. Ағаштан жасалған бұйымдарға сандық, кебеже, бесік, торсық сияқты күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар жатады.

Сәндік-қолданбалы өнердің маңыздылығы. Сәндік-қолданбалы өнердің маңыздылығы оның мәдени, әлеуметтік және экономикалық рөлінен көрінеді.

Сәндік-қолданбалы өнер ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Ол халықтың тарихын, салт-дәстүрін, дүниетанымын бейнелейді. Бұл өнер арқылы қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен рухани құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Сәндік-қолданбалы өнер халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Ол адамдардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті нығайтады. Сонымен қатар, бұл өнер түрі халық шеберлерінің кәсіби шеберлігін дамытып, жастарды

ұлттық өнерге баулуға ықпал етеді.

Қазіргі кезде сәндік-қолданбалы өнер ұлттық экономикаға да оң әсерін тигізеді. Қолөнер бұйымдары ішкі және сыртқы нарықта үлкен сұранысқа ие. Туристік индустрияда ұлттық нақыштағы өнімдер танымалдылыққа ие болып, еліміздің мәдени мұрасын насихаттауға көмектеседі.

Бүгінде сәндік-қолданбалы өнер дәстүрлі әдістермен ғана емес, заманауи технологиялармен де жасалады. Қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы бұйымдарды жаңа стильде жасап, оны әлемдік нарыққа шығарып жатыр.

Дизайнерлер мен шеберлер қазақтың дәстүрлі өнерін заманауи сән әлеміне енгізіп, киім-кешек пен әшекей бұйымдарда ұлттық нақышты қолдануда.

Туристік салада ұлттық қолданбалы өнер бұйымдары ерекше сұранысқа ие, бұл еліміздің мәдени мұрасын кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Ұлттық нақыштағы бұйымдар заманауи интерьер дизайнның, киім сәнінде, зергерлік өнерде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, бұл өнер түрі туристік индустрияда үлкен сұранысқа ие болып, ұлттық мәдениетті насихаттауда маңызды рөл атқаруда.

Сәндік-қолданбалы өнерді дамыту жолдары. Сәндік-қолданбалы өнерді дамыту үшін бірнеше маңызды қадамдар қажет:

Жастар арасында қызығушылықты арттыру – мектептер мен жоғарғы оқу орындарында сәндік-қолданбалы өнерді үйрететін арнайы бағдарламалар енгізу.

Қолөнер шеберлерін қолдау – мемлекет тарапынан гранттар мен қаржылық көмек көрсету.

Халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыру – ұлттық өнерді жаһандық деңгейде таныстыру.

Туризм саласымен байланыстыру – қазақ қолөнер бұйымдарын туристік бренд ретінде дамыту.

Болашақтағы перспективалар. Сәндік-қолданбалы өнердің болашағы оның заманауи қоғаммен үйлесімді дамуына байланысты. Цифрлық технологиялар мен дәстүрлі қолөнерді біріктіру арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылып, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға жол ашылады. Әлемдік трендтерді ескере отырып, қазақ сәндік-қолданбалы өнері халықаралық деңгейде танымал бола алады.

Қорыта айтқанда, сәндік-қолданбалы өнер – халықтың рухани және мәдени мұрасын келер ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы. Ол ұлттық құндылықтарды сақтап қана қоймай, оларды заман талабына сай жаңғыртып, дамытуға да мүмкіндік береді. Сондықтан бұл өнер түрін қолдау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың міндеті. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері ұлттың тарихы мен мәдениетінің айқын бейнесі болып қала береді.

АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ: ҮЛЕСІМДІ ДАМУ ЖОЛЫ

«№102 орта мектеп» КММ
Нысанбаева Сандикул Жунисалиевна
география пәнінің мұғалімі педагог-зерттеуші

Адамзаттың табиғатпен байланысы ежелден бері үздіксіз жалғасып келеді. Табиғат – адам өмірінің қайнар көзі, оның материалдық, рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратын орта. Алайда, ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, урбанизация және өнеркәсіптік өндірістің қарқынды өсуі табиғи тепе-теңдікті бұзып, экологиялық дағдарысқа әкеліп отыр. Бүгінгі таңда адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы тұрақтылық пен жауапкершілікке негізделуі керек. Бұл мақалада табиғаттың адам өміріндегі маңызы, оның қазіргі экологиялық жағдайы және қоршаған ортаны қорғаудың тиімді жолдары қарастырылады.

1. Табиғат – тіршілік бастауы. Табиғат – адамзаттың өмір сүруіне қажетті барлық ресурстарды ұсынатын жүйе. Ол бізге таза ауа, тұщы су, құнарлы топырақ, азық-түлік, дәрілік өсімдіктер және пайдалы қазбалар сияқты көптеген игіліктер береді. Адам табиғаттың бергенін пайдаланып, өзінің мәдениетін, өркениетін қалыптастырып келеді. Алайда, адамзат табиғат ресурстарын шексіз деп есептеп, оларды тиімсіз пайдалану арқылы экожүйеге зиян келтіруде. Мысалы, ормандардың жойылуы, топырақтың тозуы, климаттың өзгеруі және жануарлар түрлерінің жойылып кетуі – адамның табиғатқа әсерінің салдары. Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, болашақ ұрпаққа қалатын табиғи байлықтар күрт азайып, экологиялық тепе-теңдік бұзылуы мүмкін.

2. Адам әрекетінің табиғатқа әсері. Адам табиғатқа екі түрлі ықпал етеді: Оң әсері – қоршаған ортаны қорғау, орман отырғызу, табиғатты аялау, экологиялық технологияларды дамыту. Теріс әсері – ауаның, судың және топырақтың ластануы, пайдалы қазбаларды шамадан тыс пайдалану, жануарлар мен өсімдіктердің жойылуы.

Табиғатқа кері әсер ететін негізгі факторлар:

Өнеркәсіптік өндіріс – атмосфераға зиянды газдар шығарады, экожүйелерді бұзады.

Ауыл шаруашылығы – пестицидтер мен химиялық тыңайтқыштардың шамадан тыс қолданылуы топырақтың құнарлы қабатын бұзады.

Автокөліктер мен көлік жүйесі – жанармайдан бөлінетін газдар ауаның ластануына әкеледі.

Орман ағаштарының кесілуі – көмірқышқыл газын сіңіретін табиғи филтрлердің жойылуына себеп болады.

Пластик қалдықтары – табиғи ортада жүздеген жылдар бойы ыдырамай, су және топырақ экожүйесін ластайды.

Бұл әрекеттер экологиялық дағдарыстың тереңдеуіне және климаттың өзгеруіне алып келуде.

3. Экологиялық мәселелер және олардың салдары

3.1 Климаттың өзгеруі. Климаттың өзгеруі – қазіргі таңдағы ең өзекті экологиялық мәселелердің бірі. Парниктік газдардың атмосфераға көптеп бөлінуі ғаламдық жылынуға себеп болып, мұздықтардың еруіне, теңіз деңгейінің көтерілуіне, ауа-райының тұрақсыздығына әкелуде. Бұл құбылыс ауыл шаруашылығына, биоәртүрлілікке және адамдардың денсаулығына тікелей әсер етеді.

3.2 Су ресурстарының ластануы мен тапшылығы

Таза су – өмірдің негізгі көзі. Алайда, өнеркәсіптік қалдықтар, ауыл шаруашылық химикаттары және пластик ластануы су көздерінің сапасын төмендетіп, көптеген елдерде ауыз су тапшылығына әкеліп отыр.

3.3 Ормандардың жойылуы

Ормандар – Жердің «өкпесі». Ағаштар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп

шығарады. Бірақ адамзат жыл сайын миллиондаған гектар орманды кесіп, экожүйеге орасан зор зиян келтіруде.

3.4 Биоәртүрліліктің азаюы

Жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлері адамның іс-әрекеті салдарынан жойылып барады. Орманды кесу, браконьерлік, климаттың өзгеруі – олардың жойылуының негізгі себептері.

4. Табиғатты қорғау жолдары

4.1 Экологиялық сананы қалыптастыру. Адамдар қоршаған ортаның маңыздылығын түсініп, экологиялық мәдениетті дамытуы қажет. Мектептерде, университеттерде және қоғамдық орындарда экологиялық тәрбие беру маңызды.

4.2 Қайта өңдеу және қалдықтарды азайту. Қоқысты сұрыптап жинау, пластикті пайдалануды азайту және қалдықтарды қайта өңдеу – қоршаған ортаға тигізетін зиянды азайтудың тиімді жолдарының бірі.

4.3 Жаңартылатын энергия көздеріне көшу

Көмір, мұнай және газ сияқты дәстүрлі энергия көздері орнына күн, жел және су энергиясын пайдалану парниктік газдардың бөлінуін азайтады.

4.4 Ормандарды сақтау және көбейту

Ағаш отырғызу және ормандарды заңсыз кесуге тыйым салу экожүйенің тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.

4.5 Су және электр энергиясын үнемдеу. Суды шамадан тыс пайдалануды азайту, тамшылатып суару жүйелерін қолдану, электр энергиясын үнемдеу – табиғатқа жасалған үлкен көмек.

Қорыта айтқанда, адам мен табиғат – бір-бірімен тығыз байланысты жүйе. Егер адам табиғатқа ұқыпты қарап, оны қорғауға үлес қоссақ, болашақ ұрпақ үшін таза және сау орта қалдыруға мүмкіндік туады. Әрбір азамат экологиялық жауапкершілік танытып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау арқылы жалпы әлемдік мәселелерді шешуге өз үлесін қоса алады. «Табиғатты қорғау – өзіңді қорғау» деген қағиданы ұстанып, табиғатты аялау әрбір адамның парызы болуы тиіс.

ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

**Хамитова Д. Ф. ,
учитель русского языка и литературы
школы-гимназии №7 имени Гали Орманова, г.Астана**

В современном быстро развивающемся цифровом ландшафте образование сталкивается как с серьезными проблемами, так и с захватывающими возможностями. Интеграция цифровых технологий изменила способы доступа к информации, ее обработки и применения в учебном процессе. Это исследование особенно актуально для Казахстана, где темпы цифровизации образования ускорились в последние годы. Традиционные методы обучения, не утратившие своей ценности, все чаще дополняются, а в некоторых случаях и трансформируются цифровыми инструментами, которые обещают повысить результативность обучения и способствовать развитию функциональной грамотности в современном контексте.

В Казахстане неравенство в цифровой инфраструктуре остается проблемой: городские школы часто имеют доступ к самым современным технологиям, в то время как сельские учебные заведения борются с устаревшим оборудованием и ненадежной связью. Эти проблемы создают цифровой разрыв, который препятствует равным образовательным возможностям. Кроме того, появление онлайн-обучения, адаптивных образовательных

приложений и виртуальных классов требует переосмысления традиционных методов преподавания. Функциональная грамотность сегодня включает в себя не только умение читать и писать, но и способность критически анализировать информацию, эффективно использовать цифровые инструменты и творчески решать проблемы.

Сегодня функциональная грамотность подразумевает более широкий и всеобъемлющий набор навыков. Она требует умения получать, оценивать и использовать информацию из различных источников, как традиционных, так и цифровых. Например, от функционально грамотного человека требуется читать и понимать сложные документы, критически оценивать качество информации в Интернете, использовать цифровые инструменты для исследования и решения проблем. Это расширенное определение отражает реальность мира, в котором знаний много, а способность фильтровать и синтезировать эти знания крайне важна.

Развитие цифровой грамотности – важнейшая составляющая функциональной грамотности. Навыки оценки достоверности онлайн-источников, этичного поведения в сети и создания цифрового контента становятся необходимыми для академического и профессионального успеха..

Быстрая эволюция цифровых технологий преобразила образование, интегрируя традиционные методики с современными цифровыми инструментами. Традиционные методы преподавания - лекции, обучение по учебникам и непосредственное общение учителя с учащимися - давно стали основой образования. Однако традиционные подходы все еще сохраняют свою ценность. Они обеспечивают структуру, способствуют межличностному общению и формируют такие основополагающие навыки, как ведение записей и аналитическое чтение. Напротив, инновационные модели, использующие цифровые технологии, направлены на то, чтобы сделать обучение более ориентированным на учащихся и адаптивным. Цифровые инструменты позволяют создавать смешанные и перевернутые классы, в которых подача материала выносится за пределы традиционной классной комнаты, а учебное время посвящается активному обучению и решению проблем. Например, в перевернутом классе учащиеся смотрят видеолекции и работают с интерактивным контентом дома, а затем участвуют в совместной деятельности и обсуждениях во время занятий. Этот метод не только способствует более глубокому пониманию, но и позволяет преподавателям персонализировать обучение с учетом индивидуальных потребностей учащихся.

Еще одним инновационным подходом является использование обучения, основанного на исследованиях и проектах, при помощи цифровых инструментов. В этой модели учащимся предлагается изучать темы, задавая вопросы, проводя онлайн-исследования и работая над совместными проектами. Такие инструменты, как интерактивные доски, виртуальные лаборатории и программное обеспечение для совместной работы, например, Google Workspace, позволяют учащимся работать вместе независимо от их физического местонахождения. Такой переход от пассивного восприятия к активному участию не только улучшает понимание, но и развивает такие важные навыки, как критическое мышление, креативность и цифровая грамотность.

На практике многие казахстанские школы интегрировали интерактивные цифровые платформы в свою повседневную учебную деятельность. Одним из наиболее заметных подходов является использование смешанных моделей обучения, в которых учащиеся работают с мультимедийным контентом - интерактивными видео, онлайн-тестами и цифровыми симуляторами - до посещения очных занятий, где они применяют и обсуждают полученные знания. Этот метод особенно эффективен для повышения вовлеченности учащихся и закрепления ключевых концепций через активное участие.

Цифровые инструменты поддерживают непрерывное обучение и повышение квалификации педагогов. Современные программы включают цифровую педагогику, позволяющую учителям эффективно внедрять технологии в уроки с помощью платформ, таких как Moodle и Google Classroom. Эти ресурсы помогают разрабатывать увлекательные занятия, отслеживать успехи учеников в режиме реального времени и корректировать стратегии обучения.

Системы управления обучением (LMS), такие как Moodle, Google Classroom и Microsoft

Teams, стали неотъемлемой частью организации учебного контента и отслеживания успеваемости учащихся. Эти платформы позволяют учителям загружать ресурсы, проводить оценки и поддерживать связь между учащимися и преподавателями. В Казахстане, где усилия по модернизации образования являются частью национальной стратегии развития, эти системы повысили эффективность и прозрачность учебного процесса.

За последние несколько десятилетий цифровые технологии изменили структуру учебных классов. Одним из наиболее заметных изменений стало широкое распространение интерактивных досок (смарт-досок). В отличие от традиционных меловых досок, эти устройства позволяют учителям проецировать мультимедийный контент, делать аннотации в режиме реального времени и показывать интерактивные уроки, которые могут быть обновлены мгновенно. В школах интерактивные доски служат основным средством проведения уроков, включающих видео, анимацию и цифровые симуляции, которые отвечают различным стилям обучения.

Образовательные приложения также стали неотъемлемыми компонентами современных учебных классов. Такие приложения, как Kahoot!, Quizlet и Duolingo, популярны среди школьников и учителей благодаря своей способности сделать обучение одновременно веселым и эффективным. Например, Kahoot! превращает тесты в живые, соревновательные игры с мгновенной обратной связью, а Quizlet помогает закрепить словарный запас и ключевые понятия с помощью цифровых флэш-карт и интерактивных режимов обучения. Duolingo, с другой стороны, использует адаптивные алгоритмы для персонализации изучения языка, обеспечивая каждому учащемуся темп, соответствующий его способностям. Эти приложения используются не только во время занятий, но и для самостоятельного изучения, устраняя пробелы в традиционном обучении.

Одним из главных преимуществ интерактивных методов обучения является повышенный уровень вовлеченности учащихся. В классах, оснащенных цифровыми инструментами, интерактивные доски позволяют учителям задавать вопросы и приглашать учащихся к активному участию в решении задач. Такое практическое участие не только улучшает понимание материала, но и помогает учащимся эффективнее запоминать информацию. Цифровые приложения и онлайн-тесты обеспечивают мгновенную обратную связь, что очень важно для закрепления знаний и исправления неверных представлений по мере их возникновения. Цифровые технологии открывают доступ к глобальным ресурсам: онлайн-курсы, виртуальные экскурсии и приложения VR/AR позволяют знакомиться с материалами ведущих мировых университетов, расширяя кругозор и углубляя понимание сложных тем.

Интерактивные цифровые платформы также являются незаменимыми при реализации дифференцированного обучения, так как оно основано на понимании того, что каждый учащийся приходит в класс с уникальными навыками, опытом и интересами. Вместо универсальной модели дифференцированные задания позволяют педагогам варьировать содержание, процесс и результат обучения в соответствии с индивидуальными потребностями учащихся. Исследование Томлинсона (2022) подтверждает мнение о том, что когда задания подбираются с учетом различных уровней готовности, у учащихся повышается мотивация, углубляется понимание и улучшается успеваемость.

Как учитель русского языка и литературы школы-гимназии №7 имени Гали Орманова г.Астана, интегрирую цифровые технологии в учебный процесс с целью повышения эффективности обучения и дифференциации образовательных подходов.

Данный опыт демонстрирует, что интеграция цифровых инструментов в преподавание русского языка и литературы не только способствует развитию критического мышления, творческих способностей и навыков коллективной работы, но и подготавливает учащихся к жизни в условиях цифровой экономики и глобализации. Использование современных технологий позволяет создавать образовательные среды, которые отвечают вызовам современности, способствуют инклюзивности и обеспечивают равные возможности для всех учеников, независимо от их начального уровня подготовки.

Теоретический анализ показал, что функциональная грамотность в цифровую

эпоху выходит далеко за рамки базового чтения и письма. Теперь она включает в себя цифровые компетенции, критическое мышление, умение считать и решать проблемы. Эти навыки необходимы для того, чтобы ориентироваться в мире, который становится все более взаимосвязанным. Цифровые инструменты, такие как интерактивные доски, образовательные приложения, онлайн-курсы и адаптивные системы обучения, не только расширяют доступ к информации, но и поддерживают активное, персонализированное обучение и глобальное взаимодействие. Более того, новые педагогические модели, такие как «перевернутый класс», смешанное обучение и обучение, основанное на запросах, стали прямым результатом цифровой трансформации. Эти модели способствуют развитию навыков мышления более высокого порядка и создают более увлекательную среду обучения.

В заключение следует отметить, что, несмотря на сохраняющиеся проблемы, интеграция цифровых технологий в образование открывает огромные перспективы для создания более увлекательной, инклюзивной и эффективной учебной среды. Постоянные инвестиции в инфраструктуру, подготовку преподавателей и адаптивные цифровые инструменты будут иметь большое значение для полной реализации потенциала цифрового образования и подготовки учащихся к успеху в быстро развивающемся взаимосвязанном мире.

Список литературы

1. Ведникова О.В. Развитие функциональной грамотности учащихся старшей школы, 2022.
2. Борщевская А. Функциональная грамотность в контексте современного этапа развития образования//Наука и школа. - 2021. - №1. – С. 199-208.
3. Юртаева О.А. Функциональная грамотность учителя основа развития функциональной грамотности ученика//Проблемы современного педагогического образования. - 2021. - №2 (72). – С. 316-318.
4. Тумашева О.В. Готовность будущего учителя к формированию функциональной грамотности обучающихся//Вестник Мининского университета. - 2021. - №3 (36). – С. 3-6.
5. Чигишева О.П. Виды функциональной грамотности исследователя и их основные характеристики//Отечественная и зарубежная педагогика. - 2024. - №1 (4). – С. 37-53.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады.

Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-88 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы. Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-75-88 или e-mail: kosymsha20@bk.ru